



**М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ  
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**Қадыров Ж.Т., Синбаева Г.К.**

# **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫ**

*оқу-әдістемелік құрал*

**Петропавл  
2017**

С. Музаев аттигата  
с/з облытыз: забеган  
Тиниш итатхана  
сыйлытыз.

*[Signature]*  
12.01.2018.ш.

|   |           |
|---|-----------|
| Книга должна быть возвращена<br>не позже указанного здесь срока |           |
| Количество предыдущих выдач                                     |           |
| 22 / VII 22   | Садиков А |

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М. Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

**Қадыров Ж.Т., Синбаева Г.К.**

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ  
ФОНЕТИКАСЫ**

*оқу-әдістемелік құрал*

**Петропавл  
2017**

УДК 811.512.122' 342 (075. 8)

ББК 81. 2 Каз. 1

Қ 14

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік кеңесі шешімімен шығарылады (25.05.2017 ж. №11 хаттама)*

**Рецензенттер:**

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Г.Т. Қарипжанова;

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Д.Қ. Қуандықова.

**Қадыров Ж.Т., Синбаева Г.К.**

**Қ 13** Қазіргі қазақ тілі фонетикасы: 5В011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері үшін оқу-әдістемелік құралы. / Ж.Т. Қадыров, Синбаева Г.К. – Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. – 108 б.

**ISBN 978-601-322-136-6**

53815

Оқу-әдістемелік құралда қазіргі қазақ тілінің фонетикасы пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес дәріс материалдары, практикалық сабақтардың жоспары, бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, тест және жүйелі фонетикалық талдаудың үлгілері беріледі.

Оқу-әдістемелік құрал студенттер мен магистранттарға көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

УДК811.512.122' 342 (075. 8)


ББК 81. 2 Каз. 1

© Қадыров Ж.Т., Синбаева Г.К. 2017

© М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017

**ISBN 978-601-322-136-6**

*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың сапа менеджменті жүйесі ISO 9001:2008 талаптарының үйлесімділігіне сертификатталған.*



## АЛҒЫ СӨЗ

5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша қазіргі қазақ тілінің курсы жүргізіледі. Бұл курс фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис салаларын қамтиды. Соның ішінде қазіргі қазақ тілінің фонетикасы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының I курс студенттеріне 2 семестрге жоспарланған.

Тіл білімінің басқа салаларымен салыстырғанда фонетика өз нысанының тілдік қана емес, материалдық жағын да – дыбыстарды жасайтын адамның дыбыстау (артикуляция) жүйесін, яғни айтылым базасын, дыбыстың айтылымын (акустикасын), естілімін (перцепциясын) қарастырады.

Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы тіл дыбыстарын, оның ерекшеліктерін, жасалуын, қасиетін, өзгерістерін, бір-бірімен тіркесу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің саласы. Фонетиканың зерттейтіні – тіл дыбыстары. Тіл дыбыстары дыбыстау мүшелерінің қызметі арқылы жасалады, сөйлеу мүшелерінің ерекшеліктеріне қарай дыбыстардың сипаты анықталады.

«Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы» пәнінің мақсаты – тіл дыбыстарының жасалу ерекшеліктері мен қасиетін, үндесу заңдылықтарын қарастыра отырып, олардың өзгеру сипатын, тілдің сөз құрайтын мағыналы бөлшегі екендігін таныту, үндестік заңдылығы негізінде орфографиялық, орфоэпиялық дағдыларды қалыптастыру.

Қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру студенттерге тіліміздің дыбыстық жүйесін, дыбыстардың сырын дұрыс түсінуге, дыбыстардың пайда болу, өзгеру сырларын, қазіргі туыстық байланысты табуға, тілдің айту, жазу нормаларын дұрыс меңгеруге мүмкіндік береді.

Пәннің мақсатына қарай төмендегідей міндеттер қойылады:

- фонетиканың зерттеу нысаны, дамуы, қалыптасуы туралы мәлімет беру;

- қазақ фонетикасының зерттелуіне шолу жасау;

- тіл дыбыстарының ерекшеліктерін меңгерту;

- дауысты дыбыстардың топтастырылуы мен емлесін меңгерту;

- дауыссыз дыбыстардың топтастырылуы мен емлесін меңгерту;

- буын, екпін, тасымал туралы түсінік беру;

- үндестік заңы: сингармонизм және ассимиляция арқылы қазақ тілінің өзіне тән қасиетін байқату, дыбыстық өзгерістердің түрлерімен, орфография принциптерімен таныстыру;

- толық фонетикалық талдау жасасауға үйрету.

Ұсынылып отырған оқу әдістемелік құрал 5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттеріне өздігінен ізденіп, білім алуына, зерттеу жұмыстарын жүргізуге көмегін тигізеді.

## №1 дәріс

**Тақырыбы: Фонетика пәні және оның зерттеу нысаны, салалары.**

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Фонетика туралы түсінік.
2. Фонетиканың нысаны.
3. Фонетиканың салалары.
4. Фонетиканың зерттеу әдістері.

1. Адамның қоғамдағы қатынасының ең маңыздысы – тілдік қатынас. Әрбір халықтың өзіндік ерекшелігімен байланысты болатын тілдік қатынас *ауызша және жазбаша* түрде жүзеге асады. *Ауызша* тілдік қатынас *сөйлеу* арқылы орындалады. *Сөйлеу* – адамзат іс-әрекетінің ерекше формасы. Сондықтан *сөйлеу* психология, физиология, логопедия, тіл білімі, т.б. ғылымдардың қарастыратын нысаны.

*Сөйлеу* тілдік бірліктерге сүйенеді. Тілдік бірліктердің ең кішісі және негізгісі – фонемалар. Жеке тұрғанда ешбір мәні жоқ дыбыстар белгілі бір жүйемен тіркесіп сөзді құрайды, яғни сөздің өмір сүру амалы тілдік дыбыстарға тікелей байланысты болады. Кез келген тіл өзінің қалыптасқан фонемалық жүйесі арқылы қарым-қатынас құралына айналады.

**Фонетика** (гр. phone - дыбыс, phonetikos – дыбыстық) – тілдің дыбыстық жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Атап айтқанда, фонетиканың қарастыратын мәселелеріне мыналар жатады: тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың іштей жіктелуі және бір-біріне әсері, буын, екпін, тілдің дыбыстық жағы мен жазудың арақатынасы, орфография, орфоэпия, т.б. Қазақ тіл білімінің атасы А. Байтұрсынұлы фонетиканы **дыбыс жүйесі** деп алған. Әзірше бұл екеуі синоним түрінде қолданылады. Тіл мәдениеті сөздерді айтуда да, жазуда да бірізділіктің болуын талап етеді. Кезінде тіліміздің дыбыс жүйесі, дыбыс заңдары жете ескерілмегендіктен, қазіргі айту, жазуымызда ала-құлалық, ақау көп. Мысалы, алдыңғы сөйлемде кездесетін *қазір* сөзін

емлені құрметтеп, осылай жазып, айтатындармен қатар, *қазыр*, көбіне *кәзір* түрде қолдану да жарасып жүр. Олай болатыны, аралас (жуанды-жінішкелі) буынды *қазір* сөзі тіліміздің үндестік заңымен үйлеспейді. Фонетиканы жете меңгергенде ғана тіліміздің дыбыстық жүйесін, дыбыстардың сырын дұрыс түсініп, әлгіндей үйлесімсіздікке жол бермеуге болады.

2. Фонетиканың қарастыратыны тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың жасалуы, тілдің дыбыстық құрамы мен өзіндік ерекшеліктері, дыбыстардың өзара іштей жіктелуі, үндесу заңы, дыбыстардың тіркесу ерекшеліктері, сөз ішіндегі дыбыстардың үндесуі, қатар келген дыбыстардың бір-біріне әсер етуі, буын, екпін, орфография мен орфоэпия және олардың арақатынасы, дұрыс сөйлеу, сауатты жазудың принциптері, т.б. Фонетиканың ең негізгі нысаны деп **дыбысты** айтамыз. Қазақ тілінде дыбыс деген сөздің мағынасы әр түрлі. Дыбыс деген ұғым тек тіл дыбыстарына ғана айтылмайды, бізді қоршаған ортаға тән құбылыс. Жалпы дыбыс болу үшін мынадай үш түрлі шарт керек: 1) дыбыс шығаратын дене; 2) дыбыс шығаратын денені қозғалысқа келтіретін күш; 3) ауа толқырлық кеңістік. Сөйлеу тілінің дыбыстарының пайда болуына да осындай үш түрлі шарт керек: 1) дыбыс шығаратын дене – сөйлеу мүшелері, 2) қозғалысқа келтіретін күш – өкпеден шығатын ауа, 3) кеңістік – тыныс мүшелері, тамақ, ауыз мүшелері. Тіл дыбыстарының тілдік емес дыбыстардан негізгі айырмашылығы – олардың адамның сөйлеу мүшелері арқылы жасалатындығында. Дыбыстау (сөйлеу) мүшелеріне өкпе, көмей, тамақ, дауыс шымылдығы, тамақ, ауыз, мұрын қуыстары, тіл, кішкене тіл, бөбешік, тандай, тіс, ерін т.б.

Дыбыстардың пайда болуы, өзгеру сырларын білмей лексикалық та, грамматикалық та құбылыстарға ғылыми түсінік беру, өзімізге мектептен таныс қатандану, ұяндану сияқты өзгерістерді түсіндіру, қазіргі жазудың сырын түсіну қиын. Фонетика тіліміздегі бірсыпыра сөздердің пайда



болуын анықтауға, тілдердің арасындағы байланысты табуға, тілдің айту, жазу нормаларын дұрыс менгеруге мүмкіндік береді. Ана тіліндегі дыбыстардың артикуляциясын жетік білу шет тілін дұрыс менгеру үшін де өте қажет.

3. Зерттеу және сипаттау мақсатына қарай фонетика сипаттамалы, тарихи, салыстырмалы және салғастырмалы, эксперименттік, физиологиялық, фонология немесе функционалдық болып бірнеше салаға бөлінеді.

**Сипаттамалы** (синхрониялық немесе статистикалық деп те аталады) фонетика тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық жүйені қарастырады: дыбыстарды сандық, сапалық жақтан айқындау, олардың тіркесу, үндесу заңдылықтары, буын, екпін, орфоэпия мәселесі осы саланың объектісі болып табылады. Бастауыш, орталау, орта және жоғарғы оқу орындарында оқытылатын фонетика сипаттамалы фонетикаға жатады. Сипаттамалы фонетиканың негізгі тұжырымдары академик І. Кеңесбаевтың 1954 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында баяндалған. Сипаттамалы фонетиканың зерттеулеріндегі жетістіктер І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ж. Аралбаев, С. Мырзабеков, Ә. Жүнісбеков, К. Бейсенбаева, З. Базарбаева, т.б. ғалымдардың еңбектерінде айқын көрініс тапқан.

**Тарихи фонетика** (диахрониялық фонетика) – тілдің дыбыстық жүйесін тарихи тұрғыдан қарастырады. Дыбыстардың түрлері, дамуы, дыбыстық жүйедегі өзгерістер, буын, екпін, үндесу заңдылықтары әр дәуірдегі жазба ескерткіштер материалдары негізінде айқындалады.

Бүгін қазақ тілінің тарихи фонетикасы түркі тілдері тарихи фонетикасының бір саласы ретінде қалыптасу үстінде.

**Салыстырмалы фонетика** – тілдің дыбыстық жүйесін туыс тілдердің дыбыстық жүйесімен салыстыра зерттеп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын қарастырады. Мәселен, қыпшақ тілдері тобындағы қазақ тілінің оғыз тілдері тобындағы түрік тілімен қаншалықты туыстығына, олардың бір-бірінен айырмашылықтарына туыс

емлені құрметтеп, осылай жазып, айтатындармен қатар, *қазыр*, көбіне *қазір* түрде қолдану да жарасып жүр. Олай болатыны, аралас (жуанды-жінішкелі) буынды *қазір* сөзі тіліміздің үндестік заңымен үйлеспейді. Фонетиканы жете меңгергенде ғана тіліміздің дыбыстық жүйесін, дыбыстардың сырын дұрыс түсініп, әлгіндей үйлесімсіздікке жол бермеуге болады.

2. Фонетиканың қарастыратыны тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың жасалуы, тілдің дыбыстық құрамы мен өзіндік ерекшеліктері, дыбыстардың өзара іштей жіктелуі, үндесу заңы, дыбыстардың тіркесу ерекшеліктері, сөз ішіндегі дыбыстардың үндесуі, қатар келген дыбыстардың бір-біріне әсер етуі, буын, екпін, орфография мен орфоэпия және олардың арақатынасы, дұрыс сөйлеу, сауатты жазудың принциптері, т.б. Фонетиканың ең негізгі нысаны деп **дыбысты** айтамыз. Қазақ тілінде дыбыс деген сөздің мағынасы әр түрлі. Дыбыс деген ұғым тек тіл дыбыстарына ғана айтылмайды, бізді қоршаған ортаға тән құбылыс. Жалпы дыбыс болу үшін мынадай үш түрлі шарт керек: 1) дыбыс шығаратын дене; 2) дыбыс шығаратын денені қозғалысқа келтіретін күш; 3) ауа толқырлық кеңістік. Сөйлеу тілінің дыбыстарының пайда болуына да осындай үш түрлі шарт керек: 1) дыбыс шығаратын дене – сөйлеу мүшелері, 2) қозғалысқа келтіретін күш – өкпеден шығатын ауа, 3) кеңістік – тыныс мүшелері, тамақ, ауыз мүшелері. Тіл дыбыстарының тілдік емес дыбыстардан негізгі айырмашылығы – олардың адамның сөйлеу мүшелері арқылы жасалатындығында. Дыбыстау (сөйлеу) мүшелеріне өкпе, көмей, тамақ, дауыс шымылдығы, тамақ, ауыз, мұрын қуыстары, тіл, кішкене тіл, бөбешік, тандай, тіс, ерін т.б.

Дыбыстардың пайда болуы, өзгеру сырларын білмей лексикалық та, грамматикалық та құбылыстарға ғылыми түсінік беру, өзімізге мектептен таныс қатандану, ұяндану сияқты өзгерістерді түсіндіру, қазіргі жазудың сырын түсіну қиын. Фонетика тіліміздегі бірсыпыра сөздердің пайда

болуын анықтауға, тілдердің арасындағы байланысты табуға, тілдің айту, жазу нормаларын дұрыс менгеруге мүмкіндік береді. Ана тіліндегі дыбыстардың артикуляциясын жетік білу шет тілін дұрыс менгеру үшін де өте қажет.

3. Зерттеу және сипаттау мақсатына қарай фонетика сипаттамалы, тарихи, салыстырмалы және салғастырмалы, эксперименттік, физиологиялық, фонология немесе функционалдық болып бірнеше салаға бөлінеді.

**Сипаттамалы** (синхрониялық немесе статистикалық деп те аталады) фонетика тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық жүйені қарастырады: дыбыстарды сандық, сапалық жақтан айқындау, олардың тіркесу, үндесу заңдылықтары, буын, екпін, орфоэпия мәселесі осы саланың объектісі болып табылады. Бастауыш, орталау, орта және жоғарғы оқу орындарында оқытылатын фонетика сипаттамалы фонетикаға жатады. Сипаттамалы фонетиканың негізгі тұжырымдары академик І. Кеңесбаевтың 1954 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында баяндалған. Сипаттамалы фонетиканың зерттеулеріндегі жетістіктер І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ж. Аралбаев, С. Мырзабеков, Ә. Жүнісбеков, К. Бейсенбаева, З. Базарбаева, т.б. ғалымдардың еңбектерінде айқын көрініс тапқан.

**Тарихи фонетика** (диахрониялық фонетика) – тілдің дыбыстық жүйесін тарихи тұрғыдан қарастырады. Дыбыстардың түрлері, дамуы, дыбыстық жүйедегі өзгерістер, буын, екпін, үндесу заңдылықтары әр дәуірдегі жазба ескерткіштер материалдары негізінде айқындалады.

Бүгін қазақ тілінің тарихи фонетикасы түркі тілдері тарихи фонетикасының бір саласы ретінде қалыптасу үстінде.

**Салыстырмалы фонетика** – тілдің дыбыстық жүйесін туыс тілдердің дыбыстық жүйесімен салыстыра зерттеп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын қарастырады. Мәселен, қыпшақ тілдері тобындағы қазақ тілінің оғыз тілдері тобындағы түрік тілімен қаншалықты туыстығына, олардың бір-бірінен айырмашылықтарына туыс

екі тілдің дыбыстық жүйелерін тарихи фонетиканың аясында салыстыра зерттегенде ғана көз жеткіземіз. М. Томановтың «Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы» (1981), «Түркі тілдерінің салыстырмалы тарихи фонетикасы» (1984) деп аталатын еңбектерінде туыс тілдердің дыбыс жүйесі салыстыра зерттеліп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалған. Салыстырмалы және тарихи фонетика бір-бірімен тығыз байланысты.

**Салғастырмалы фонетика** – тілдің дыбыстық жүйесін туыстығы жоқ, құрылымы әртүрлі басқа да тілдермен салыстыра зерттейді. Қазақ тілі мен орыс тілдерінің немесе қазақ тілі мен араб тілдерінің байланыстылығын тіл дыбыстары деңгейінде зерттеп, олардың ұқсастықтары мен айырым белгілерін анықтау салғастырмалы фонетиканың міндетіне жатады. Салғастырмалы фонетиканың нәтижелері әлемдік қарым-қатынаста қолданылатын ағылшын тілі сияқты қолдану аясы кен тілдерді аз мерзімде жетік меңгеруде пайдалануға болады.

**Эксперименттік фонетика** белгілі бір тілдің дыбыстарын түрлі техникалық құралдар мен аспаптардың (спектрограф, осциллограф, палатограф, рентгенограф т.б.) көмегімен зерттеп, тіл дыбыстары туралы нақтылы, дәл тұжырымдар жасайды. Дыбыстың жасалымын көрсету үшін рентген қондырғысы мен палатограф пайдаланылса, дыбыстың айтылымын айқындауда спектрограф пен интонограф қолданылады.

**Физиологиялық фонетика** немесе **антрофоника** (грек. antropos – адам, phone – дыбыс) тілдегі дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық қасиеттерін зерттейді.

**Фонология** немесе **функционалдық фонетика** – тілдегі дыбыс құбылыстары мен ондағы дыбыстардың қызметін фонетикалық тұрғыдан зерттейтін сала. Ол дыбыстардың бір сөздің бір сөзден өзгешелігін салыстыру арқылы дыбыстық құбылыстарды зерттейді.

4. Дыбыстық тіл күрделі болып табылатындықтан ерекше зерттеу әдістерін қажет етеді. Дыбыстардың пайда болуы мен

жасалуындағы ерекшеліктер акустикалық (физикалық) аспекті тұрғысынан акустикамен, белгілі бір дене мүшелерінің дыбыстарды жасауға қатысы тұрғысынан физиологиямен (анатомия) байланысты болып келеді. Сондықтан дыбыстардың табиғатын анықтауда аталған ғылымдарда пайдаланылатын әдістері қолданылады.

Экспериментті әдіс дыбыстардың акустикалық сипатын – күшін, қарқынын, созыңқылығын зерттейді. Сонымен қатар дыбыстардың артикуляциялық табиғатын, яғни қандай мүшелердің қатысуымен қалай жасалып тұрғанын нақты білу үшін қабылдау арқылы сезу жеткіліксіз, оны тиісті аппараттардың көмегімен қарастыру керек.

Экспериментті – фонетикалық әдіс арқылы қалыптасқан **экспериментті** (грекше – байқау, тәжірибе) **фонетикада** сөйлеу дыбыстарын акустика мен физиология саласында пайдаланылатын аппараттарды пайдалану арқылы зерттеуде қолданылады.

Экспериментті – фонетикалық әдіс екі топқа бөлінеді:

**1) акустикалық әдіс** арқылы сөйлеу дыбыстары, олардың акустикалық қасиеттері қарастырылады;

**2) физиологиялық әдіс** (соматикалық әдіс) дыбыстар қандай дене мүшелердің қатысуы арқылы жасалып тұрғанын, оның артикуляциялық ерекшеліктерін айқындайды.

**Акустикалық әдіс:** 1) *кимографтық әдіс*; 2) *осциллографтық әдіс*; 3) *спектрографиялық әдістерге іштей жіктеледі*.

**Соматикалық әдіс** 1) *палатографтық әдіс*; 2) *рентгенографиялық әдіс*; 3) *кинофотоға түсіру әдісі* болып үшке бөлінеді.

Экспериментті фонетика қазіргі қазақ тіл білімінде де кең қолданылуда. Адамның сезіне алмайтын нәзік элементтер эксперименттік фонетиканың нәтижелері арқылы мүмкін болып, фонетиканың ғылым ретінде одан әрі дамуына зор ықпалын тигізіп отыр.

Фонетика саласында жоғарыда аталған әдістерден басқа әбден қалыптасқан қарапайым әдістер де қолданылады. Қазақ тілінде дыбыстардың қалыптасқан орны, үндесу заңдылықтары және т.б. ерекшеліктер ұзақ уақыт бойы қалыптасқан. Мысалы: біздің артикуляциялық базамыз қатан дыбыстардан кейін қатаңдар келеді деген заңдылықты сақтауға бейімделген. Осындай көптеген тұжырымдар жасау байқау мен қабылдауға, қарапайым тәжірибеге негізделген.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Фонетиканың қарастыратын мәселелері.
2. Тіл дыбыстарының ерекшелігі.
3. Фонетиканы білудің қажеттілігі.
4. Фонетиканың салалары.
5. Фонетиканың зерттеу әдістері.

#### **ПС 1. Тақырып: Тіл дыбыстары, оның жасалуы.**

1. Дыбыс жасауға қатысатын сөйлеу мүшелері, олардың актив және пассив түрі.
2. Қуыс мүшелер, олардың қызметі, сипаты.

#### **Тапсырмалар:**

1. Сөйлеу мүшелерінің қызметіне сипаттама беріңіз (сурет, сызба арқылы сипаттама жасау).
2. Екі дауысты және екі дауыссыз фонеманың жасалуына толық сипаттама беріңіз.
3. А-ә, е-ө, ұ-ы дауысты және с-з, ш-ж, т-д, з-ж, к-қ, м-б дауыссыз фонемалардың айырмашылықтарын дыбыстау мүшелерінің қызметі арқылы сипаттаңыз.

## № 2 дәріс

### Тақырыбы: Фонетиканың зерттелу тарихы.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Орыс түркологтарының қазақ тілі дыбыс жүйесі жөніндегі зерртеулері.

2. Қазақ тілін зерттеуші фонетист ғалымдар.

1. Қазақ сөздерін алғаш орыс графикасымен жазған миссионер Н.И. Ильминский 1860 жылы Қазанда «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегін жариялады. Сөздіктің бас жағында автордың қазақ тілін оның дыбыстық, грамматикалық жүйесі жөніндегі пайымдаулары баяндалған. Қазақ тілі жөнінде тұңғыш пікір, зерттеулер, қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктер де осы тұста дүниеге келе бастады. Бұларда қазақ сөздері орыс графикасымен жазылды. Тілдің дыбыстық құрамы, айту, жазу нормаларын зерделеу үшін, араб жазуымен салыстырғанда, мұның маңызы зор.

Қазақ тілі жөніндегі тұңғыш еңбек болғандықтан Н.И. Ильминскийдің әрбір пікіріне ілтипатпен қарағанымыз жөн. Оның айтуынша қазақ тілінде 8-дауысты, 19-дауыссыз дыбыс бар. Бұдан аңғаратынымыз Н.И. Ильминский а-ә дыбыстарын бір фонема деп қараған. Ақ-эк, ор-эр сияқты сөздерді мағыналық жақтан саралауда а фонемасын өзіндік қызметі барын аңғару қиын емес. Осы күнгі орыс графикасына негізделген қазақ жазуының негізін салған Н.И. Ильминский болды. Тек ол қолданған кейбір қосымша таңбалар ғана өзгеріске ұшырады. Осы күнгі к,ғ,к,г дыбыстары бас-басына фонема ма, әлде екі-ақ фонема ма деген сұрақ жиі туып жүр. Бұларды осылай төрт түрлі таңбалау да осы Н.И. Ильминскийден басталса керек. Ол қазақ тіліндегі дыбыстарды біршама дұрыс анықтаған деуге болады. Бұл күнде қазақ тіліне қызмет ететін 42 әріп пен 12-15 дауыстының, 25-26 дауыссыздың ол кезде елесі де жоқ.

Ж.3. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» деп аталатын екі томдық сөздігінде де қазақ сөздері мол қамтылған. Қазақ лексикографиясы тарихы

үшін маңызы бар бұл еңбекте сөздер араб әрпімен берілген. Тек екінші томында ғана сөздердің орыс тіліндегі транскрипциясы берілген. Дегенмен қазақ сөздерінде орфографиялық ақаулар көп кездеседі. 1878 жылы А.В. Старчевскийдің «Спутник русского человека в Средней Азии» деген кітабы жарық көрді. Оның көрсетуінше, қазақ тілінде 9 дауысты, 17 дауыссыз дыбыс бар. Алайда, кейбір дыбыстардың таңбасы айқын емес. Мәселен, ә, е дауыстылары э, и түріне таңбаланған. Ал дауыссыз й, у мүлде жоқ. Оның есесіне в, х әріптері тұр.

Түркі тілдерін зерттеудің жаңа кезеңі В.В. Радлов еңбектерінен басталады. Ол түркология ғылымының барлық салалары бойынша жол салып, қажырлы еңбек етті. «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» атты еңбегі неміс тілінде жарық көрді. Ол қазақ тілінің дауыстылар саны 9, дауыссыздар саны 20 деп көрсетеді.

2. XX ғасырдың басында қазақ тіл білімі қазақ топырағында қаз-қаз басып, бірте-бірте ғылым айдынына шықты. Мұның көш басында қазақ халқының рухани көсемі, қазақ тіл білімінің атасы А. Байтұрсынұлы тұрды.

А. Байтұрсынұлы 1912 жылы «Айкапқа» «Жазу тәртібі» дейтін мақала жазып, сол тұстағы оқудың жайына тоқталады: орысша, мұсылманша сауат ашуға көп уақыт кететінін, оның қиындықтарын айтады. «Оқу құралының ең ұлылығы – бала оқытатын кітап», оқу құралы «балалардың жанын кинамайтын» болу керек дейді. Ондай оқулық жасау үшін алдымен жазу жөнделу керек, дыбыстар анықталып, «сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу керек» [1, 79 б.], – дейді. Оның айтуынша «қазақ тілінде 24 дыбыс бар», оның бесеуі дауысты, екеуі (й, у) жарты дауысты 17 дауыссыз. Мақалада осы дыбыстарды жазу үшін өзі ойлап тапқан таңбаларды тәптіштеп түсіндіреді.

А. Байтұрсынұлының айтуынша, дауыстылар мен дауыссыздардың шегін жалғаулар арқылы айыруға болады. Ал, «толық дауыстылар буын ішінде дауыссыз дыбыстардың



алдында да, сонында да келетін» болса, шала дауыстылар буын ішінде дауыссыздардан кейін тұра алмайтынын дұрыс аңғарған. Оның жазу, емле, терминология жайындағы еңбектері әлі күнге дейін құнын жойған жоқ. Мамандығы дәрігер бола тұрып, ғылымның түрлі саласында татымды еңбек еткен Халел Досмұхамедұлын тіл зерттеушісі ретінде ерекше айту керек. 1924 жылы жеке кітап болып шыққан «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм» деп аталатын еңбегін қазақ тіл біліміндегі тұңғыш кең ауқымды ғылыми зерттеу деуге әбден болады. Мұнда қазақ тілінің дыбыс жүйесі, сингармонизм, оның ішінде тіл үндестігі егжей-тегжейлі айтылған. Әсіресе кірме сөздердің қолданысы жақсы баяндалған.

Ж. Аралбаев қазақ тілі фонетикасының кейбір өзекті мәселелерін зерттеген: фонемалар құрамы және олардың айтылу ерекшеліктері, сингармонизм заңдылығы, буын жігі және кейбір просодикалық мәселелері («Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер». – Алматы, 1988.). Ж. Аралбаев қазақ тілінің фонема теориясының дамуына үлес қосқан. Оның мәні мен жаңалығы, біріншіден, фонемалар бір-біріне қарсы қойылып айқындалады, екіншіден, олар тек өзінің комбинаторлық не позициялық варианттарында көрініс табады деп ғалым нақты мысалдармен дәлелдейді [2, 121 б.].

3. 90 жылдардан бастап Қазақстан Егемендік алғаннан бері қазақ тілінің фонетикалық жүйесі үндестік заңы (сингармонизм) тұрғысынан қарастырыла бастады. Бөлім қызметкерлері экспериментті жұмыстармен қатар теориялық проблемалармен де шұғылданатын болды. Сингармониялық бағытты қолға алып, оның ұғымдары мен терминологиясын жасап, теория деңгейіне көтерген Ә. Жүнісбеков болатын. Аталған бағыттың ұстанған өзіндік принциптері бар: сингармонизм теориясы бойынша фонема мен екпін есепке алынбайды. Сингармонизмнің ең кіші функционалды бірлігі сингема деп танылады және ол төрт түрлі сингармониялық тембрмен сипатталады: езу жуан, езу жінішке, ерін жуан, ерін

жінішке. Бұл бағыт бойынша қазақ фонологиясын үндесім фонология деп біледі. Сингармониялық бағыт Ә. Жүнісбек еңбектерінің арқасында қалыптасып, ғылыми айналымға түсіп, қалың оқырманға танымал болды. («Қазақ грамматикасы». – Астана, 2002 (сегментті фонетика бөлімі); «Қазақ фонетикасы». – Алматы, 2009. «Введение в сингармоническую фонетику». – Алматы, 2009. «Қазақша-орысша фонетикалық сөздік». – Орал, 2009). Аталған бағыттың ұстанған принцип-тері мынадай: сөздік екпін бар жерде тон мен сингармонизм болмайды, тон бар жерде сөздік екпін мен сингармонизм болмайды, сингармонизм бар жерде сөздік екпін мен тон болмайды. Қазақ тілі үндесім (сингармониялық) тіл болғандықтан, оның дыбыс құрамына тән ұғымдар мен атаулардың өз ерекшелігі болады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Кенес дәуіріне дейінгі зерттеулер.
2. Кенес дәуіріндегі қазақ тілі дыбыс жүйесі жөніндегі зерттеулер.
3. 90 жылдардан бастап бүгінгі күнге дейінгі қазақ тілі дыбыс жүйесі жөніндегі зерттеулер.
4. А. Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыс жүйесі жөніндегі ой-пікірлері.
5. Х. Досмұхамедұлының еңбегіндегі көтерілген мәселе.

#### **ПС 2. Тақырып: Дыбыс және фонема**

1. Дыбыс және әріп.
2. Дыбыс және фонема.
3. Дауысты және дауыссыз фонемалар.

#### **Тапсырмалар:**

1. Дыбыс және фонемаға берілген анықтаманы салыстырыңыз.
2. Дыбыс пен әріптің айырмашылығына сипаттама беріңіз.
3. Қазақ әріптерінің айтылуын біліп келіңіз.

4. Фонеманың қызметін мысалдар арқылы сипаттаңыз.

### №3 дәріс

**Тақырыбы: Дауысты дыбыстар (вокализмдер).**

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Дыбыстардың бір-бірінен артикуляторлық, акустикалық және тіркесімділік қасиеті арқылы ерекшеленуі.

2. Дауысты дыбыстардың саны және топтастырылуы жайлы пікірлер.

3. Жалаң және дифтонг дауыстылар.

4. Дауысты дыбыстардың қолданылуы.

1. Дыбыстардың бір-бірінен артикуляторлық, акустикалық және тіркесімділік қасиеті арқылы ерекшеленеді. **Дауысты, дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық ерекшелігі** дауыстыларды айтқанда, өкпеден шығатын фонациялық ауа еш кедергіге ұшырамай, еркін шығады, дауыссыздарды айтқанда, фонациялық ауа кедергіге ұшырап, салдыр араласып шығады.

**Дауысты, дауыссыз дыбыстардың акустикалық ерекшелігі** дауыспен, таза тонмен байланысты болады. Дауыстылар таза тоннан болады, еш шу болмайды. Дауыссыздарда тон мен шу қатар шығады, бірақ, бәрінде бірдей болмайды. Үнділерде тон басым, ұяндарда тонға карағанда шу басым, қатандар тек шу, салдырдан болады. Дыбыстар тіркесімділігі – лебізде әбден қалыптасқан, сингармонизм заңына орайласып, тілдің ішкі болмысын, табиғатын анықтайтын күрделі құрылымдық жүйе ретінде танылады. Профессор С. Мырзабеков «Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі» деп аталатын зерттеу жұмысында «Дыбыстар тіркесі – тілдегі дыбыстардың бірімен-бірінің қатар тұру мүмкіндігі, тарихи қалыптасқан орны. Қазақ тіліндегі негізгі үндестік заңдар дыбыстар тіркесінің нәтижесі болып шығады» [3, 115 б.] дей келіп, сөз құрамындағы буындардың жуан, жінішке болып үндесуі, қатаң дауыссыздардан кейін қатаң дауыссыздар, ұяннан сон ұяң

дауыссыздар, үндіден сон ұяң не үнді келетінін тілдің ұзақ дамуындағы бұлжымас заңдылық ретінде түсіндіреді.

2. А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлыдауысты дыбыстарға жуан дауыстылар а, о, ұ, ы және жіңішкеге е-ні жатқызып, өзге жіңішке дыбыстарды әріп санына тенеген.

Қ. Жұбанов дауысты дыбыстарға – а, е, о, у, ы, ұу, ый – жетеуін жатқызып, олардың әріптері ретінде – жуаны – а, о, у, ы, ұу, ый; жіңішкесі – ә, ө, у, і, үу, й – деп көрсетеді.

Н.Т. Сауранбаев зерттеуі бойынша дауыстылар саны: 12; олар- а, ә, и, о, ө, ы, і, у, ұ, ү, е, э.

І. Кенесбаев тоғыз жалаң дауысты: а, ә, е, ы, і, о, ө, ү, ұ; екі косынды (дифтонгойд): и, у бар деп есептейді.

С. Мырзабековтің пайымдауынша, он бір дауысты фонема бар: жуан дауыстылар – а, о, ұ, ы, у; жіңішке дауыстылар – ә, ө, ү, і, е, и (Ғалым кейінгі зерттеулерінде тоғыз дауысты бар деген тоқтамға келген).

Ә. Жүнісбеков дауысты дыбыстардың табиғатын тәжірибелік әдіспен зерттеудің нәтижесінде и, у байырғы сөздердің құрамында дыбыс бола алмайды, әріп санатында деген тұжырымға келеді. Кей зерттеулерде ё, э, ю, я таңбалары да дауыстылар деп танылады, бірақ бұл таңбалар тек әріптер скені ескерілуі керек.

Қазақ тілінің төл табиғатына сай, сапалық ерекшелігі анықталған, сөздің мағынасын айқындайтын лебізде мынадай дауысты дыбыстар бар: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і; барлығы – тоғыз. И, у – әріптер санатында қабылдануы тиіс.

Н.Т. Сауранбаев «Тілдің, жақтың, еріннің қызметіне қарай жуан-жіңішке, ашық-қысан, еріндік-езулік болып жіктеледі» деп бөліп, дыбыстарды жеке-жеке талдайды.

І. Кенесбаев езу дауыстылары (а, ә, е, ы, і), ерін дауыстылары (о, ө, ұ, ү), дифтонгойд дауыстылары (у, и) деп ажыратады. Байқап отырғанымыздай, қазақ тіліндегі дыбыстық жүйенің ғылыми жіктелуінің өзіндік даму жолы бар. Кейінгі зерттеулерде С. Аманжолов салған жүйенің негізі

сакталады (Ж. Аралбаев, С. Татубаев, Ә. Жүнісбек, С. Мырзабеков т.б.).

Дауысты дыбыстар табиғатын арнайы зерттеген ғалым Ә. Жүнісбеков оларды жалан (а, ә, ұ, ү, ы, і) және дифтонг (о, ө, е) деп бөліп қарастырады. Сонымен қатар сингармонизмнің ықпалы дыбыстардың айтылуы мен естілуінде күшті, анық екенін ескертіп, мынадай төрт топқа бөледі: «жуан езулік (а, ы), жіңішке езулік (ә, е, і), жуан еріндік (о, ұ), жіңішке еріндік (ө, ү)». Осы сияқты дауыссыз дыбыстардың да төрт түрлі үндестігі болатынын жазады. Мәселен, бір ғана m дауыссыз дыбысының өзі дауысты дыбыстармен бірге айтылуына байланысты жуан еріндік, жіңішке еріндік, жуан езулік, жіңішке езулік болып бөлінетінін нақты деректермен дәлелдейді.

Дауыстау мүшелерінің қызметіне қарай дауысты дыбыстар былайша жіктеледі:

▶ Тілдің қатысына қарай: жуан дауыстылар (а, о, ұ, ы); жіңішке дауыстылар (ә, е, ү, і, е);

▶ Еріннің қатысына қарай: еріндік (о, ө, ұ, ү); езулік (а, ә, ы, і, е);

▶ Жактың қатысына қарай: ашық (а, ә); жартылай ашық (о, ө, е); қысан (ұ, ү, ы, і.)

Айтылу кезінде фонациалық ауа өкпеден кедергісіз шығып, үннен ғана тұратын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз. Оларды вокализмдер деп те атайды. Дауысты дыбыстар (вокализмдер) сөйлеу мүшелерінің бір-біріне жанаспай жатуы арқылы жасалынады. Олардың негізгі ерекшеліктері мыналар:

- дауыстылардың жасалатын орны – тамақ тұсы;
- дауыстыларды айтқанда, фонациялық ауа сыртқа – біркелкі, баяу шығады;
- дауыстылардың ішкі сапасы – таза үннен тұрады;
- дауыстылардың үн сапасында – жаңғырық (резонанция) мол болады;

дауыстыларды жан-жақты құбылтуға болады;

Северно-Кавказский  
областной библиотеки  
им. С. МУКАНОВА  
г. Петропавловск

- дауыстылар сөз ішінде буын жігін кұрайды және дауыссыздармен тіркесе алады.

Дауысты дыбыстар – артикуляциялық, акустикалық және функционалдық қасиеттеріне байланысты ерекшеленетін дыбыстар тобы. Артикуляциялық қасиеттері дегеніміз – дыбыстардың дауыс арқылы және ешбір кедергісіз пайда болуы. Дауыстылардың пайда болуына ерін, тіл, жақ қатысады. Дауыстыларға тән акустикалық ерекшелік - оларда музыкалық тонның болуы.

1. Жуан дауыстылар – тілдің ұшы кейін тартылып, үсті дөненестену арқылы жасалған дауысты дыбыстарды жуан дауыстылар дейміз. Оларды кейде тіл арты дауысты дыбыстар деп те атайды (*а, о, ұ, ы*).

2. Тілдің ұшы ілгері жылжып, алға созылуы арқылы жасалатын дыбыстарды жінішке дауыстылар дейміз. Оларды кейде тіл алды дауысты дыбыстар деп те атайды (*ә, ө, ү, і, е*).

3. Жақтың кең ашылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды ашық дауыстылар деп атаймыз (*а, ә*).

4. Жақтың жартылай тар ашылуынан жасалған дауыстыларды жартылай ашық дауыстылар деп атаймыз (*ө, е, о*).

5. Жақтың тар ашылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды қысаң дауыстылар деп атаймыз (*ы, і, ұ, ү*).

6. Еріннің дөңгеленіп алға қарай созылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды еріндік дауыстылар деп атаймыз (*о, ө, ұ, ү*).

7. Езудің кейін тартылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстарды езулік дауыстылар деп атаймыз (*а, ә, е, ы, і*).

Жуан (гуттураль) дауыстыларды айтқанда тіл артқа, жінішке (палаталь) дауыстыларды айтқанда тіл ілгері жылжиды. Бұған көз жеткізу үшін дауыстылардың жуан және жінішке сынарларын (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і) қатар айтып көруге болады. Дауыстыларды тіл қатысына қарай жіктелуін жетік білу тіліміздегі сингармонизмді түсінуге мүмкіндік жасайды. Еріндік (лабиаль) дауыстыларды айтқан кезде ерін дөңгеленіп,

сүйірленеді де, езуліктерді айтқанда ерін екі жаққа қарай қарғылып, езу жиырылады. Еріндік дауыстыларды жетік білу тіліміздегі ерін үндестігін тануға көмектеседі. Ашық дауыстыларды айтқанда үстінгі жақ қозғалмай, астыңғы жақ басынша төмен түседі де, қысандарды айтқанда бір-біріне жуықтай түседі. Алайда ауаның еркін шығуына кедергі жасамайды.

3. Құрамына қарай дауысты дыбыстар екіге бөлінеді. Олар: жалаң және құранды.

Бастан-аяқбіркелкі айтылатын дауысты дыбыстыжалаң (монофтонг) дауысты дыбыс деп атаймыз. Олар: *a, ə, ы, i, ұ, ү*. Бір дыбыстан басталып, екінші дыбыспен аяқталатын дауысты дыбысты құранды (дифтонг) дауысты дыбыс деп атаймыз. Олар: *o, ø, e (o- y+o, ø-y+ø, e-u+e)*.

Монофтонг (гр. *monos, phthongos* дыбыс) – жалаң дауысты. Қосындысыз, жалаң құрамды дауыстылар: *a, ə, ы, i, ұ, ү*. Ол артикуляциялық тұрғыдан біркелкі айтылып, акустикалық тұрғыдан бірыңғай естілетін дауысты дыбыс. Монофтонг дауысты дыбысты айтқанда сөйлеу мүшелері дыбысты айтып болғанша өзгеріссіз бір қалыпта тұрады. Оның акустикалық белгілері (форманттарының суреті) тұрақты болады. Монофтонгтардың дифтонгтардан негізгі айырмашылығы осында. Қазақ тілінің дауысты дыбыстары негізінен монофтонгтардың қатарына жатады (*a, ə, ы, i, ұ, ү*).

Дифтонг (*diphthongos*) – дыбыс) – буынға бөлінетін немесе бөлінбейтін екі дауысты дыбыстың қосындысынан тұратын дыбыс. Олар: *e, o, ø* дауыстылары. Дифтонг *шынайы* және *жалған* болып екіге бөлінеді.

Шынайы дифтонгтың құрамындағы екі сынары айтылу күші жағынан да, буын құрауы жағынан да тең түседі. Шынайы дифтонг тілдерде сирек кездеседі. Мысалы, латын тіліндегі *meitci* (қыз), *tauta* (халық) дегендегі *ei, ai* осыған жатады. Жалған дифтонг сынарларының бірі буын жасай алады, біреуі буын жасай алмайды. Егер алғашқы сынары буын жасап, екінші сынары көмекшілік қызмет атқарса, тұйық

дифтонг деп аталады. Мысалы: *кйім-киім, жұар-жуар, сұғат-сұғат* дегендегі *йй, ұу* дыбыстары. Ал егер алғашқы сынары буын жасай алмай, кейінгі сынары буын жасай алса, ашық дифтонг деп аталады. Мысалы: сөз басындағы *е,о,ө* дыбыстарының құрамында *й,у* дыбыстары естіліп, *йэ (ел – йел), уо (ол – уол), уор (ор – уор)* болып айтылады. Шын мәнінде, қазақ тіліндегі жалған дифтонгтың аталған түрлерін дифтонгтойд дауыстылар деуге болады.

4) Қазіргі қазақ тілінде дауысты дыбыстарды қолдануда көптеген қайшылықтар туып жатыр. Соңғы реформада қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері ескерілмеді: қазақ тіліне орыс тілінің дыбыстарын негізсіз кіргізді; қазақ тіліне кіргізілген дыбыстарды таңбалау үшін қазақ әліпбиіне артық *в,ё,и,ц,щ,ф,э,ю,я,ь,ъ* орыстың әріптері енгізілді. Қазақ тіліндегі орыстың кірме сөздерінің жазылуы мен айтылуы орыс тілінің нормасына сәйкес жүзеге асулары керек деген жаңа талаптар пайда болды. Мұндай жаңалықтарды кейбіреулер қазақ тілінің дамуы деп есептейді. Қазақ тілін осылай «дамыту» арқасында оның жазылым және айтылым емле-ережесінде көптеген қайшылықтар пайда болды.

Енді қазақ тілінде пайда болған қайшылықтардың кейбіреулерін көрсету үшін қазақ тіліне енгізілген орыс тілінің дауысты «и» және «у» дыбыстарының қолдануын қарастырайық. Олар жазуда қазақтың төл «*ы*», «*і*», «*ұ*», «*ү*» дыбыстарын ысырып тастады. Мысалы, қазіргі кездегі жазуда «и» және «у» дыбыстарына аяқталатын «*ми*», «*би*», «*ту*», «*ғу*» сияқты сөздердің тәуелдік жалғауларының үшінші жағында «*ми+ы*», «*би+і*», «*ту+ы*», «*ғу+і*» болады. Бұлар «*Қазақ тілінде тәуелдік жалғауларының үшінші жағында дауыссыздармен аяқталатын сөздерге «ы» немесе «і» жалғауы, ал дауыстыларға аяқталатын сөздерге «сы» немесе «сі» жалғауы жалғанады*» деген ережеге қайшы болады. Егер қазақ тілінде «и» және «у» дыбыстарын дауыссыздар деп есептесек, онда «*ми*», «*би*», «*ту*», «*ғу*» деген сөздерде бір де буын болмайды екен. Осыдан мынадай 2 сұрақ



тағы: «Қазақ тілінде жалғаулар ережелері дұрыс па?», «Қазақ тілінде ешбір буынсыз сөз бола ма?». Бұл сұрақтарды түсіндірмеу үшін, оларды қазақтың дауысты дыбыстарын қоздашып былай жазу керек «мый», «бій», «тұу», «гуу»,. Сонда қазақ тілінің түбір, буын және морфема деген айтылым бірліктері бұзылмай жазылады, яғни, жоғарыдағы жалғау «мый+ы», «бій+і», «тұу+ы», «гуу+і» түрінде жалғанады. Осыдан қазақ тілінде дауысты «и» дыбысы жоқ екендігі, ал қазір у әріпімен белгіленіп жүрген дауыссыз дыбыс екендігі шығады. Соңғы дыбыс орыс тілінде жоқ, бірақ ол ағылшын тілінде бар және оны халықаралық фонетикалық әліпбиде и әріпімен таңбалайды. Бұл «Қазақ тілінде сөз ішінде буын дауысты дыбыстан басталмайды» деген ережеге де сай келеді, яғни, жоғарыда түзетілген сөздер «мы-йы», «бі-іі», «бұ-уы», «гу-уі» түрінде буынға дұрыс бөлініп, сөздің буын құрамын бұзбайды.

Қазақ тіліндегі сөздер үндестік заңы бойынша бірынғай не жуан, не жінішке түрде айтылады және жазылады. Осы үндестік заңына сай фонетикалық принцип бірден-бір дұрыс принцип болып көрінгенмен жеке сөздерді жазуда бірынғай сауатты жазуды қиындатты. Өйткені қазақтың байырғы сөздерінің өзін әркім әр түрлі айтады да, әр түрлі жазатын болды. Мысалы: е, ы, і әріптері сөздің барлық буындарында жазылады, бірақ олар ылғи да е, ы, і болып дыбыстала бермейді. Бұлар еріндіктермен қатар тұрып айтылған кезде өзгеріске ұшырайды. Мысалы, өзен, өлең, өнер, осы, орын, оқы, ұлы, ұғым, ұзын, үлкен, түлкі, жүрек, өмір, ауыл, бауыр, жауын, әуе, әуес, дәуір... сөздерінің құрамында е, ы, і дыбыс емес тек әріп. Айтуда олар ө, ұ, ү түрінде болады (үөлөн, үөнөр, уорұн, ұлұ, үлкөн, ауұл, әуөс, дәуүр).

Жаңа әліпбиге көшерден бұрын осы сияқты толып жатқан орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық ережелерді қатты ескере отырып ретке келтіру керек болады. Сонда ғана біз қазіргі қазақ жазуындағы қайшылықтардан арылып,

ескерілмей қалған тұстарды екшеп тілімізді қайта жаңғырта аламыз.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Жалан дауысты дыбыстардың ерекшелігі?
2. Құранды дауысты дыбыстардың ерекшелігі?
3. Монофтонгтардың дифтонгтардан негізгі айырмашылығы?
4. Дауысты дыбыстардың жіктелуі?

**ПС3. Тақырып 3: Дауысты дыбыстар (вокализм)**

1. Дауысты дыбыстардың акустика-артикуляциялық жақтан топтастырылуы.
2. Монофтонг, дифтонг дауыстылар, олардың сипаты.
3. Дауыстылардың сөз ішінде қолданылуы.

**Тапсырмалар:**

1. Дифтонг дауыстыларға (о,ө,е) қатысты орфоэпиялық сөздіктен мысалдар теріп жазыңдар.
2. Дауыстылардың сөз ішінде қолдану емлесіне көрсетілген сөздіктерден мысалдар жазу.  
«Офографиялық сөздік». – Алматы, 20007ж.  
«Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (15 томдық), II том. – Алматы, 2005ж.
3. Берілген тіркестердегі дауыстыларға акустика-артикуляциялық жақтан сипаттама беріңіз және олардың мағынасын түсіндіріңіз.

Қымыз мұрындық, он кабақ, шүйке бас, шошак төбе, еңбегі катпады.

**№4 дәріс**

**Тақырыбы: Қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының құрамы мен жүйесі (консонантизмдер).**

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың құрамы мен айтылым ерекшелігі.

2. Дауыссыз дыбыстардың жіктелуі.

3. Аффрикат дыбыстар.

1. Қазақ тілі фонетикасының көлемді де күрделі саласы дауыссыз дыбыстар болып табылады. **А. Байтұрсынұлы** өз еңбектерінде қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтауға, олардың артикуляциясын сипаттауға көп көңіл бөлген. Сонымен қатар дауыссыз дыбыстарды да жан-жақты жіктеген. Ғалым қазақ тілінде 19 дауыссыз дыбыс бар деп тұжырым жасайды.

Ал, белгілі ғалым **Қ. Жұбанов** «Дауыссыз дыбыстардың бәрі егіз болады да, бір сыңарының дыбысында сол салдырға бөлар-болмас үн қосылады» деп тұжырымдайды. Ғалым «бөлар-болмас үн» деп дауыссыздардың арасындағы айырым-белгіні айтып отыр. Айырым-белгілерге негіз болып отырған дыбыстың негізгі жасалым калпы екенін бірден түсінуге болады. Олар: жабысыңқы, жуысыңқы, сыбыр, сыбыс т.б.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың саны шектеулі болғанымен олардың айтылым, жасалым және естілім үлгілерінің саны баршылық. Дауыссыз варианттарының құрамы мен санын фонологиялық және фонетикалық болжам арқылы алдын ала түгендеуге де болады. Соның нәтижесінде дауыссыздар үш топқа бөлінеді. Олар өзімізге белгілі – қатаң, ұяң, үнді дауыссыздар.

Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары жасалу тәсіліне қарай жабысыңқы, жуысыңқы болып бөлінеді. Тілдің жоғары не төмен жатуының өзі дыбысқа белгілі бір реңк беріп отырады.

Зерттеушілер назарынан қалыс қалып келе жатқан фонетикалық құбылыстардың бірі – дыбыстардың көмескі белгілері. Қазақ тіліндегі үнді дыбыстардың тоғысымы босан болады. Сондықтан да олар лепсіз айтылады. Бұл үнді дауыссыздардың негізгі белгілерінің бірі.

Қазақ тіліндегі ұяң дыбыстардың тоғысымы орташа леппен айтылады. Бұл ұяң дыбыстардың өзіндік белгісі ретінде көрінеді. Ал, қатаң дауыссыз дыбыстардың тоғысы күшті болады. Сондықтан олардың лепті белгісі басым.

Олардын осы лепті белгісі әрқашан тұрақты кездесіп отырады.

**Б, в, г, д** әріптеріне аяқталған орыс тілінен енген сөздерге қосымша қатаң дыбыстан басталады: клуб-клубка, актив-активке, педагог-педагогтен. Сөз соңында бұл дыбыстар қатаң болып айтылады.

Айыру (ь), жінішкелік (ь) белгілері ешбір дыбыс білдірмейді, тек орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады. Сөздің түбірі жінішкелік белгіге (ь) бітіп, оған жалғанатын қосымша дауысты дыбыстан басталса, ол түсіріліп, ал оған жалғанатын қосымша дауыссыздан басталса, жінішкелік белгі (ь) сақталып жазылады: календарь-календары, календарьлық. Медаль-медалы, медальға, медальдан. Бір буынды сөз жінішкелік (ь) белгіге бітсе, қосымша жінішке түрде жалғанады, ал сөз көп буынды болып келсе, қосымша сөздің соңғы буынына қарай жалғанады: ноль-нольге, нольді; циркуль-циркульді; рояль-рояльды.

**В, ф, ц, ч, щ** әріптері орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Мысалы: физика, цирк, кофе, борщ, лифт, шифр, цифр, очерк, центнер, циркуль. **Щ** әрпі қазақтың байырғы сөздерінен ащы, тұщы, кеше деген сөздерде ғана жазылады. **Ф** әрпі араб, парсы тілдерінен енген кейбір жалқы есімдер мен бірден-саран жалпы есімдерде жазылады. Мысалы: Фарида, Марфуға, саф (алтын), фәни (дүние) т. б.

Қосарлы **сс, лл, мм, тт** дыбыстарына немесе **ст, сть, зд** дыбыстар тізбегіне біткен кірме сөздерге қосымша жалғанғанда, қосар дыбыстың соңғысы немесе соңғы **т, ть, д** дыбыстары түсіріліп жазылады. Мысалы: металл – метал-ға, класс – клас-тың, грамм – грам-дап, прогресс-прогрес-тік, трест-трес-ке, съезд-съез-ге, ведомость-ведомос-қа т. б.

Сонымен, дауыссыз дыбыстардың іргелес түрленімі сөздің табиғи естілуін қамтамасыз ететін бірден-бір фонетикалық құбылыс.

Айтылу кезінде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды **дауыссыз дыбыстар** дейміз.

Дауыссыз дыбыстар сөйлеу мүшелерінің бір-бірімен айналасуы немесе толық қабысуы арқылы пайда болады.

### **Дауыссыздардың басты ерекшеліктері:**

дауыссыздардың жасалатын орны – *ауыз және көмей* қуыстары;

дауыссыз қатаңдарда мүлде *үн* болмаса, ұяңдарда – *үннің* қатысуы жартылай болады да, ал үнділерде – *бәсең үн* болады;

- дауыссыз қатаң және ұяңдардың ішкі сапасы – *таза* *салдырдан* тұрады деуге болады, үнділерде сөйлеу мүшелерінің (тіл, ерін, жақ) бір-біріне жуықтауы, түрленуі, көлемін өзгертуі көмей арқылы келген ауағакедергі бола алмайды;

- дауыссыз қатаң және ұяңдарды – *көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге* мүлде болмаса, ал үнділерді керісінше – *көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге* болады;

- дауыссыздардың үн сапасында – *жаңғырық* болмайды;

- дауыссыздар сөз ішінде жалқы тұрып *бұын* кұрай алмайды.

**Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың құрамы мен айтылым ерекшелігі:** М. Томанов «Қазақ тілінің тарихи грамматикасында» дауыссыз дыбыстардың құрамы мен жіктелуін былай көрсетеді: «Көне түркі тілінде 16 дауыссыз фонема болған. Олар мыналар: **б, п, д, т, к - қ, г - ғ, й, ч, с, ш, з, м, н, ң, п, р** дыбыстары дербес фонемалық қызмет атқармаған, **к** жуан дауыстылармен айтылса, **к** жінішке дауыстылармен айтылған, сол сияқты **ғ** жуан **13** дауыстылармен айтылатын **к** дыбысының ұяң варианты ретінде ғана қолданылған. Қысқасы, 4 дыбыс екі дауыссыз фонеманың көрінісі болған». Термин түрінде дауыссыз дыбыстар жүйесін **консонантизм** деп атайды.

І. Кеңесбаев бойынша қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар саны -**25**. Олар: **б, г, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, (у), ш, қ, ғ, ц, һ, в, ф, х, ц, ч**. Ғалымның пікірінше, мұндағы **у** фонемасы әрі дауысты, әрі дауыссыз фонема. Мұның ішінде **в, ф, х, ц, ч**

дыбыстары орыс тілінен енген. Қазіргі қазақ тілінде дауыссыз дыбыстардың жіктелуі мынадай: 1. Дауыссыз дыбыстардың дауыс қатысына қарай жүйеленуі: үнсіз және үнді дауыссыздар.

Үнсіз дауыссыздарға: **қатаң** және **ұяң** дауыссыздары жатады.

Қатаң: **п, ф, с, ш, к, қ, т, һ, ч, ц, х, ш;**

Ұяң: **б, в, з, ж, ғ, г, д.**

Үнді дауыссыздарға: **ауыз жолды** және **мұрын жолды** дауыссыздары жатады.

Ауызжолды: **р, л, й, у;**

Мұрынжолды: **м, н, ң.**

1. Дауыстың (салдырдың деуге де болады) қатысына қарай:

а) **Үнді дауыссыздар**

Үн мен салдырдың қатысынан жасалып, бірақ салдырдан гөрі үн басым болатын дыбыстарды **үнді дыбыстар** деп атаймыз.

Үнді дауыссыздар жұмсақ таңдайдың қалпына қарай екіге бөлінеді:

- ауыз жолды: **й, л, р, у;**

- мұрын жолды: **м, н, ң.**

ә) **Ұяң дауыссыздар**

Үн мен салдырдың қатысынан жасалып, бірақ үннен гөрі салдыр басым болатын дауыссыз дыбыстарды **ұяң дауыссыздар** деп атаймыз.

Ұяңдарға мына дыбыстар жатады: **б, в, з, ж, ғ, д, жс, з.**

б) **Қатаң дауыссыздар**

Тек салдырдан жасалған дауыссыз дыбыстарды **қатаң дауыссыздар** деп атаймыз.

Қатаң дауыссыздарға мыналар жатады: **п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч.**

**Ұяңдар мен қатаңдар үнсіздер делінеді.**

Дауыссыз дыбыстардың бұлай жіктелуіндегі ерекшелік дауыстың және салдырдың қатысуы дәрежесіне байланысты.

Үн шерде дауыс (тон) басым да, салдыр аз; ұяндарда керісінше, салдыр басым да, дауыс аз болады. Ал қатан дауыссыз тек салдырдан жасалады (яғни оларға дауыс қатыспайды).

Дауыссыздарға дауыстың қатысу дәрежесін білудің маңызы зор. Осыны білгенде ғана бала-ға, қыз-ға, ат-қа, ас-қа ішкендерге неге қосымша ғ, к түрінде жалғанады, ақ ешкі, қара қой айтуда неге ағешкі, қарағой болып кетеді деген сұрақтарға нақты жауап беруге болады.

2. Дауыссыздарды айтылу (ауаның шығу) жолына қарай:

а) **Қабысыңқы (шұғыл, эксплозив) дауыссыздар:** п, б,

м, г, д, к, г, қ, ц, ч, н, һ;

ә) **Жуысыңқы (ызың, фрикатив) дауыссыздар:** ф, в, с, ш, ж, з, х, һ, ғ, л, й, у, р.

Жуысыңқы дауыссыздар өз ішінен бөлінеді:

1. **Жинақы жуысыңқылар:** с, з, у.

2. **Жайылыңқы жуысыңқылар:** ш, ж, й.

3. **Жанама жуысыңқылар:** л.

4. **Діріл жуысыңқы:** р.

Қабысыңқы фонемаларды айтқанда дыбыстау мүшелері біріне-бірі жабысып, ауа кілт үзіледі де, содан соң шұғыл қайта жалғасады. Ал жуысыңқыларды айтқанда дыбыстау мүшелері біріне-бірі жуысып, ауаның жолын барынша тарылтады, бірақ ауа біржола үзілмейді, сыздықтап, сүзіліп шығады. Діріл дауыссыз (р) тіл ұшының дірілдеуінен пайда болады.

3. Жасалу немесе айтылу (артикуляциялық) орнына қарай:

а) **Ерін (лабиаль) фонемалары:** п, б, в, ф, м, у;

1. Ерін: **п, б, м, у;**

2. Тіс пен ерін дауыссызы: **ф, в;**

ә) **Тіл (лингваль) фонемалары:** т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, к, г, қ, п, х, н, л, р, й, һ.

Тіл алды дауыссызы: **т, д, с, з, ц, н, л, ч, р, ш, ж;**

Тіл ортасы: **й**

Тіл арты: **к, ғ, н, х, к, г һ.**

Қатан дауыссыздыбыстар мен ұян дауыссыз дыбыстар жұп құрайды. Олар: п-б, ф-в, к-г, к-ғ, т-д, с-з, ш-ж. Бұл дыбыстар жұп құрауға қабілетті дауыссыз дыбыстар деп аталады.

**Х, ц, ш, ч, һ** дауыссыз дыбыстары жұп құрауға қабілетсіз дауыссыз дыбыстар болып саналады.

**Б, г,** дәріптері казактын төл сөздерінің соңында жазылмайды.

**В, ц, ч** дыбыстары орыс тілінен енген сөздерде жазылады. *Мысалы,* вагон, циркуль, чапаев, т.б.

Қазактын төл сөздерінде **л, р** дыбыстарының алдынан **ы, і** дыбыстары айтылады, бірақ жазылмайды.

**Б, в, г,** дұян дауыссыз дыбыстарына біткен басқа тілден енген сөздерге қосымша қатан дауыссыздан басталып жалғанады. *Мысалы,* арабтар, архивтен, педагогпен, т.б.;

кт, мб, нг, ск, мп дауыссыздарына біткен басқа тілден енген сөздерге қосымша **ы, і** дәнекер дыбыстары арқылы жалғанады. *Мысалы,* фактімен, ромбынын, митингіге, т.б.;

лл, мм, сс, тт, зд, ст, дауыссыз дыбыстар тізбегіне біткен басқа тілден енген сөздерге қосымша жалғанғанда соңғы қосымша түсіп қалады. *Мысалы,* металл – металды, грамм – грамдап, т.б.; **щ** әрпі казактын байырғы санаулы сөздерінде ғана жазылады. *Мысалы,* ащы, тұщы, кеше; **х** дыбысына біткен басқа тілден енген сөздерге қосымша жуан түрде жалғанады. *Мысалы,* тарихты, цехта, т.б. **У** дыбысы дауыссыз болады:

1) сөз соңында дауысты дыбыстан кейін келсе, тау, дау, бау, т.б.

2) сөз басында дауысты дыбыстың алдында келсе, уақыт, т.б.

3) екі дауысты дыбыстың ортасында келсе, дәуір, жауын, т.б. **Ь** біткен сөздерге қосымша дауыссыз дыбыстан басталып жалғанса, түбірдегі **ь** сақталады. *Мысалы,* табельге, рояльмен, ал дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанса, **ь** сақталмайды. *Мысалы,* табелі, роялім, т.б.



4. Аффрикат дыбыстар немесе қос дыбысты фонемалар.  $ts$  ( $t+c$ ) және  $tsʰ$  ( $t+ш$ ) дыбыстары жатады.

### **Тақырыптық сұрақтары:**

1. Дауыссыз дыбыстарға тән белгілер?
2. Дауыссыз дыбыстардың жіктелуі?
3. Дауыссыздардың айтылу жолына қарай топтастырылуы?
4. Дауыссыздардың жасалу немесе айтылу орнына қарай топтастырылуы?
5. Дауыссыздардың артикуляциялық жақтан ықпал етуі?
6. Дауыссыздардың акустикалық жақтан ықпал етуі?

### **НС4. Тақырып: Дауыссыз дыбыстар (консонантизмдер).**

1. Дауыссыз фонемалардың құрамы, сипаты.
2. Дауыссыздардың акустика-артикуляциялық жақтан топтастырылуы.
3. Дауыссыздардың сөз ішінде қолданылуы.

### **Тапсырмалар:**

1. Дауыссыз фонемаларға фонетикалық талдау жасаныз.
2. Аффрикат дыбыстар қатысқан сөздерді айтылуы бойынша көрсетіңіз.
3. Берілген мәтіндегі дауыссыздарды акустика-артикуляциялық жақтан топтастыру бойынша теріп жазыңдар.

Шәкірттері Конфуцийден: «Егер бір елге басшы болсаңыз, алдымен не істер едіңіз?», деп сұрайды. Сонда Конфуций ойлап қалып: «Ұлттың тілін тәртіпке келтірер едім» дейді. Мұны естігендер қайран қалып, себебін сұрайды. Сонда Конфуций: «Тілі бұзылса, ұлттың рухы мен әдет-ғұрпы, әділет пен ақиқат жоғалып, халық шарасыздықтан жойылу қаупіне душар болады. Қысқасы, тілі бұзылған ұлттың келешегінен үміт күтуге болмайды. Мұндай жағдайдың алдын алған дұрыс».

## **№5 дәріс**

### **Тақырыбы: Буын.**

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Буынның түрлері.

2. Буын жігі және тасымал.
3. Буынның дыбыстық құрамы.

Сөздер айтылуы жағынан ең кішкене бөлшектер – буындарға ажырайды. Буын тікелей дауысты дыбыстарға байланысты. Сөздің құрамындағы дауыстыларды айтқанда ауа еркін шығады да, дауыссыздарды айтқанда кедергіге ұшырайды. Сонда буын өкпеден келе жатқан ауамен тікелей байланысты болады.

**Буын – фонациялық ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке (дауысты) дыбыс, не дыбыстар (дауысты, дауыссыз) тобы. Қазак тілінде буынның маңызы ерекше.**

Буынға тән негізгі белгілер:

1. Дауысты дыбыссыз буын болмайды.
2. Дауысты дыбыс жеке тұрып буын құрай алады (а-та, ә-же, а-па, т.б).
3. Бір буында бірден артық дауысты болмайды, ал сөздің құрамында канша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. (жұ-ды-рык, ка-лам, мек-теп ).
4. Буында мағына болмайды.
5. Тілімізде байырғы сөздер, сондай-ак, буындар да екі дауыссыздан басталмайды. (скак, рза, деп жазбаймыз, дұрысы: ыскак, риза).
6. Қазак тілінде сөздің басындағы буын ғана дауыстыдан басталады, қалған жағдайда (екінші, үшінші, т.б) буындар дауыстыдан басталмайды. Тасымалдың дауыстыдан басталмайтыны содан (кә-сіп, қыз-ғал-дақ).
7. Сөздердің айтылуындағы буын саны әрқашан бір-біріне сай келуі шарт емес (айтылуда: Са-рар-ка, ке-лал-май-ды, ал жазылуда: Са-ры-ар-ка, ке-ле ал-май-ды).

Қазак тіліндегі буынның түрін Қ. Жұбанов алтыға, Н. Сауранбаев төртке, С. Мырзабеков екіге бөледі. Ал С. Кенесбаев үшке бөлуі барлық оқулықтарда қайталанып келеді.

Буын өзінің құрамындағы дауысты және дауыссыз аяқтардың ретіне қарай мынадай түрлерге жіктеледі:

**Ашық буын** – бір дауысты дыбыстың өзінен ғана тұратын немесе дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталып тұратын буын (а-ра, ұ-лы, ке-ше).

**Тұйық буын** – дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа бітетін буын (ат, ал, ән, ас).

**Бігеу буын** – дауссыз дыбыстан басталып, ортасы дауыстыдан болып, дауыссызға аяқталатын буын (тіс, қыз, мүз).

Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатыны белгілі. Буын жігі дауыстылардың қабатында тұрған дауыссыздардың қай жағына қарап келетініне байланысты.

Сөзді буынға бөлу және тасымал мәселесін алғаш айтқан А. Байтұрсынов. «*Шақырғанға* деген сөзді буынға бөліп, қалай тасымалдауға болатынын, болмайтынын түсіндіреді» [1]. Бірақ буынға бөлудің ішкі механизмін (сырын), ережесін ұсынбайды.

Қазақ тілінде дауыстыдан басталатын буындар үнемі сөзді тастап тұрады: а, ә, ант, ұлт, ас-қа, ант-ты. Сондықтан да бірінші буыннан басқа буындар дауыстыдан басталмайды. Оның үстіне қазақ тілінде байырғы буындар қос дауыссыздан басталмайды дедік. Міне, осы қағиданы есте берік ұстанған жағдайда сөздерді буынға бөлу қиын болмайды. Қ. Жұбанов отызыншы жылдары былай жазады: «...буын жігі оңай, механикалық түрде табуға болады. Ол үшін жазған әрбір сөздің дыбыстарын аяқ жағынан бастап шоламыз. Дауысты дыбыстан соң келген дауыссызды елемей өте шығып (өйткені дауыстының соңында дауыссыз болмайда қалады, біреу де, екеу де болабереді), әрбір дауыстының алдыңғы жағына бір дауыссыз тастап бөле береміз, сонда неше бөлік шыкса, сонша буын болады».

Қазіргі қазақ тіліндегі буындар дыбыстық құрамы жағынан мынандай болып келеді:

1. Бір дыбысты: а-та, ә-же, о-тыр. Бір дыбысты буындар тек дауысты болады да, жеке сөз түрінде, не сөз басында ғана кездеседі.

2. Екі дыбысты: ба-ла, ка-ла, та-за-ла.

3. Үш дыбысты: бас, бет, сөз, көз, ұлт.

4. Төрт дыбысты: кант, төрт, былқ, жалт. Тіліміздегі байырғы сөздердің дыбыстық құрамы осы төрт дыбыстан аспайды.

### **Сөздің буын құрамы:**

Құрамындағы буынның санына қарай қазіргі қазақ тіліндегі негізгі түбір сөздер (түбір морфемалар) мынадай болып келеді:

1. Бір буынды: ай, ат, бал, бас, қол, көз, ал, кел.

2. Екі буынды: а-на, а-та, ә-ке, ба-ла, тү-йе, жыл-қы.

3. Үш буынды: мұ-ға-лім, қа-на-ғат, а-бы-рой.

4. Төрт буынды: ы-ра-қы-мет (рахмет), і-ре-зең-ке (резеңке).

5. Бес буынды: у-ни-вер-си-тет, пуб-ли-цис-ти-ка

### **Бакылау сұрақтары:**

1. Буынға тән негізгі белгілер?

2. Қазақ тіліндегі буынның түрі бойынша ғалымдардың пікірі?

3. Буын жігін қалай табуға болады?

4. Буын жылысуы және ығысуы дегеніміз не?

### **ПС5. Тақырып: Буын.**

1. Буын түрлері, сипаты.

2. Буын жігін ажыратудың мәні.

3. Буынның зерттелу жайы.

### **Тапсырмалар:**

1. Буын түрлеріне презентация жасаңыз.

2. Берілген мәтіндегі сөздерді буын жігіне ажыратып көрсетіңіз.

Кезекші су мәселесін шешкен соң, картоп аршуға кіріседі. Одан кейін ұзыннан-ұзақ созылған үстелге екі қатар қалайы

тәрелкелерді, қисық-қыныр қалайы қасықтарды қойып шығады. Содан соң барып әрбір тәрелкенің тұсына тілдей-тілдей кесілген қара нан қояды. Бұл кезде Әлтайдың қасына тәрбиеші немесе аспаздың өзі ілесіп жүреді. Соның өзінде де Әлтай олардың қырағы көзін ала беріп, бірер кесегін томпақ ағызға бұралақтап ұрып жібереді. Тәрбиеші оның ауызына күдіктене қарар еді. Бірақ Әлтай сыр бермейтін. Сірә, нанды шайнамай жұтып жіберетін шығар.

(Шерхан Мұртаза, Интернат наны)

### №6 дәріс

#### Тақырыбы: Дауыс ырғағы.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Дауыс ырғағы және кідіріс.
2. Дауыс ырғағының түрлері.
3. Дауыс ырғағының қызметі.

1. Дауыс ырғағы және кідіріс туралы жалпы түсінік. Адам сөйлеп тұрғанда, айтылған пікірдің тыңдаушыға түсінікті болуы үшін, мәнерлеп оқу үшін дауыс ырғағы мен кідірістің маңызы зор. Дауыс ырғағы арқылы сөйлемдегі сөздердің жеке айтылмай, бір ғана мағыналық топқа жинақталып, үздіксіз ұласа айтылады. Кідіріс арқылы жеке мағыналы сөздер немесе мағына жағынан жинақталып ұласқан сөз таптарының басқа сөздерден бөлініп, үздік-үздік жіктеліп айтылады.

2. Дауыс ырғағының түрлері: сөз тіркестері, бірыңғай мүшелер, айқындауыш мүшелер: төл сөз бен автор сөздері сияқты түрлі категориялардың немесе хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдердің әртүрлі дауыс ырғақтары ерекшеленеді.

Дауыс ырғағы, оның маңызы. Дыбыстың жасалуы. Дыбыс атаулының қандай болса да серпінді (соғылмалы) заттың вибрациялық қимылынан пайда болады. Тілдегі дыбыстар да – күрделенген вибрациялық қимылдың нәтижесіннен өзінің ырғағы, күші, әуеніне қарай әр түрлі болады. Тілдегі

дыбыстардың түрлерін, кейбір қасиеттерін: олардың ырғағы, күші, әуеніне қарай білуге болады.

Дыбыс ырғағы деп бір секунд ішіндегі дірілдің мөлшеріне байланысты құбылысты айтады. Дірілдің саны неғұрлым көбейсе, дыбыстың ырғағы соғұрлым өсіп күшейе береді. Ал, дірілдің саны азайған сайын дыбыс ырғағы солғындап, әлсірей береді. Біз жоғарыда діріл түрліше болып келеді дедік. Діріл, өзінің қимылына қарай екіге ажыратылады:

1. Ритмикалық діріл.

2. Ритмикалық емес діріл. Сондай-ақ, дыбыстардың жасалуы үшін резонанс құбылады да (бұл сөз француз тілінің резонанс-жаңғырық деген мағынадағы сөзі бойынша жасалған термин) айрықша қызмет атқарады.

Дыбыс күші бір секунд ішіндегі дірілдің қарқынымен байланысты. Неғұрлым діріл қарқыны (амплитудасы) көбейген сайын, соғұрлым дыбыс күші ұлғая түседі. Дыбыс күші, діріл амплитудасы көбейген сайын, дыбыс жінішке (ащы) шығады да, керісінше, кеміген сайын дыбыс жуан (солғын) шығады. Дыбыс күшіне қарай тілдегі лепті (динамикалық) екпіннің сырын білуге болады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Дауыс ырғағы туралы түсінік?
2. Дауыс ырғағының маңызы?
3. Дауыс ырғағының түрлері, олардың ерекшеліктері?

**ПС 6. Тақырып: Дауыс ырғағы.**

1. Дауыс ырғағы және кідіріс.
2. Дауыс ырғағының түрлері.
3. Дауыс ырғағының қызметі.

**Тапсырмалар:**

1. Дауыс ырғағының қызметіне мысалдар келтіріп, талдау жасаныз.

2. Берілген өлең шумағын бунақтарға бөліп, ритмикалық ырғақтық топ жақтан сипаттаныз.

«Ңөң» деген сөз қазақта

Жок десен де еркінде.

Қарыз сұрап тұрғам жоқ,  
Бар десен де еркінде.  
«Нөн» деген сөз қазақта  
Жоқ десен де еркінде.  
Бар десен де дәл содан  
Бұзылмайды көркің де! (О.Әубәкіров, Нөн)

## №7 дәріс

### Тақырыбы: Екпін.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Екпін жайлы түсінік.
2. Екпін түспейтін қосымшалар.
3. Екпіннің түрлері.

**Екпін** – сөйлем ішіндегі кейбір сөздердің немесе сөз ішіндегі кейбір буын, дыбыстардың басқа тілдік бөліктерден ерекшеленіп, көтеріңкі айтылуы. Сөздерді айтқанда, сөздегі буындардың (дауысты дыбыстардың) бәрі бірдей бір қалыпта айтылмай, біреуі басқалардан ерекше қарқынмен, күшпен айтылады. Әдетте қазақ тіліндегі екпін біршама тұрақты, сөздің соңғы буынында болады. Мысалы, бала, әкімшілік, терезе сияқты сөздерде екпін соңғы ла, лік, зе буындарына түсіп тұр. Сөзге қосымша (жалғау, жұрнақ) жалғанғанда да, әдетте екпін соңғы қосымшаға түседі. Мысалы: қала-қалалардың – қалаларымыз, жақсы – жақсылық – жақсылықтар – жақсылықтарын т.б.

**2. Қазақ тілінде барлық қосымшаларға екпін түсе бермейді. Қазақ тілінде екпін түспейтін (қабылдамайтын) қосымшалар бар:**

#### **1. Жіктік жалғауларына екпін түспейді.**

Мысалы: жақсы-сың, бара-мыз, жүре-ді, үлкен-сіз т.б.

**2. Етістіктің болымсыздық мағынасын туғызатын -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе қосымшасына екпін түспейді.** Мысалы: айқыз-ба, көрмей-сің-дер, жаздыр-ма-ған, көрінкіре-ме-ді, естіл-меген, таза-ма, көрсет-пе-ген, айтыңқыра-ма-ды т.б.

3. **Есім сөздерге және етістіктің есімше тұлғасына** жалғанып, тенеу, ұқсату, мәнін білдіретін -дай, -дей, -тай, -тей, -лай, -лей, және -ша, -ше жұрнақтарына екпін түспейді. Мысалы: үй-дей, бала-ша, келген-дей, айтқан-ша т.б.

4. **Етістік тұлғаларына жалғанып**, тілек, өтініш мәнін білдіретін -шы, -ші қосымшасына екпін түспейді. Мысалы: көр-ші, айтыңқыра-шы, көрсен-ші, барайық-шы т.б.

Сөз құрамындағы буындардың айтылуы біркелкі бола бермейді. Ол буындардың біреуі, басқаларына қарағанда, айқынырақ ажыратылып, көтеріңкі айтылады. Мұндай қасиетке, әдетте, екпін түскен буын ие болады. Осыған орай, екпін түскен буынды екпінді буын деп атайды.

Ендікейбір тілдердің екпініндегі ерекшеліктерді айта кетсек:

Неміс тілі – лебізді екпінге ие тілдің бірі. Мұнымен бірге, неміс тіліндегі екпіннің музыкалды сипаты бар. Бұл тілде екпін түскен буын екпінсіз буыннан тонның жоғары көтерілу сипатымен ерекшеленіп ажыратылады. Ал екпіннің сандық жағының неміс тілінде рөлі болмайды, өйткені ондағы созылыңқы дауыстылар келте дауыстыларға қарсы қойылады да, фонетикалық қызмет атқарады.

Кейбір тілдерде, мысалы, орыс тілінде, екпін сөздердің әр буынына – алғашқы, ортадағы, соңғы буынына да – түсе береді. Екпін арнаулы бір буынға байланбай, ынғайына қарай әр басқа буынға түсе беретін болса, ондай екпін **жылжымалы екпін** деп аталады. Мысалы, орыс тіліндегі екпін – жылжымалы екпін.

Кейбір тілдерде, мысалы, түркі тілдерінде, екпін көбінесе арнаулы бір буынға байланып, басқа буындарға жылжи бермейді.

Екпін белгілі бір буынға телініп тұрақталса, ондай екпін **тұрақты екпін** деп аталады. Түркі тілдері тұрақты екпінге ие тілдердің тобына жатады. Түркі тілдерінде, соның ішінде казак тілінде, екпін сөздің көбінесе соңғы буынына түседі.

Екпіннің түрлері:



1. Сөз ішіндегі бір буынның көтеріңкі айтылуы **сөз екпіні** деп аталады. Қазақ тілінде сөз екпіні, негізінен, соңғы буынға түседі. Мысалы: Бала далада ойнап жүр. Сөз ішіндегі екпін дауысты дыбысқа түседі.

2. **Ой екпіні** — сөйлем ішіндегі ерекше назар аударылатын сөзді окшаулап, бөлектеп айту. Ой екпіні сөйлем ішіндегі сөзді бөлектейді. Мысалы: **Айбек** ерте тұрды. **Айбек ерте** тұрды. Айбек ерте **тұрды**. Ой екпінін түсіру арқылы сөзді айқындау, дәлелдей түсу мақсаты көзделеді. Жазба тілде динамикалық екпіннің қай сөзге түсіп тұрғаны контекстен, оның мән-мағынасынан аңғарылады. Ауызекі сөйлеуде логикалық екпін сөйлеушінің қай сөзге айрықша назар аударуды қажет санап тұрғанын ажыратуға мүмкіндік береді.

3. **Тіркес екпіні** — бірнеше сөздің тіркесе, тізбектеле орнұғас екпінмен бөлектене айтылуы. Бұл көбінесе күрделі сөздерге, негізгі және көмекші сөздердің тіркесіне тән. Мысалы: мектепке дейін, әке-шеше, әдет-ғұрып т.б.

4. **Дыбыс екпіні** — сөз ішінде дыбыстың бөлектеніп, көтеріңкі дауыспен немесе созып айтылуы. Мысалы: па-ай, та-ма-ша! Дыбыс екпіні көңіл-күйін білдіретін сөздерді айтуда қолданылады. Айтылуда сөйлеушінің эмоциясын білдіреді.

5. Буынның біреуі басқа буындардан айрықша күшті айтылуы арқылы ажыратылады. Екпіннің мұндай түрі **лебзді екпін** немесе **динамикалық екпін** деп аталады.

6. Басқа буындардың ішінен бір буын айтылу тонының ырғағы арқылы ерекшеленіп, дауыс шымылдығының дірілінің жиілеуіне негізделеді. Екпіннің бұл түрі **тоникалық** немесе **музыкалды екпін** деп аталады. Екпіннің бұл түріне ие тілдер: қытай, корей, дүнген, жапон, серб, литва және т.б. тілдер.

7. Басқа буындардың ішінен бір буын өзінің құрамындағы дауыстың созылыңқы айтылуы арқылы ажыратылады. Бұл **квантитативтік екпін** деп аталады.

8. Кейбір сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің бірқайсысы өз алдына дербес екпінмен дараланбай, айтылу

жағынан жігі жымдасып, бір ғана екпінге ие болады. Мұндай сөз тіркестеріндегі екпін **фразалық екпін** деп аталады. Фразалық екпіннің, әсіресе сөздер бір-бірімен қосымшалар арқылы емес, орын тәртібі және дауыс тоны арқылы байланысатын және солар арқылы бір-бірінің жігі ажыратылатын түбір тілдерде мысалы, қытай тілінде және аффикстер қолданылатын орында көбінесе жеке сөздер қолданылатын француз тілдерінде айрықша маңызы бар.

Акцентуациялық жақтан жігі ажырамай, бір ғана екпінмен айтылып, ритмикалық бір бүтін топ құрған сөз тіркесінің құрамындағы екпін түспеген сөз екпінді өз бойына тартқан сөздің алдында тұрса, проклитика деп аталады да, соңында тұрса энклитика деп аталады. Мысалы, жөн-жосық, кем-кетік, көл-көсір, мал-мүлік тәрізді қос сөздер мен ән салу, қол қою тәрізді сөз тіркестерінің әрқайсысының алдыңғы сынарлары дербес екпінге ие бола алмай, проклитикаға айналып тұр. Тіл-тілде энклитикаға айналатындар көбінесекөмекші сөздер. Мысалы, сен ғана, үйге дейін, алыс па, жақын ба, айта ғой тәрізді тіркестердің құрамындағы ғана, дейін, па, ба, ғой деген шылау сөздер өз алдына дербес екпінге ие бола алмай, энклитикаға айналған. Сөйлемдегі айрықша назар аударылып айтылған сөзде ой екпіні болады да, ол сөз басқа сөздерге қарағанда, ерекше әуенмен айтылады. Мұндай екпін логикалық екпін деп аталады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Екпінге тән белгілер?
2. Түркі тілдерінде екпін сөздің көбінесе қай буынына түседі?
3. Екпіннің қандай түрлері бар?
4. Қазақ тілінде екпін қабылдамайтын қандай қосымшалар бар?
5. Лебізді екпіннің ерекшелігі неде?
6. Сөз екпінінен тіркес екпінінің айырмашылығы қандай?
7. Екпін категориясын зерттеген ғалымдар?

## **ПС 7. Тақырып: Екпін.**

1. Екпін туралы түсінік.
2. Екпіннің қызметі.
3. Екпін түрлері, ерекшеліктері.
4. Екпін түспейтін қосымшалар.

### **Тапсырмалар:**

1. Екпін түрлеріне сызба сызыңыз.
2. Берілген мәтінді екпіннің дұрыс қойылуын ескеріп, мәнерлеп оқуға жаттығыңыз.

Көрпенің астынан сығалап көріп еді, сағат сегізге он бес минут қалыпты. Ас үй жақтан ыдыс-аяқ сылдыры, мектепке баратын балалардың дабырласып шай ішіп жатқаны білінеді. Енді біраздан соң тарпылдаған аяқ дыбысы молайды да, сыртқы есік қаттырақ жабылып, үй ішіне жым-жырт тыныштық орнады. «Айналайындар-ай, мен қозғала қоймаған соң, арттарына жалтақтап қарай-қарай кетті-ау, – деп ойлады Батырхан балаларын көз алдына келтіріп. – Қайдан білсін, әкелерінің пендей күйге ұшырап жатқанын... Күнде бас-аяғын түгендеп, мектепке өзі шығарып салушы еді, бүгін оған да жараматы».

Балаларын еске алуы мұн екен, басына түскен жағдайдың ауыртпалығы тіпті айқын білініп, онсыз да қонылтақсып жатқан көңілі онан арман құлазып сала берді. Бір мезгілде Үлтуған кірді бөлмеге. Шифонерді ашып – жауып, киініп жатқаны байқалады. Бүгін сәрсенбі – мектепке ерте баратын күні. Не үшін екен, бұған әзірше соқтыққан жоқ. Бірақ тынысы ауырлап, әлсін-әлі күрсіне бергеніне қарағанда, талағы тарс айрылып, долданып жүргені белгілі. Күйеуінің кеше беймезгіл ішіп келгенін кешіре алмай тұр, қызметтен қуылғанын естісе, не боларын құдай білсін.

(Қабдеш Жұмаділев, Бір қаланың тұрғындары).

## **№8 дәріс**

**Тақырып: Дыбыстардың үндесуі және тіркесімі.**

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Дыбыстардың үндесуі туралы түсінік.
2. Дыбыстар үндесуінің түрлері.
3. Дыбыстар тіркесімінің түрлерімен мәні.

1. Адамның тілі дыбыстардан тұрады, яғни ойымызды, сөзімізді дыбыстардың тізбегі арқылы құрастырып, білдіре аламыз. Үндестік заңы – тілде сөздің құрамындағы дыбыстарды ұйыстырып, бүтін сөз етіп тұратын лингвистикалық құбылыс. Ондай құбылыс туыстас тілдер тобына ғана тән. Үндестік заңы дыбыстарды алдымен буынға (егер сөз бір буынды болса), содан кейін буындарды сөзге (егер сөз екі не көп буынды болса) біріктіреді. Үндестік заңы қазақ тілінің іргелі заңдылығы болғандықтан, оның ықпалы тілдегі дыбыстардың айтылымы мен естілімінде басым болады. Дәстүрлі қазақ тілтанымындағы (түркологияда) фонетикалық ережеде үндестік заңын дауыстылардың үндесуі деп түсіндіріп келсе, қазақ тілінде тек дауыстылар ғана үндеседі, ал дауыссыздар көрші дауыстының ықпалында болады делінген. Сонымен қатар дыбыстардың бір-біріне ықпалын да сингармонизм заңдылығына жатқызып келді. Дауыссыз дыбыстардың арасындағы ілгерінді ықпал бойынша (мысалы, әліпби-әліппи, құр қалу-құрғалу, көкбет-көкпет, т.б.) алдыңғы дауыссыз кейінгі дауыссыздың айтылымына (артикуляциясына) әсерін дауыссыздардың сингармонизмі деп атайды. Сөз құрамындағы дыбыстардың жуан-жінішке, еріндік-езулік болып айтылуы сөз просодикасына байланыстылығын көрсетеді. Қазақ тілінің сөз просодикасы үндесім болғандықтан, ол сөз құрамындағы дауысты, дауыссыз дыбыстарға бірдей тен ықпал етеді.

Қазіргі қазақ тілінде түбірмен қосымшаның аралығында қатар келген буындар мен дыбыстардың өзара үйлесімі, яғни тілімізге тән өзімізге мектептен таныс, негізгі үндестік заңдар мынандай болып келеді:

1. Түбірдің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар да жуан буынды болып келеді. Мысалы: мал-шы –лық - та, жылқы - лар-ымыз.

2. Түбірдің соңғы буыны жінішке болса, оған жалғанатын қосымшалар да жінішке болып келеді. Мысалы: мек-теп – тер-ше-ні, қате-лік – тер – ді.

3. Түбірдің соңғы дыбысы дауысты не үнді болса, оған жалғанатын қосымшалар ұян не үндіден басталады. Мысалы: балалар, бала – ға, бала– да, бала– мен.

4. Түбірдің соңғы дыбысы ұян болса, қосымша ұянан басталады. Мысалы: қаз – дар, қаз– ға, жез – ге , жез–ді.

5. Түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымша тек қатаңнан басталады. Мысалы: мақсат– қа, мақсат– тан, мақсат пен.

Бұл заң түбірмен оған жалғанған жалғаудың арасында ғана сақталады.

3. Тілдің тазалығын сақтап, айту, жазудың дұрыс, бұрысын шарықтап, зерделеу үшін тіліміздегі дыбыстардың тіркесімін оқудің маңызы зор. **Дыбыстардың тіркесімі дегеніміз** – сөз шіндегі дыбыстардың бір-бірімен қатар тұру мүмкіндігі, олардың тарихи тұрғыдан қалыптасқан орны. Дыбыстар тіркесімінің әр тілде тарихи түрде қалыптасқан өз заңдылығы бар. Дыбыстар бір-бірімен сол заңдылықтар бойынша тіркеседі. Бұл сайып келгенде, бүкіл бір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан, жүйеге түскен сөйлеу тілінің нәтижесі келген сөз. Олай болатын себебі: белгілі бір тілдегі дыбыстардың тіркесім заңдылығы – әлгі тілдің бүкіл бітімін, сар болмысын айқындап, оның өзге тілдерден айырмашылығы мен ерекшеліктерін көрсетіп тұратын ең басты белгісі болып табылады.

Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесімін сөз ету үшін, оларды: 1) дауыстылардың дауыстылармен тіркесі, 2) дауыстылардың дауыссыздармен тіркесі, 3) дауыссыздардың дауыссыздармен тіркесі деп, үшке бөліп қарастырады.

Дыбыстар бір-бірімен сол заңдылықтар бойынша тіркеседі.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Қазақ тіліндегі дыбыстар үндесуінің мәні неде?
2. Дауысты дыбыстардың үндесуінің ерекшелігі?

3. Дауыссыз дыбыстар үндесуінің ерекшелігі?
4. Дауысты және дауыссыз дыбыстар үндесуінің сипаты?
5. Дыбыстардың қатар тұру мүмкіндігі неге байланысты?

**ПС 8. Тақырып:** Дыбыстардың өзгерістері.

1. Игерулі (комбинаторлық) өзгерістер, олардың ерекшеліктері.
2. Игерусіз (спонтандық) өзгерістер, өзіндік ерекшеліктері.
3. Шектік өзгерістер, олардың түрлері.

**Тапсырмалар:**

1. Басқы дауыссыз л-д-т және д-т-н, д-т түрінде комбинаторлық алмасуға түскен қосымшаларды топтап, себебін түсіндіріңіз.

1-нұсқа.

Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманьың он жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгеінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар. Алтай, Күршім – не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал. Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлді алқалаған ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – алты ай жазы тау еркесі – кнiк болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатқаны. Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды; қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын құшқандай боп, беті шикан дуылдайды, аузы қобыз гуілдейді, мас болады, жас болады: жел жетпеске мініп алып, Алтай тауын дүсірлетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс,

аныс-жұлыс, асыр салып жатқаны. Әлгі Алтайдың аруларын жігітқа тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба қылындай боп, былқ-сылқ етіп бұрандасып, күбірлесіп, көлендесіп, езу тартса – есін кетіп, сұңқыл қакса – шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қия кезеді. Кәп онда емес-ау, жарандар! Бар, қарандар, құлағың сал! Тыңдаушылар аңталаса, кеп құрайын бір тамаша...

(Жүсіпбек Аймауытов, Ақбілек романынан үзінді)

2-нұсқа.

Әлемдегі ең таза, ең аппақ қардың тек осында екендігіне кәміл сенесін. Адам баласының әлі келмейтін, қиялы жетпейтін құдіреттің бар екенін, тауды көргенде, шексіз мойындайсын. Неге екенін, соған Нұртаң іштей қуанды. Ол, әйтеуір, адамдардан әсіресе қолынан бәрі келетіндерден қорқады. Құдайдан өзгенің қолынан бәрі келе бермесе екен деп тілейді. Өйткені қолынан бәрі келетіндер бәрін де істеуден тайынбайды. Өлшеусіз сойқанды өлшеусіз күш қана жасай алады. Күштің кереметіне ақылдың құдіреті жетпей қалуы мүмкін. Ақылды тыңдайтын ақыл ғана. Сондықтан күштің алдына ақыл шықпайынша, адамзатқа тыныштық жоқ. Өмірмен бірге үрейдің де үнемі серік боп келе жатқандығы сол күштің сиқырынан.

(Б.Нұржекеұлы, Мұнтаздай Мұмтаз)

## №9 дәріс

### **Тақырып: Сингармонизм заңы.**

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Сингармонизм заңы туралы түсінік.
  2. Сингармонизмнің түрлері: тіл үндестігі мен ерін үндестігі.
  3. Сингармонизм заңына бағынбайтын қосымшалар.
  4. Байырғықазақсөздерініңсингармониялықбелгілері.
1. Сингармонизм (грек. Sun – бірге және harmonia – байланыс, үндесу) – морфологиялық бірлік ретіндегі сөздің

вокалдық түрленуінің нәтижесі, яғни дауыстылардың өзара бір-бірімен үндесуі. Түркі тілдеріне тән аса күшті заң. Осы уақытқа дейін сингармонизм дауысты дыбыстардың үндесуі немесе буын үндестігі делініп келді: «түбірдегі дауысты жуан болуына қарай оған тікелей көршілес қосымшадағы дауысты да тиісінше жуан болуы алдындағы өзімен тетелес қосымшамен байланысты; біртіндеп, сатылып барып бір буын екінші буынды ілестірумен барабар, сөздегі барлық буындарға арқау дауыстысы». Яғни қосымшадағы дауыстының сипаты түбірдегі дауыстыға байланысты, бірімен бірі үндесіп тұрады.

*Сингармонизмнің басты фонологиялық қызметі* – казак (түрік) сөзінің өн бойында біркелкі тембрдің сақталуында. Бұлай болмаған жағдайда сөз құлаққа жағымсыз естіліп, қабылдауды, түсінуді қиындатады.

## **2. Сингармонизм түрлері.**

Түркі тілдеріндегі байырғы сөздерде сингармонизм екі түрде ұшырасады:

1) Дауысты дыбыстар тілдің қатысы жағынан үндесуі (лингвальдық сингармонизм);

2) еріннің қатысы жағынан бір бірімен үндесуі (лабиальдық сингармонизм).

**Тіл үндестігі немесе лингвальдық сингармонизм** (лат. *linguo*-«тіл» деген сөзі бойынша жасалған) – тілдің қатысы жағынан сөз ішінде дауыстылар не бірынғай жуан дауыстылар, не бірынғай жінішке дауыстылар болып үндесуі. Сөз құрамында соңғы буындардағы дауыстылар алдыңғы буындағы дауыстының әуеніне қарай ыңғайланып айтылады. Сингармонизм заңы бойынша түбір сөздегі дауыстылар қосымшалардағы дауыстылардың әуеніне қарай икемдеп бағындырады. Түбір сөздегі дауысты жуан болса, қосымшадағы дауыстылар соған бағынып жуан болады. Мысалы, ауыл-дар-дан, құс-тар, а-ғаш-тар және т.б. Түбір сөздегі дауысты жінішке болса, қосымшалардағы дауыстылар түбірдегі дауыстыға икемделіп, жінішке түрде жалғанады. Мысалы: үй-лер-дін, мү-ше-ле-рі, ел-дер-ден.



Түбірдегі дауыстылармен үндесе алмайтын бірен-саран аффикстерді (косымшаларды) еске алмағанда, түркі тілдерінде косымшалардың түбір сөзге бағынып жалғануы – оларға тән және қалыптасқан заңдылық.

Түркі тілдерінде косымшасыз түбір сөздің құрамы екі – үш буыннан құралғанда, ол буындардағы дауыстылар да не бірынғай жуан (тамыр, тоқсан), не бірынғай жінішке (көңіл, қоленке) түрде келеді. Бұл айтылғандарды түркі тілдерінен байырғы лексикасына қатысты деп түсіну қажет.

Анығырақ айтқанда, біркелкі жуан буындардан немесе біркелкі жінішке буындардан құралған сөздер көбінесе байырғы сөздер болып табылады. Жуанды-жінішкелі аралас буындардан құралған сөздер басқа тілдерден енген сөздердің тобына енеді. Аралас буынды сөздерге косымшалар соңғы буынның ынғайына икемделіп жалғанады (кітап - қа, мұғалім - ге, антоним - дер).

Лингвальдық сингармонизм өзбек тілінен басқа түркі тілдерінің бәрінде бар. Түркі тілдерінің бәрінде де аффикстердің басым көпшілігі түбір сөздегі дауыстының ынғайына (жуан немесе жінішке болуына) қарай жалғанады да, бірен-саран аффикстер ғана үндесуден сырт қалып, бір нұсқада ғана ұшырасады. Олар мыналар: Қазақ тіліндегі – тікі, (-дікі, - тікі) аффиксі, (баланікі, әкенікі, досымдікі, қарындастікі), -паз: - қор, - кеш, - гөй, хана аффикстері (өнерпаз, білімпаз, дүниеқор, пәлекор, ақылгөй, асхана, шеберхана).

**Ерін үндестігі немесе лабиальдық сингармонизм.** Ерін үндестігі немесе лабиальдық (латын бойынша labialis «еріндік» деген сөзі бойынша жасалған) – сингармонизм. Бастапқы буындағы ерін дауыстының ынғайына қарай, соңғы буындарда ерін дауыстылардың келуі дауысты дыбыстардың ерін қатысы жағынан үндесуі нәтижесінде болады. Дауысты дыбыстардың үндесуі бұл түрі ерін үндестігі немесе лабиальдық сингармонизм өзбек тілінен басқа түркі тілдерінің барлығына тән болатын болса, лабиальдық сингармонизм,

біріншіден, түркі тілдерінің әрқайсысына көріну дәрежесінің өзі әр түрлі.

Қазіргі қазақ тілінде бірінші буында еріндік дауыстылар (о, ө, ұ, ү) келіп, екінші буындаезулік е, ы, іәріптеріжазылса, онда (е,ы, і ) сөзсіз еріндік (ө, ұ, ү) болып айтылады. Мысалы: құлын, бүгін, өмір, мұрындық, бұрым, құмырсқа, деген сөздер: құлұн, бүгүн, уөмүр, мұрұндұқ, бұрұм, құмұрсқа, болыпайтылады. Сол сияқты сөздің басындағы немесе бірінші ашық буындағы ө дыбысы келесі буындағы е дыбысын өзіне жуықтауына қарай естіледі. Мысалы: өнер, өсер, жүрек, көбелек, өлең, көйлек деген сөздер өнөр, уөсөр, жүрөк, көбөлөк, уөлөн, көйлөк болып айтылады.

Мысалы: түркі тілдерінің кейбіреулерінде еріндіктің өзінен кейінгі езулік дауыстылардың тарапынан болса, қайсыбіреулерінде тек қысаң еріндік дауыстылардың тарапынан болады, сондай-ақ түркі тілдерінің кейбіреулерінде алдыңғы буындағы еріндік соңғы буындардағы дауыстылардың бәріне бірдей әсер етсе, енді біреулерінде тек ашық немесе қысаң езулікке әсер етеді. Еріндік дауыстының әсері буын санының мөлшеріне қарай да ажыратылады. Мысалы: түркі тілдерінің кейбіреулерінде еріндік дауыстының әсері барлық аффикстерді қамтып, сөздің өн бойына тарайтын болса, қайсыбіреулерінде сөздің негізін ғана қамтиды, енді біреулерінде аффикстердің біреуіндегі ғана дауыстыға әсер етіп, басқаларына әсер етпейді. Лабиальды сингармонизмнің табиғаты лингвальдық сингармонизмге қарағанда өте-мөте күрделі және оның сөз құрамындағы келесі буындарға әсері түркі тілдерінің әрқайсында әртүрлі болады.

### **3. Сингармонизм заңына бағынбайтын қосымшалар:**

1. Көмектес септіктің жалғаулары: - мен, бен, пен

Мысалы: баламен,жұлдызбен, жолдаспен;

2. Тәуелдік мағынадағы жұрнақтар (иелік форма):

-нікі, -дікі, -тікі

Мысалы: Майранікі, атамдікі, Мақсаттікі;

3. Зат есімнің рен мәнін тудыратын жұрнақтар: - еке, -ке, -сымақ, -тай, -жан

Мысалы: Басеке, кісісымақ.

4. Белгілі бір сөздерге ғана жалғанатын шет тілінен енген жұрнақтар: -кор, -паз, -кой, тал, -дар, -хана, -кер, -гер, -кеш, -кес, -күнем, ов(а), -ев(а), -ин(а), -бей

Мысалы: Енбеккор, өнерпаз, әуеской, сімтал, кіріптар, смхана, айтыскер, каламгер, арбакеш, даукес, пайдакүнем, дуэзов(а), бейтарап.

**Қазақ тілінде буын үндестігіне бағынбай жасалатын күрделі сөздер де бар:**

кос сөздер: салт-дәстүр, некен-саяк, азық-түлік, қыз-келіншек, көрші-қолан, аумалы-төкпелі, аға-іні, т.б.;

біріккен сөздер: Есекқырған, Екібастұз, түйетабан, Алтынемел, көкқұтан, итмұрын, егеуқұйрық, ақсүйек, Аягөз, т.б.;

тіркес сөздер: келе жатыр, көк ала, жақын жер, самал жел, жетпіс тоғыз, алтыншы үй, талдырмаш денелі, т.б.

**4. Байырғықазақсөздерініңсингармониялықбелгілері:**

1. Жуанезулік- жінішке езулік: тыс- тіс, бас -бәс.
2. Жуанеріндік- жінішкееріндік: сол – сөл, от -өт.
3. Жуанеріндік-жуанезулік: от – ат,сұр – сыр.
4. Жуанеріндік- жінішке езулік: тон – тін, тұс – тіс.
5. Жінішкееріндік- жінішке езулік: өт– ет, түр – тер.
6. Жінішкееріндік- жуанезулік: өр– ар, тұс – тас.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Үндестікзанының түрлері?
2. Тіл үндестігінің ерекшелігі?
3. Ерін үндестігінің мәні?
4. Сингармонизм занына бағынбайтын қосымшалар мен сөздер?

**ПС 9. Тақырып:** Сингармонизм заны, оның түрлері.

1. Сингармонизм заны, оның ерекшелігі мен мәні.
2. Сингармонизм заны бойынша зерттеулер.

3. Сингармонизмнің түрлері, ерекшелігі.

4. Ерін үндестігі және оған қатысты мәселелер.

### **Тапсырмалар:**

1. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларға **мысалдар теріп жазу.** (Абай, М. Мақатаев өлендерінен).

2. Орфоэпиялық сөздіктен ерін үндестігіне мысалдар жазып, сипаттама беріңіз.

3. Берілген мәтіндерден ерін үндестігі бойынша айтылатын сөздерді теріп жазыңыз.

1. Достық – адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Дос-жарандардың мінездері әр түрлі болып келуі мүмкін. Мысалы, біреуінде қызбалық не шабандық, екіншісінде тұйықтық не жігерсіздік байқалса да, бұлар достыққа кедергі бола алмайды, қайта нағыз достық осындай кемшіліктерден арылуға көмектеседі. Сатқындық, екі жүзділік, өтірікшілік, өзімшілдік достықпен сыйыспайды. Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде достыққа үлкен көңіл бөлінеді. Халық арасында достық туралы мақал-мәтелдер жеткілікті: «Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады», «Досы жақсының, өзі де жақсы», «Дүниеде адамның жалғыз қалғаны – өлгені, қайғының бәрі соның басында». Достыққа қарама-қарсы ұғым – қастық пен күншілдік. Мұндай сезімге ерік алдырғандар басқанын қуаныш-қызығын, ырыс-бағын көтере алмайды, дос дегеннің не екендігін білмейді. Дұрыс дос тандай білу – өмірлік мақсаттардың бірі; Саясаттанудағы Достық ұғымы мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, мәдени мүдде тұрғысынан ынтымақтастық орнату шараларын бейнелеу үшін қолданылып жүр.

2. Өздері үрпиісіп отырған ауыл мынау ойбайды естіген соң үйлерінен жүгіре шықты. Кимешегін қисық киіп, аяғына

кебіс іле салып шыққан катын, қақырынып-түкірініп, елді басына көтерген отағасылар, мәсісін қоңылтаяк киген, өзінен-өзі ұялатын келіншектер, кең қоныш етік, кең қолтық қаптал киіп, дамбаалының ауы салақтап, семіз болмаса да семіз адамдай талтаң-талтаң басатын жаңа атқа мініп келе жатқан кісімшілер ...сырыған ақсұр бешпетін киіп, қолына асасын алып, зекет жиып жүріп, бір үйде қонып жатқан Темір қожа келіп қалды. Ауылдың жиылуын күтпей-ақ, бадырақтың қатынының ойбайы шыққан соң, Сәрсенбай ұрудан өзі-ақ тоқтап еді. Шолпанда тірлік әсері жоқ, сұлық жатыр. Үстіндегі көйлек пара-пара. Денесі, беті, басы бәрі қан. Аузынан да мұрнынан да қан кетіп жатыр.

(М. Жұмабаев, Шолпанның күнәсі)

### №10 дәріс

**Тақырып: Дауыссыз дыбыстардың ассимиляциясы.**

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Ассимиляция (дыбыс үндестігі) туралы түсінік.
2. Прогрессивті ассимиляция, оның кездесетін орындары.
3. Регрессивті ассимиляция, оның кездесетін орындары.
4. Тоғыспалы ассимиляция, оның кездесетін орындары.

1. Ассимиляция дауыссыз дыбыстардың үндесуі болып табылады. **Түбір мен қосымша аралығында, біріккен сөз сыңарлары жігінде және сөз тіркесі сыңарларының аралығындағы көрші дыбыстардың бір-біріне тигізетін әсерін дыбыс үндестігі (ассимиляция) дейді.**

Қазіргі қазақ тілінде дыбыс үндестігі буын ішіндегі дыбыстардың артикуляциялық жақтан бір-біріне бейімделуіне қарай, негізінен, екі түрде кездеседі.

1. Толық түрде кездесетін ассимиляция.
2. Жартылай түрде ұшырайтын ассимиляция.

Толық түрде кездесетін ассимиляция деп бір дыбыс дәл өзіндей етіп еліктіруін айтады. Мысалы:

**айтылуы: жазылуы:**

Жасса Жазса

Сүссө Сүзсе  
Жұмұшшұ Жұмысшы  
Сөшшөн Сөзшен

Ал, жартылай түрде ұшырайтын ассимиляция деп бір дыбыстың екінші бір дыбысқа дәл өзіндей етіп еліктірмей бір жақты дауыс қатысына қарай айтады. Мысалы: қағазға, тасқа. Осындағы түбірдің соңғы ұян з дыбысының әуенімен қосымшының да басты дыбысы ұянға айналып тұр. Түбір мен қосымшымның біріккен сөздердің және көршілес дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ілгерілі-кейінді әсер етіп өзгеруін ықпал заңы дейді. Дауыссыз дыбыстардың біріне-бірі тигізген әсерінен туатын ықпал заңы қазақ тілінде негізінен, үш топқа бөлінеді:

1. Ілгерінді ықпал (прогрессив ассимиляция)
2. Кейінді ықпал (регрессив ассимиляция)
3. Тоғыспалы ықпал (тоғыспалы ассимиляция)

Тіл ғылымында ілгерінді ықпалды прогрессивтік ассимиляция, кейінді ықпалды регрессивтік ассимиляция деп атайды.

## **2. Прогрессивтік ассимиляция.**

Дыбыстар өзгерісінде прогрессивтік ассимиляцияның мәні үлкен. **Прогрессивтік ассимиляция** - деп бір сөз көлемінде немесе бірнеше сөз аралығында алғашқы дыбыстардың кейінгі дыбысқа артикуляция жағынан өзіне ұқсата ықпал жасауын айтады. Қазақ тілінде сөз ішінде кездесетін ілгерінді ықпалдың мынадай үш түрі бар:

1. Түбір мен қосымшы аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.
2. Біріккен сөз сынарлары аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.
3. Сөз тіркесі сынарлары аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.

Түбір мен қосымшы аралығындағы ілгерінді ықпал қазақ тілінде жиі кездеседі. Түбір мен қосымшы аралығындағы алғашқы дыбыстың кейінгі дыбысқа тигізетін әсерін түбір мен

қосымша аралығындағы ілгерінді ықпал дейді. Түбір мен қосымша аралығындағы, ілгерінді ықпалдың мынадай өзіндік белгілері бар:

1. Сөздің соңғы дыбысы ұян не сонар дауыссыз дыбыс болса, оған жалғанатын қосымшаның басты дауыссыз дыбысы да ұян немесе сонар дыбыс болады. Мысалы: аң-дар, мал-ға, аң-ға, мал-мен, аң-нан.

2. Сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз болса, оған дауыссыз дыбыстан жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы да қатаң болады. Мысалы: кітап-тар, кітап-қа, орақ-тар, орақ-қа.

3. Түбір сөз қатаң ш дыбысына аяқталып, оған жалғанатын қосымша с дыбысынан басталса, айтылуда қосымшаның басындағы қатаң с дыбысы қатаң ш дыбысына айналып естіледі. Мысалы:

**жазылуы айтылуы**

кашсақашша

ашсаашша

ұшсаұшша

шашсыз шашшыз

Біріккен сөз сынарларының аралығындағы ілгерінді ықпалдың мынадай өзіндік белгілері бар:

1. Біріккен сөздің бірінші сынары қатаң дауыссыз дыбысқа бітіп, екінші сынары б дыбысынан басталса, айтылуда бірінші сөздің сонындағы қатаң дыбыстың әсерінен екінші сөздің басындағы ұян б дыбысы қатаң п дыбысына айналып естіледі:

**жазылуы айтылуы**

Жүсіпбек Жүсіппек

Кеңесбек Кеңеспек

2. Біріккен сөздің бірінші сынары не ұян санор дауыссыз дыбысқа бітіп, екінші сынары қатаң дыбыстан басталатын болса, екінші сынарының басындағы қатаң дауыссыз дыбыс ұянға айналып естіледі. Мысалы:

### **жазылуы айтылуы**

Жиенкүл Жиенғұл

Көзқарас Көзғарас.

Сөз тіркесі аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.

Бұл тақырыптың мынадай өзіндік белгілері бар:

1. Сөз тіркестерінің алдыңғы сөзі қатандауыссыз дыбысқа аяқталып, екінші сынары ұян дыбыстан басталса, алдыңғы қатан дыбыстың әсерінен келесі сөздің басындағы ұян дауыссыз дыбысы айтылуда қатанға айналады. Мысалы:

### **жазылуы айтылуы**

алып баралып пар

ток балаток пала

2. Сөз тіркестерінің алдыңғы сөзі дауысты дыбысқа немесе санор, не ұян дауыссыз дыбыстың біріне аяқталып келесі сынардың басқа дыбысы қатан к, к дыбыстарының бірі болса, айтылуда екінші сөздің басындағы қатан к, к дауыссыз дыбыстары ұян г, ғ дыбыстарына айналып естіледі. Мысалы:

### **жазылуы: айтылуы:**

Мол казына мол ғазына

Боз көйлек боз гөйлөк

### **3. Регрессивтік ассимиляция.**

Түбір сөз бен қосымшаның, біріккен сөздің және сөз тіркестерінің аралығындағы соңғы дыбыстың өзінен бұрынғы дыбысқа артикуляциялық жағынан әсер етуін регрессивтік ассимиляция дейді.

Қазақ тілінде регрессивтік ассимиляцияның үш түрі бар:

1. Түбір мен қосымша аралығындағы регрессивтік ассимиляция.

2. Біріккен сөз сынарлары аралығындағы регрессивтік ассимиляция.

3. Сөз тіркестері аралығындағы регрессивтік ассимиляция.

Түбір мен қосымша аралығындағы ассимиляция.

Түбір мен қосымша аралығындағы, кейінді ықпалдың мынадай өзіндік белгілері бар.



1. Түбір сөз қатаң **к, к, п** дауыссыз дыбыстарының біріне аяқталып, оған дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанса, түбірдің сонындағы қатаң **к, к, п** дыбыстары өзгеріп үнді **ғ, г, б** дыбыстарына айналады.

2. Етістіктің түбірі қатаң **п** дыбысына аяқталып, оған қосемшенің **-ып, -іп** жұрнағы жалғанса, түбірдің аяғындағы қатаң **п** дауыссыз дыбысы үнді **у** дауыссыз дыбысына айналады. Мысалы: шап-шауып, сеп-сеуіп т.б.

3. Түбір сөз **н** дыбысына аяқталып, оған **ғ, г, б** дауыссыз дыбыстарының бірінен басталатын қосымша жалғанса, түбірдің сонындағы **н** дыбысы өзгеріліп **ң** немесе **м** дыбысының біріне айналып естіледі. Мысалы:

**жазылуы айтылуы**

Бұрынғы бұрынғы

Жанға жанға

Дүйсенбі дүйсембі

4. Түбір сөз **с, з** дауыссыз дыбыстарының біріне аяқталып, қосымша **ш, с** дауыссыз дыбысынан басталса **с** дыбысы өзгеріп **ш** дыбысына, **з** дыбысы өзгеріп **с** немесе **ш** дыбысына айналып естіледі. Мысалы:

**жазылуы айтылуы**

Бозжанов Божжанов

Оразжан Оражжан

5. Біріккен сөздердің бірінші сыңары **н** дыбысына бітіп, екінші сыңары **б, п, к, ғ,** г дыбыстарының бірінен басталса, бірінші сөздің сонындағы **н** дыбысы **м** немесе **ң** дыбысына айналып естіледі. Мысалы:

**жазылуы айтылуы**

Жанғали Жанғали

Жанпейіс Жампейіс.

**Сөз тіркесі аралығындағы регрессивтік ассимиляция.**

Мұнын мынадай өзіндік белгілері бар:

1. Қатар айтылған екі сөздің біріншісі **к, к, п** дыбыстарының біріне бітіп, екінші сөз **я** дауыссыз, **я** үнді, **я** үян дауыссыз дыбыстан басталса, бірінші сөздің сонындағы **к,**

к, п дыбыстары өзгеріп ғ, г, б дыбыстарына айналып естіледі. Мысалы:

**жазылуы айтылуы**

Көк жиек көгжиек

2. Қатар айтылған екі сөздің біріншісі **з, с** дыбыстарының біріне аяқталып, келесі сөз **ш, с, ж** дыбыстарынан басталса, бұл дыбыстардың әсерінен бірінші сөздің сонындағы **з, с** дыбыстары өзгеріп **ш, с, ж** дауыссыз дыбыстарына айналып естіледі. Мысалы:

**жазылуы айтылуы**

Боз жорға Бож жорға

Тас шаптың ба? Таш шаптың ба?

3. Қатар айтылған бірнеше сөздердің біріншісінің соңғы дыбысы екіншісінің басқы дыбысы дауысты болып келсе, алғашқы сөздің сонындағы дауысты дыбыс түсіріліп айтылады. Мысалы:

**жазылуы айтылуы**

торы ала ат торалат

кісі асына сабыр кісасына сабыр.

**4. Тоғыспалы ассимиляция.**

Сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың біріне-бірі әсер етуінен туатын дыбыстық өзгерістерді тоғыспалы ықпал дейді. Түбір мен қосымша аралығында, біріккен сөз сынарлары аралығында, сөз тіркестері аралығында, алғашқы дыбыстың кейінгі дыбысқа, кейінгі дыбыстың алғашқы дыбысқа, әсер етуінен тоғысып жатады. Сөз сынарлары аралығында келетін дыбыстар біріне-бірі ілгерілі-кейінді әсер етіп, алдыңғы дыбыс кейінгі дыбысқа әсерін тигізіп, соңғы дыбыстың сапасын өзгертеді де, ал соңғы өзгерген дыбыс өзінен бұрынғы дыбысқа әсерін тигізеді. Мысалы:

**жазылуы айтылуы**

Қазанқап Қазанғап.

Сондай-ақ мына біріккен сөздерден байқауға болады.

Досжан Дошшан

Есжан Ешшан

Сөз тіркестері аралығында да байқалады: тас жол – таш жол т.б.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Ассимиляция дегеніміз не?
2. Акустикалық ықпал дегеніміз не?
3. Артикуляциялық ықпал дегеніміз не?
4. Прогрессивті ассимиляция, оның кездесетін орындары?
5. Регрессивті ассимиляция, оның кездесетін орындары?
6. Тоғыспалы ассимиляция, оның кездесетін орындары?

**ПС 10. Тақырып: Дыбыс үндестігі.**

1. Дауыссыз дыбыстардың үндесуі, ерекшелігі.
2. Дауыссыздардың морфема жігінде қатар тұру мүмкінді-  
лігі.
3. Дауыссыздардың сөз аралығындағы қатар тұру мүмкінді-  
лігі.

**Тапсырмалар:**

1. Ілгерінді, кейінгі, тоғыспалы ықпал түрлеріне орфоэпиялық сөздіктен мысалдар келтіріп, түсіндіріңіз.

2. Берілген мәтіндерден ықпал түрлерін тауып, көрсетіңіз.

1. Тау бөктері тұтасқан жабайы алма болатын. Соғыс жылдары біз, жас балалар, қалың бөргезге қол-аяғымызды қызыл ала жоса ғып жырғызып, ұзақты күнге алмадан алма таңдап, сол бөктерде тентіреп жүруші едік. Қышқылтым алма тістегенінде мұз шайнағандай қаршылдайтын. Сәлден кейін тісті қамап қалатын да зар қақтырып бастырмай тастайтын. Сонда да жейтінбіз Тапшылықта қабысқан қарынды алмамен болса да істелеп жұбату керек. Ішіміз көгеріп, ауырсына ыңкылдап жататын кезіміз де көп еді. Қоныр самал соғатын, итмұрын, қаракат, бөргездердің неше алуан иісі аңкитын. Бірақ ақ алманың – жабайы алманың қымыз иісі бәрінен де ерекше еді. Қай жағына қарасаң да бұтақтары сынып кетердей боп иіліп, көзді арбаған ақ алма сықасып тұратын. Тістеріміз жарқырап, қашыр-қашыр шайнайтынбыз.

Кешке карай өрістен кайтқан малмен бірге, алма толы бір-бір дорба-қоржындарымызды аркалап біз де ауылға бет алатынбыз. Ауылдың желке тұсына жеткенде, жолымыздағы көлденең тұрған жалғыз түп үлкен алып алма ағашты айналып өтеміз. Ірі ақ алмалары жерге түсіп төгіліп жатады. Бірақ біз оған жолай алмаймыз. Өйткені, бұралқы кара каншық соның түбіндегі үнгірді мекендеп алған, жылда күшіктейді де, бізді мүлде манайлатпайды. Жакындап кетсек-ақ үнгір түбінен тістері сақылдап, ырылдап, зәре-құтымызды ұшырады.

(С. Мұратбеков, Жабайы алма)

2. Онда бір жас қыз бала әке-шешесін токтатып сөйлейді:

- Наркескен деген алмастай, асыл еді негізін, бірге туған егізім, сен тұрғанда ойлаушы ем, арғымақ ат мінермін, асыл киім киермін, тең-құрбымнан ілгері, мен жарқырапжүрермін, биіктен талап тілермін, ойын-күлкі сауықпен, қызық дәурен сүрермін. Егізімнен айрылып, ақша беттен кан кетті, көнілімнен жан кетті, желкілдеп шыққан көк шөптей, жап-жас кана күнімде, міне бізден сән кетті. Әй, қартымыз, қартымыз, көзіңнің жасын тартыңыз, мен бүгін бір түс көрдім, әжептәуір іс көрдім, түсіме жору айтыңыз: қолдан ұшқан сұңқарым, қайта қонып жүр екен, үйірден жойған тұлпарым, қайта келіп жүр екен, бірге туған құлыным, үйге келіп жүр екен. Бізге құдай берген-ді, кісі көрмес өлген-ді. Баба-түкті Шашты-әзіз, нақ сарт болып кетпесе, хабар алып шырақтан, бір қарлығаш келген-ді...

3. Қарамен берілген сөздерге фонетикалық талдау жасаныз.

Арса-арса **қабырғасындағы** катпар жарасына тиісіп, кара ала төбетті **дiңкелеткен** көк шыбын енді көк ала **дөненин** мазасын алар деп сескенді. Асыққа таласып қызыл шеке болып жүрген екі баланы да: «Қасына **бармаңдар**, асау, теуіп кетеді», - деп қорқытып қойды. Ақ үйге сосын барып кірді. Жаулығының ұшын толарсағына жеткізіп, шұбата тартқан ақ үйдін әйелі қолына кара шайнек ұстап, жер ошак басына беттеді. Бәйгеторы Сейістің шамалы уақытта шыға қоймасын

өтті. Жерге басып салып еді, жаншылып қалған кесірткедей кер **бауырлаған** тарамыс жусан арасы сиреп селдіреп қалған пәніне ілікпеді: өзінің бір түрлі көңірсіген сілті иісі бар екен. Бәйгеторы басын көтеріп алды.

(Ә. Кекілбаев. Бәйге торы)

## №11 дәріс

**Тақырып: Аккомодация.**

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Аккомодация, оның сипаты.
2. Прогрессивті аккомодация.
3. Регрессивті аккомодация.

1. Аккомодация, оның сипаты. **Аккомодация морфемалар жігінде және сөз бен сөз аралығында қатар келген дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, бейімделіп айтылуы.**

2. Прогрессивті аккомодация. Прогрессивтік аккомодацияға мысал: **ат, ет, от, өт** деген сөздерде бір ғана т фонемасы дауыстылардың әсерінен төрт түрлі ренге ие болатынын білеміз. Бұл – буын ішіндегі ықпал.

Дауыстылар мен дауыссыздардың және керісінше, дауыссыздардың дауыстылармен көрші тұруында тарихи замудың нәтижесінде қалыптасқан заңдылық бар. Аккомодация құбылысында қазақ тілінде негізінен дауыстылар дауыссыздарға күштілік жасап, өз ықпалын жүргізеді, көбіне дауыстың қатысы және айтылуы жағынан өзіне бейімдеп тұрады. Мысалы: тарағы (тарақ-ы), ағешкі (ак ешкі), карағой (кара кой) дегендерде дауыстылар дауыстың қатысы жағынан дауыссыздарды игеріп тұр деп түсіну керек.

Ал дауыстылардың артикуляциялық (айтылуы) жақтан әсері дегенде, әсіресе тілдің қалпы жағынан дауыссыздарға етер ықпалын айту керек. Яғни қазақ тілінде дауыссыздардың жуан және жіңішке болып айтылуы көбіне дауыстымен байланысты. Сондай-ақ жақтың, еріннің де ықпалы болады.

Керісінше, дауыссыздар да дауыстыларға азды-көпті әсеретіп тұрады, алайда оларды өзгертуге күштері жете бермейді. Тек **к, ғ** дыбыстары өз маңында үнемі жуан дауыстылардың, **к, г** жінішке дауыстылардың тұруын талап етеді. Осы тұрғыдан **к** дыбысына **ка, ак** деп айту тілдің табиғатымен үйлесе бермейді. Қалған дауыссыздар да дауыстыларға артикуляциясымен әсер етеді. Салыстырыңыз: ес, бес, кес, мес, сес, тес, шеш. Орыс тілінде керісінше дауыссыздардың дауыстыларға ықпалы күшті болады.

Морфемалар жігінде дауыстылар мен дауыссыздар және керісінше, дауыссыздар мен дауыстылар қатар келген кезде әрқашан дауыстылар күштілік жасайды да, аккомодациядағы ықпалдың түрі (прогрессивті, регрессивті) дауыстының орын тәртібімен байланысты болады. Сондықтан аккомодацияны екіге бөліп қарауға болады:

1. Дауысты мен дауыссыздардың үндесуі (прогрессивті аккомодация).

2. Дауыссыздар мен дауыстылардың үндесуі (регрессивті аккомодация).

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Аккомодация деген сөз нені білдіреді?
2. Прогрессивті аккомодация дегеніміз не?
3. Регрессивті аккомодацияның ерекшелігі?

#### **ПС11. Тақырып: Аккомодация.**

1. Аккомодация, оның ерекшелігі.
2. Прогрессивті аккомодация.
3. Регрессивті аккомодация.

#### **Тапсырмалар:**

1. Берілген мәтіннен аккомодацияны тауып, орнын көрсетіңіз, түсіндіріңіз.

...Жүрегінде ар-ұят та, жігер-намыс та бірге өскен. Кедейлігінен, қорғансыздығынан басқа міні жоқ, салмақты, таза тәрбиелі бала - бұл күнде сол не көріп отыр? Әкесі өлгеннен бергі: «ә, құдай, біреудің зорлығын, қорлығын көрсетпе!» деп, тілеген уыз тілегі қайда кетті? Бұрынғы

өйінет, бишаралық былай тұрсын, мынау көрген мазак не? Осыныша қорлау, рәсуәлау не? Әуелден бергі қазаны көруіне осы қаршадай жас баланың не жазығы болып еді? Бүгінгі өмір бойында құлағы естімеген зорлық, зұлымдықты көруге не жазық қылып еді? Қандай арамдық, не бұзық құлқы болып еді? Ешбіріне жауап жоқ. Бірақ қайда жүрсе де, артынан көлеңкесіндей қалмай жүрген бір сорлылық, бір жылау...». Мінеки, автор осындай жауапсыз сұрақтар арқылы күнәсіз қыздың қайыс қамшыдай өрілген қиын өмірін суреттейді.

(М.Әуезов, Қорғансыздың күні)

## №12 дәріс

**Тақырып: Дыбыстық құбылыстар.**

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Дыбыстық құбылыс туралы түсінік.
2. Дыбыстық құбылыстың түрлері.
3. Протеза мен эпентезаның айырмашылығы.

Тілден тілге сөз ауысуы – заңды құбылыс. Мұның өзі сөз байлығын (лексиканы) еселеп байытудың өнімді жолдарының біріне жатады. Кірме сөздің әр түрлі позицияларында тілдің қалыптасқан дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін кейбір жеке дыбыстар мен дыбыс тіркестерінің болуы заңды. Ондай сәйкессіздіктерді реттеу үшін кейде сөздің құрамындағы жеке дыбыстарды түсіруге немесе жаңадан дыбыс қосып айтуға, сол дыбыстармен алмастыруға тура келеді. Тілімізге араб, парсы тілдерінен енген сөздер бұған дәлел. Олардың фонетикалық жақтан игерілгені сонша, көпшіліктің кірмелігі аңғарылады. Олардың ішінде азын аулақ аралас буынды, шәлкес тіркесті сөздер кездесетін болса, оны фонетикалық тіліміздің шалағайлығынан деген жөн. Ертеректе енген орыс сөздерінің игерілуінде де мін жоқ. Мысалы, *бөкебай*, *бөрене*, *ботелке*, *доға*, *қамтит*, *көшір*, *қамыт*, *қарындаш*, *пұт*, *пүліш*, *пеш*, *сәтен*, *сиса*, *сом*, *теңге*, *самауыр*, *сөтке*, *үстел*, *орыс т.б.* Кірме сөздерді игеру үстінде бұрын бар дауыстыны түсіру, жаңадан қосып айту буын құрамын кемітуге немесе

арттыруға мүмкіндік тудырады. Мәселен, қазір күнделікті тілімізде жиі қолданылып жүрген *анкет, газет, контор, минут, нар, секунд, фанер, цифр, шахмат, координат, шпал т.б. сөздер орыс тілінде анкета, газета, контора, минута, пара, секунда, фанера, цифра, координата, шпалы* түрінде айтылып, жазылғаны белгілі. Соңғы екпін түспейтін дауыстының біздің тілімізде айтылмауы бір буынның кемуіне мүмкіндік береді. Керісінше, кірме өздердің буын санының артып кетуі де тілімізде кездесетін құбылыс.

**Дыбыстық құбылыстар** – сөз құрамында болатын әр алуан дыбыстық өзгерістер. Мұның бәрі де айтуды жеңілдетуден, жат сөздерді бастықтырып, дыбыстық игеруден туады.

**Протеза** (грек, prothesis – *алдында тұру*) – сөздің алдынан басы артық дыбыстын қосылуы. Бұл кірме сөздің айтылуын жеңілдету үшін қажет. Мұндай дыбыс дауысты да, дауыссыз да болуы мүмкін. Қазақ тілінде протеза болатын негізінен қысаң дауыстылар. Оларл, **р** дыбыстарынан басталатын кірме сөздердің алдынан жамалады. Олай болатыны қазақ тілінде *лақ, лап, лау, лып, лоқ-лоқ, лүп-лүп* сияқты он шақты еліктеуіш болмаса, байырғы атауыш сөздер бұл дыбыстардан басталмайды. **Ы:** *лаж, лай, лас, лашын, лау, Ылау деп, үй деп* дікілден *Абай, рас, рақат, разы, рай, рақмет, рақым, радио, разъезд, ранг, рапсодия, рация.* **І:** *леген, лекер, леп, рәсім, расуа, рәуіш, рет, реніш, ребус, революция, регресс, редукция, рельс, республика, Ресей.* **Ұ:** *рұқсат, рух, ру, Лұқпан, Роза.* **Ү:** *Рүстем, рөл (роль).*

Қазақ тілінде протезаның күші елеулі, өз алдына буын болып тұрады. Сондықтан жазуда да жағаласып жүреді. Протезаны ескермеу өлеңге нұқсан болар еді.

**Ылайла, ылай оймен тұнығыңды**

(Абай)

**Ырас десең, ырас сөз мен айтайын.**

(«Бекболат» дастаны)

**О, е** бірер сөзде протеза болады: ораза (руза), орамал (румал), ережеп (раждап), орыс (русский). Екі-үш дауыс-



сөзден басталатын орыс сөздері протезамен айтылады: (ы) станция, (ы) стакан, (ы) станок, (ы) стаж, (ы) статус, (і) спектр, (і) спирт, (і) штепсель, (і) штрек, (і) шкив, (і) шпиль, (і) шириц. Айтуда да, жазуда да бірден бір протеза сақталған сөз орыс сөзінің өзі: айтылуы – орыс. Мұны көненің көзі (реликт), тілдің табиғи өзі десе де болады. Осылай және бір сақталған сөз – үстел. Айтылуы - үстөл (стол). Алайда бұл сөз кәзіргі тіл тұтынушылардың қолдануында стол түрінде көбірек айтылып, жазылып та жүр. Мұның өзі тіл мәдениетіне мән бермеудің салдары екені айқын. Араб – парсы тілдерінде де қос дауыссыздан сөз басталмайды. Парсы сөзі, бірде қосымша **-стан** жазудың жұмысы. Дыбысталуы: **-ыстан** (Қазақ - ыстан - бағ - ыстан), **-істан** (Тәжгістан), **-ұстан** (Түрк - ұстан, гүл - ұстан), **-ұстан** (башқұр-ұстан).

**Эпентеза** (гр. *epenthesis* – *қыстырылу*) – сөз ішінде дауыссыздардың арасына дауыстының кірігуі. Бұл да сөздің айтылуын жеңілдетуге негізделген. Ертеректе тілімізге еніп, айтылуына орай жазылатын *бөрене* (*бревно*), *жерсебе* (*жребий*), *кереует* (*кровать*), *көпене* (*копна*), *кінәз* (*князь*), *пүліш* (*плюш*) сөздеріндегі дауыстылар осының айғағы. Протеза мен эпентеза бір-біріне жақын құбылыстар. Айырмашылығы: протеза белгілі бір дыбыстың сөз басына кірігуі; ал эпентеза белгілі бір дыбыстың сөз ортасына қосылып қыстырылуы. Эпентеза орыс тілінде де кірме сөздер құрамында да көбірекұшырасады. Қазақ тілінде де эпентеза көбінесе кірме сөздер құрамында көбірек кездеседі. Мәселен, *смайпер*, *драп* сөздері ауызекі сөйлеу тілінде *сынайпер*, *дырап*, *атлас* (атылас), *экспорт* (экіспорт) түрінде буындалып айтылуы эпентеза құбылысы. Қазақ тілінде кірме сөздерге байланысты көбінесе **пе**, **ке**, **пр**, **др**, **гр** дауыссыздары ортасына эпитезалық өзгеріс пайда болады: *психолог-психолог*, *эксперимент - экісперимент*, *кекс-кекіс*, *кодекс-кодекіс*, *проза - пыроза*, *негр - негір* т.б. Бұл келтірілген мысалдар эпентеза құбылысы. Бірақ, бұл қазақ әдеби тілі орфоэпиясы нормасына қайшы келетін құбылыс. Сондықтан

мұндай құбылыстардың әдеби тілдегі орфоэпиялық нормасын сақтап аусуға тиісті.

**Эпитеза** – протезаға карама-қарсы, сөздің сонынан дыбыс қосылуы. Мысалы: қаса батыр (қас батыр), тапа тал түсте (тап тал түсте), тұпа-тура (түп-тура) немесе сазай (саза), тактай (такта), мүлдем (мүлде).

**Элизия** (лат. *elisiо* – *ығыстыру*) – көрші буындар арасында қатар келген екі дауыстының алдыңғысы түсіп қалуы. Мысалы: карала (қара ала), алалмады (ала алмады), айталмады (айта алмады), жоғаріл (жоғары іл), жаксөнер (жаксы өнер), жаксөлең (жаксы өлең), жыйырмалты (жиырма алты), екайғыр (екі айғыр), мынадам (мына адам), алешкі (ала ешкі). Мұны контактілі элизия дейміз. Ал осы уақытқа дейін редукция түрінде танып келген орны (орын-ы), ерні (еріні), мұрны (мұрыны), қарны (қарыны) сияқты құбылысты контактісіз элизия дейміз. Өйткені ерекше буындағы орын, ерін, мұрын дауыстының түсуі тек қосымшаның басындағы дауыстымен байланысты болып келеді.

**Апокопа** (гр. арокоре – *атиу*) – сөз соңындағы дауыстының түсіп қалуы: анкет, газет, контор, минут, пар, секунд, фанер, шахмат, координат, шпал. Орыс тілінде бұлардың соңында а, ы дыбыстары бар. **Аферезис** – элизияға карама-қарсы құбылыс, яғни бунақта қатар келген екі дауыстының кейінгісі түсуі. Бұл казак тілінде сирек кездеседі. Оның өзінде алдыңғы сөз бір буынды әрі ашық буынды болу керек. Мұндай сөздер санаулы-ақ: **де, же, бұ, (л), о (л), не шылау – да, де, та, те...** Не істейін? Не ішесін? Дегенді тез айтқанда, нестейін? Нешесін? - ге жуықтайды. Элезия бойынша, ністейсін, нішесін болу керек еді. Бұл не сөзінің жойылуына алып барады. Ал не алдың? - деген нелдың, налдың емес, тек неалдың болады. Яғни бір буынды атауыш сөз (не) өз болмысын сақтайтыны байқалады. Ал шылаудың жөні бөлек. Мәселен, жазыпталды (жазып та алды), тұрыптішті (тұрып та ішті), жатыптішті (жатып та ішті), мыспекен (мас па екен).

**Редукция** (лат. *reductio* – қайта оралу, кейін ысыру) – бұл дауыстыларға байланысты құбылыс. Сөз ішіндегі дауыстының көмескіленуі. Редукцияға ұшырайтын да қысан дауыстылар. Қазақ тілі тұрғысынан редукцияны қысан дауыстылардың қайсыбір дыбыстық коршауда әлсіреп, көмескі айтылуы деп түсіну керек. Орфоэпиялық сөздіктерде ондай жағдайда дауыстылар түсіріліп (шартты белгімен) жазылады: *дәр'гер, қат'нас, тәж'рибе, аң'зақ, ад'раңдау, ад'рақ, ед'реңдеу, и'рім, қас'рет, жұд'рық, көб'рек, жұм'ту, көк'рек, түк'рік, мәк'рүк, құд'рет* т.б. А. Байтұрсынұлы оларды алғаш түсіріп жазғаны белгілі. Қазақ тіл білімінде әдетте редукцияға *орны (орын-ы), ерні (ерін- і), мұрны (мұрын-ы), қарны (қарыны -ы)* сияқты сөздердің құрамындағы қысан дауыстылардың түсіп калуын жатқызады. Редукция туралы түсініктерде түсіп калу туралы сөз жоқ. Тек дауыстының сандық, сапалық, жақтан әлсіреуіне назар аударады. Оның өзі алдымен екпінге катысты делінеді. Қазақ тілі тұрғысынан редукцияны қысан дауыстылардың әлсіреп, көмескі айтылуы деп түсіну керек. Қысандардың көмескілігі сонша, сөздің құрамында жазуда да түсіп калып жатады, орфографиялық сөздіктің соңғы басылымында *жасымық, мәкрүк* болып келді. Тіпті *мағына* сөзі көпке дейін *мағына* түрде жазылғаны белгілі. Бұданшығатын қорытынды қазақ тіліндегі қысан дауыстылар *протеза, редукцияға* бейім дыбыстар.

**Метатеза** (гр. орын ауыстыру) – сөз ішіндегі іргелес дыбыстардың не буындардың өзара орын ауысуы. Бұл – айтуды жеңілдетуден туатын құбылыс. Қазақ тілінде қатар келген **пк, пқ** дыбыстары **кп, кп** түрде орындарын ауыстырып айтылады. Мәселен, *әнке, тепкі, тепкішек, шапқыла, түпкір, әнкел* түрде жазылатын сөздер *әкпе, тепкі, текпішек, шақыла, түкпір* түрінде де кездеседі. Бұлай айту ауа жолына орналасқан дыбыстау мүшелерінің жұмысын жеңілдетеді. Содан да өкпе (*өпке*), өрепкі (*өрепкі*), секпіл (*секіл*), қакпа (*қапқа*), қакпан (*қапқан*), қакпак

(қатқақ), кәкпір (кәкпір) сөздері айтылуына орай жазылады. Орфоэпиялық сөздікте лағынет және нағылет түрде жарысып жүрген варианттар да метатезаның ісі. Бұлар ләнет, нәлет болып та кетеді. Сондай-ақ *мегде*, *меңзе* болып жазылатын сөздер *мегзе* түрінде де кездеседі. *Айналу* сөзінің *айлану* болып айтылуы да метатеза құбылысына жатады. **Гапология** (гр. *haploos* – *жеке*, *жай-логия*) – сөз ішіндегі біркелкі (ұқсас) буындар бірінің түсіп қалуы. Мысалы айтуда: *балдар* (*ба-ла-лар*), *арластыр* (*а-ра-лас-тыр*), *минералогия* (*минералология*), *трагикомедия* (*трагикокомедия*). Бұл ықшамдаудың нәтижесі. Бұрынғының шалдары Өтіп кеткен хандардай. Бүгінгінің шалдары Ойнап жүрген балдардай.

(Кердері Әубәкір)

Сондай-ақ **абсорбция** (лат. - жұтылу), **синкопа** (гр. Қысқару), **анаплексис**, **эктлиписис** т.б. терминдер де сөз ішіндегі дыбыстар мен буындардың түсіп қалуын әр қырынан қарастырады.

#### **Бакылау сұрақтары:**

1. Дыбыстық құбылысқа тән белгілер?
2. Дыбыстық құбылыстың сөз ішінде белгілі бір орындарда өзгеруі?
3. Дыбыстық құбылыстың түрлері?
4. Дыбыстық құбылыстардың қажеттілігі, пайда болуы?
5. Элизия мен редукцияның айырмашылығы?

#### **ПС12. Тақырып: Шектік өзгерістер.**

1. Дыбыстық құбылыс туралы түсінік.
2. Дыбыстық құбылыстың түрлері, олардың сипаты
3. Дыбыстық құбылыстың қолданысы

#### **Тапсырмалар:**

1. Дыбыстық құбылыстарға көркем шығармадан мысалдар теріп жазыңыз.
2. Берілген мәтіннен дыбыстық құбылыстарды теріп жазып, түрін анықтап түсіндіріңіз.

Менің көңілім босап кетті. Атамның мына әңгімесі, өзім оймайтын ақынның өлеңінен келтірілген үзінді төбе құйқамды шымырлатып, арқамды аяз қарығандай денем түршікті. Бақытжанның да тырс деп сөйлеуге шамасы жок, толқын бір халде. Мен басымды көтеріп, атам жаққа қарадым. Атамның бұрыл шашы мен қырау басқан мұртының таза күлмен бір түстес екенін енді аңғарғандай көз ала алмадым. Елім деп еңіреп, қанды жалын от кешіп, түтіндемей, соңына дейін алаулай жанып, күл түске енген ардақты атам-ай! Абзал жүрегі күніне сан рет жараланып, азап шегіп, қасірет тартады екен ғой. Мына бүгінгі боранда, сонау Мәскеу түбіндегі, Испанның астан-кестені шығып, өлім мен өмір белдескен қауіпті де қаһарлы жорықты басынан қайта кешірді ме екен?

(*Мұхтар Әуезов, Шуақты күндер*).

### №13 дәріс

**Тақырып:** Графика және орфография.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Орфография туралы түсінік.
2. Морфологиялық принцип, ерекшелігі.
3. Фонетикалық принцип, ерекшелігі.
4. Дәстүрлі принцип, ерекшелігі.

**Орфография** (грек *orphos* – дұрыс, *grapho* – жазамын) – сөздерді дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы және оны қарастыратын тіл білімінің бір саласы. Орфография дыбыстарды (фонемаларды) әріппен таңбалауды, сөздерді, оның бөлшектерін бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазуды, бас әріптердің қолданылуын, тасымал тәртібін белгілейді. Орфография емле мағынасында да қолданылып, тыныс белгілерінің қойылу тәртібін де көрсетеді.

**Орфографиялық принцип** бір сөз екі түрлі не одан көп түрде жазылатын жағдайда соның біреуін таңдап алуды айқындайды. Осы принциптердің (лат. *Principium* – негіз, бастау) негізінде орфографиялық ережелер жасалады. Жазу

ережелері ойды дәл жеткізіп, жазылғанды дұрыс түсіну үшін өте қажет.

Қазіргі дыбыс – әріпке негізделген жазу жүйесінде дыбыстарды (фонемаларды) әріптермен белгілеу орфографияның өзекті мәселесі болып табылады. Сөздің дыбыстық құрамын белгілеуде көбіне-көп басшылыққа алынатын принцип жетекші принцип немесе негізгі, басты принцип делінеді.

**Морфологиялық принцип** – сөздің морфологиялық құрамын ескеріп, морфемалар (сөз және қосымша) құрамында болатын дыбыс алмасуларын елемей, бастапқы қалпын сақтап жазу. Мысалы: *жан, жамбады, жаңғанда* түрде айтылатын сөз формаларға ортақ. Түбір – *жан, сондықтан жан, жанбады, жанғанда* деп жазылады. Ал *жаз, жазса, жазшы, айтуда жаз, жасса, жашишы* алайда түбір (*жаз*) сақталып жазылады.

Морфологиялық принципті фонематикалық принцип деп те атайды. Мұнда бір фонема әр түрлі құбылғанына карама-стан үнемі алфавиттегі бір-ақ әріппен белгіленеді. Бұған жоғарыдағы мысалдан көз жеткізуге болады.

**Фонетикалық принцип** – бойынша сөз айтылуындағыдай жазылады, яғни әрбір әріп фонеманы емес, дыбысты білдіреді. Сонда: *жаз, жасса, жашишы, жан, жамбады, жаңғанда* түрде жазылады да, фонемалық транскрипцияға жуықтайды.

**Дәстүрлі принцип** – сөздің бір кезде жазылып қалыптасқан, дәстүрге айналған түрін сақтап жазу. Бұған қазақ тіліндегі: *хат, хабар, халық, қаһар, жаһан* сияқты сөздерде **х,һ** әріптерін пайдалануды жатқызуға болады. Дәстүрлі принцип тілдің қазіргі қалпына қайшы келуі де, келмеуі де, мүмкін.

**Дифференциялаушы** (лат. *differentia* - *айрым*) принцип дыбыстық құрамы бірдей сөздерді бір-бірінен орфографияның көмегімен айыру. Бұл принцип қазақ тіл білімінде ескерілмейді. Дұрысы, дәстүрлі принцип бойынша *хабар, хал, халық, хан, хат, хош* түрінде жазып жүргендеріміз, о баста

тіліміздегі омонимдерді (*хабар, қал, қалың, хат, хош*) орфографиялық жақтан айырудың нәтижесі деп тусіну керек. Қазақ тілінде 2,5 мың омоним сөз бар, 10-15 сөзді түрлендіріп жазу арқылы бұл мәселені шешу мүмкін емес. Дифференциялаушы принципке тілімізде бір сөздің мағыналық жақтан екіге жарылып, соған орай орфограммасының өзгеруін айтуға болады: *үкімет – өкімет, ауа-әуе т.б.*

Мұндай ережелер:

фонематикалық,

фонетикалық,

тарихи-дәстүрлі, айырым принциптеріне негізделеді.

Фонематикалық принцип көп жағдайда морфологиялық принципке сәйкес келеді, мұнда белгілі бір фонемалық түрленімдер әліпбидегі бір ғана әріппен белгіленеді.

Мысалы, басшы (башшы емес), түнгі (түнгі емес), саудагер (сәудегер емес).

#### **Фонетикалық принцип.**

Фонетикалық принцип бойынша сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгерістері есепке алынып, айтылуы негізінде (естілуінше) жазылады. Қазіргі орфографиялық ереже бойынша кейбір жалқы есімдердің сынарлары фонетикалық принципке негізделген (Ботагөз, Амангелді, т.б.).

#### **Тарихи-дәстүрлі принцип.**

Тарихи-дәстүрлі принцип жазу-сызуы бір графика негізінде қалыптасқан, өзгеріске түспеген тілдерге тән (ағылшын, француз, т.б.). Қазақ жазуында әліпби жиі ауысып отырғандықтан, бұл принцип сирек қолданылады.

Мысалы, тарих, халық, хикая, қаһарман, т.б. сөздердің жазылуы осы принципке негізделген.

#### **Айырым принципі.**

Айырым принципі бойынша дыбыстық құрылымы ұқсас сөздер шартты түрде орфография арқылы ажыратылады: қан – хан, қауып – қауіп, өкімет – үкімет, т.б. Сөздердің бөлек не бірге жазылуы түрлі лексика-грамматикалық топтарды қамтиды да, сөзді, сөз тіркесін, күрделі сөздерді бір-бірінен

жазылатып тұрады. Мысалы, актандақ (сөз) – ак тандақ жер (сөз тіркесі). Сондай-ак сөйлемнің басында тұрған сөздер мен жалпы есімдер бас әріппен танбаланады. Сөздерді тасымалдау ережесі қазақ орфографиясында сөздің буын жүйесіне негізделген.

Жазу – адамдардың қарым-қатынасының бір түрі. Сондықтан, біз жазбаша қарым-қатынастың ерекшелігіне тоқталайық.

Жазбаша сөйлеу «жазу» (жазудың түрлері, әріптің жеке өзі т.б.) деген мағынаны емес «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді.

Сондықтан, жазбаша сөйлеу – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын қамтитын, адамдарын ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Жазбаша сөйлеу біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; бесіншіден жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады.

Жазу графикалық таңбалардың мағыналық жүйесі мен тізбегі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Жазу арқылы адам айтайын деген ойын қағазға түсіріп, екінші бір адамға, жалпы адамзатқа жеткізуді мақсат тұтады, яғни адам ойын басқаға жеткізу үшін жазуды үйренеді.

Бұл салада үйретілетін ең басты мәселе – жазылымның графикасы. Графика, яғни жазу таңбалары – жазу үшін қолданылатын барлық әріптердің таңбалық жиынтығы. Әріптік



таңбалар екі түрде жазылады: баспа түрінде және қол жазба түрінде. Әрбір әріп бас әріп және кіші әріп болып таңбала-нады. Барлық әріптердің жүйелік жиынтығы тілдің алфавитін құрайды. Қазақ тілі графикасының ерекшелігі әріптер қалай жазылса, солай оқылады және басқа тілден енген дифтонг (қосарланған) дыбыстардан басқалары құрамына қарай бір әріп бір таңбаны білдіреді де, бір әріп бір дыбысты көрсетеді.

Жазуды меңгеруде лингвистикалық жақтан үйретілетін келесі мәселе – орфография. Ол – белгілі бір сөзді әріптік таңбалар арқылы дұрыс жаза білудің ережесі. Мұндай ережені оқытпай тұрып, жазуды да, тілді де сауатты меңгеру мүмкін емес.

Тілді үйретуде орфографияға қатысты кездесетін қиындықтар да баршылық. Олар:

- Фонетикалық, морфологиялық, тарихи принциптердің өзгешеліктері мен ерекшеліктерін жан-жақты тексеру;
- Екпінге байланысты дұрыс жазылуды қадағалау;
- Қазақ тіліндегі еріндік, езулік дауыстылардың жазылуына ерекше мән беру;
- Жуан, жінішке дыбыстардың фонемалық қасиетін есте сақтау;
- Дауыссыз дыбыстардың айрықша белгілерін дұрыс меңгеру т.б.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Орфография нені зерттейді?
2. Орфографиялық принциптің түрлері?
3. Морфологиялық принцип неге негізделеді?
4. Фонетикалық принцип неге негізделеді?
5. Дәстүрлі принцип неге негізделеді?
6. Графика дегеніміз не?
7. Тілдік норма дегеніміз не?
8. «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінің» құрылымы қандай бөлімдерден тұрады?

ажыратып тұрады. Мысалы, ақтандақ (сөз) – ақ тандақ жер (сөз тіркесі). Сондай-ақ сөйлемнің басында тұрған сөздер мен жалқы есімдер бас әріппен таңбалаынады. Сөздерді тасымалдау ережесі казак орфографиясында сөздің буын жүйесіне негізделген.

Жазу – адамдардың қарым-қатынасының бір түрі. Сондықтан, біз жазбаша қарым-қатынастың ерекшелігіне тоқталайық.

Жазбаша сөйлеу «жазу» (жазудың түрлері, әріптің жеке өзі т.б.) деген мағынаны емес «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді.

Сондықтан, жазбаша сөйлеу – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын қамтитын, адамдарың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Жазбаша сөйлеу біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; бесіншіден жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады.

Жазу графикалық таңбалардың мағыналық жүйесі мен тізбегі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Жазу арқылы адам айтайын деген ойын қағазға түсіріп, екінші бір адамға, жалпы адамзатқа жеткізуді мақсат тұтады, яғни адам ойын басқаға жеткізу үшін жазуды үйренеді.

Бұл салада үйретілетін ең басты мәселе – жазылымның графикасы. Графика, яғни жазу таңбалары – жазу үшін қолданылатын барлық әріптердің таңбалық жиынтығы. Әріптік

танбалар екі түрде жазылады: баспа түрінде және қол жазба түрінде. Әрбір әріп бас әріп және кіші әріп болып танбала-нады. Барлық әріптердің жүйелік жиынтығы тілдің алфавитін құрайды. Қазақ тілі графикасының ерекшелігі әріптер қалай жазылса, солай оқылады және басқа тілден енген дифтонг (қосарланған) дыбыстардан басқалары құрамына қарай бір әріп бір танбаны білдіреді де, бір әріп бір дыбысты көрсетеді.

Жазуды меңгеруде лингвистикалық жақтан үйретілетін келесі мәселе – орфография. Ол – белгілі бір сөзді әріптік танбалар арқылы дұрыс жаза білудің ережесі. Мұндай ережені оқытпай тұрып, жазуды да, тілді де сауатты меңгеру мүмкін емес.

Тілді үйретуде орфографияға қатысты кездесетін қиындықтар да баршылық. Олар:

- Фонетикалық, морфологиялық, тарихи принциптердің өзгешеліктері мен ерекшеліктерін жан-жақты тексеру;

- Екпінге байланысты дұрыс жазылуды қадағалау;

- Қазақ тіліндегі еріндік, езулік дауыстылардың жазылуына ерекше мән беру;

- Жуан, жінішке дыбыстардың фонемалық қасиетін есте сақтау;

- Дауыссыз дыбыстардың айрықша белгілерін дұрыс меңгеру т.б.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Орфография нені зерттейді?

2. Орфографиялық принциптің түрлері?

3. Морфологиялық принцип неге негізделеді?

4. Фонетикалық принцип неге негізделеді?

5. Дәстүрлі принцип неге негізделеді?

6. Графика дегеніміз не?

7. Тілдік норма дегеніміз не?

8. «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінің» құрылымы қандай бөлімдерден тұрады?

### **ПС 13. Тақырып: Графика және орфография.**

1. Қазақ графикасы, оның калыптасуы.
2. Қазіргі кездегі қазақ орфографиясының принциптері.
3. Принциптерден ауытқитын кейбір жағдайлар.
4. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері.
5. Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктері.

#### **Тапсырмалар:**

1. Орфографиялық сөздіктен түбір тұлғалары өзгеріп, екі және үш түбірден құралған біріккен сөздерді теріп жазыңдар.

2. Орфографиялық сөздіктен араб-парсы тілдерінен енген 20 сөз теріп жазыңдар, олардың дұрыс жазылуын есте сақтандар.

3. Берілген мәтіннен дауысты әріптердің қолданылуына сөздерді теріп жазыңдар.

Әзіл де болса, мен іштей қызғанатынды, іштей булығып, шиыршық атып отыратынды шығардым. Қыз мені шын ұнататынына әлі көзім жетпейді. Оның мені іш тартып, сабақты бірге дайындасқаны тек жанашырлықтанғана болуы мүмкін ғой. Адамға жаны ашып, көмектесіп жіберуі әлі шынайы махаббат емес те шығар. Ал мен байғұс қызды құлай сүйгенімді сезбей қалдым. Ендігі жерде маған онсыз өмір – құр қуыс дүние сияқты. Өзімше Энже – Ғалия-Бану да, мен – Халел боламын. Ал Ибрагим – Исмагил жауыз. Рольдерді осылай бөліп, ойша Исмагилмен жекпе-жекке шығып, жеңіп жүремін. Оқуымды жақсы бітіріп, Энжемен қол ұстасып елге, қазақ сахарасына қайтамын. Мұнда сұлуды көрмеген елдегі туыстар қуанып, құттықтап, ұлан-асыр той жасайды.

(Ш. Мұртаза, Жүрекке әжім түспейді)

4. Берілген сөздерге қосымша жалағаныз.

Инстинкт, астронавт, астрофизик, бандероль, эмаль, экстерн, хлорид, холдинг, факт, финанс, дирижер, диалог.

## №14 дәріс

Тақырып: Орфоэпия.

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Орфоэпия,онын ерекшелігі мен қажеттілігі.
2. Қазақорфоэпиясының нормалары.

**Орфоэпия** (гр. 'orthos' – дұрыс, epos – сөз, сөйлеу) – сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылу ережелерінің жиынтығы. Тілдегі сөздердің айтылуы мен жазылуы бірдей бола бермейді. Сөздерді дұрыс айту нормалары үндестік заңдылықтарына негізделеді. Сөздердің дұрыс айтылуы **орфоэпия** сөздіктерінде көрсетіліп отырады. Орфоэпиялық нормада дұрыс сөйлей білу сөздің әуезділігін сақтауға мүмкіндік береді, сөз құлаққа жағымды естіледі. Орфоэпия тілдің ауызша сөйлеу нормаларын реттеп отырады. Әр тілдің орфоэпиясы сол тілдің басты фонетикалық заңдылықтарына сүйенеді. Мысалы: орыс тілінде сөздің дұрыс айтылуы, негізінде, екпінге байланысты болса, қазақ тілінде сингармонизм заңдылығына байланысты. Қазақ тілінің дыбыс жүйесінде әсіресе дыбыс үндестігі ерекше орын алады. Кейбір зерттеулерде сөздің бірыңғай жуан немес жінішке, бірыңғай езулік немесе бірыңғай еріндік болып айтылуының фонологиялық мәні бар деп көрсетіледі. Мысалы, ен-сон-өн, іс-үн, үн т.б. сөздер сөздің бірінғай жуан немесе жінішкелігі, езулік-еріндігі арқылы ажыратылып тұр. Сондықтан дыбыс үндестігі қазақ тілі орфоэпиялық негізгі нормаларының бірі болып табылады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі дауыссыздардың бір-бірімен үйлестілігі (ассимиляция) айтылуы: [башшы] басшы, [біссіз] бізсіз, [түнгү] түнгі. т.б. орфоэпиялық норма үшін ерекше мәні бар. Орфоэпия ұлттық тілдің қалыптасуы мен дамуына тікелей байланысты. Қоғамдық өмірде шаршысөз (публичная речь) түрлерінің (театр, кино, радио-телевизия хабарлары т.б.) пайда болып, әлеуметтік мәнінің артуы орфоэпиялық нормалардың орнығып, ұлттық сипатқа не болуын жеделдете түсті.

### **Бакылау сұрактары:**

1. Орфоэпиялық норма дегеніміз не?
2. Орфоэпиялық норма неге негізделеді?
3. Ә.Жүнісбековтің қазақ орфрэпиясына қатысты пікірі?

### **ПС 14. Тақырып: Орфоэпия.**

1. Орфоэпия туралы қысқаша мәлімет.
2. Қазақ орфоэпиясының зерттелуі.
3. Орфоэпия және орфография мәселелерінің арақатысы.
4. Орфоэпия және фонетикалық заңдылықтар.

### **Тапсырмалар:**

1. Берілген сөздерді орфоэпиялық норма бойынша көрсетіңіз. Қиғаш, сенбестік, сөмпю, сурет, сұйылу, ұяндық, бауырым, көкөніс, тәкаппар, жайбаракат.

2. Берілген сөздерді орфографиялық норма бойынша жазындар және өзгерістерді түсіндіріңдер.

Аброй, әуліе, батылсыңғаммен, дүнгүрлөтуу, уөздүгетіс, үшпұрұштұғат, шәйғызұу, шөмөлелембеу, сатұушұлқ, пайдағорлұғұ, қырықпұуұн, күліеленуушұлқ, бүкүлғалықтық.

3. Қазақ тілі орфоэпиясының мәселелерін көрсетіңдер. (Ғылыми әдебиеттерге, орфоэпиялық сөздіктерге шолу жасау арқылы).

## **№15 дәріс**

### **Тақырып: Транскрипция.**

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Транскрипция, оның ерекшелігі.
2. Фонематикалық транскрипция, оның сипаты.
3. Фонетикалық транскрипция, оның сипаты.

**ТРАНСКРИПЦИЯ** (лат. *transcriptio* – қайта көшіріп жазу) – белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл бейнелеп көрсету үшін пайдаланылатын шартты белгі. Жазуда бір фонема түрлі әріптермен таңбалануы мүмкін, ал транскрипцияда ол бір таңбамен белгіленеді. Транскрипцияның негізгі қызметі сөздің дыбыстық немесе фонемалық құрамын дәлме-дәл

көрсету, яғни сөздің дыбыстық жағына ғана назар аударылады. Бір әріп ыңғайына қарай түрлі фонемаларды белгілесе, транскрипциялық таңба бір ғана мағынаға не болады. Транскрипция екіге бөлінеді: фонематикалық және фонетикалық.

**Фонематикалық транскрипция** – сөздердің дыбысталуындағы өзгерістерді ескермей, тек фонемаларды жазады, дыбыстар сөздің айтылуына жуықтап беріледі. Мысалы, ору [орху], ки [кый], шикі [шійкі].

**Фонетикалық транскрипция** – сөздердің айтылуындағы дыбысталу ерекшеліктері дәлме-дәл көрсетіледі: қазан қан [Қазанған], ортан бел [ортанбел], сөйсеңбі [сөйсембі]. Әрбір жеке тілдің фонемалық жүйесін айқындауда фонематикалық транскрипция жұмсалса, ал фонетикалық транскрипция барлық тілдердегі дыбыстық ерекшеліктерді түгел көрсету үшін қолданылады. Оқу барысында көбіне фонемалық транскрипцияға жүгінуге тура келеді, яғни сөздер мен сөз тіркестерін, тұтас мәтінді айтылуына біршама жуықтатып жазу қажеттігі туындайды. Жеке дыбыстар мен әріптердің айтылуы мен жазылуындағы айырмашылықтар, көрші дыбыстардың бір-біріне әсері ескеріліп отырады. Қазіргі қазақ тілінде қолданыста жүрген и, у, ю әріптерінің әрқайсысы екі-үш тіпті онан да көп дыбыстарды құрайды: у – ұу-ұшу [ұшұу], үу- жүру [жүрүү]; и – ый- сикыр [сыйқыр]; ю – йу-күй [күйүү], т.б.

Графика тілдегі дыбыстардың шын бейнесін дәл таныта бермейді. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген и, у, ю әріптерінің әрқайсысы екі-үш, тіпті онан да көп дыбысты немесе дыбыстардың қосындысын бейнелейді. Мәселен, бір ғана и әріпінің дыбыстық көрінісі мынадай болып келеді: 1) ый: мый, (жазылуы ми), кый (ки), ыйық (иық), таний (тани), кыйа (кия), кыйын (киын) ій: кій (ки), тій (ти), ійне (ине), ійіс (иіс), бекій (беки), ерій (ери), бійлік (билік), ійір (иір), тійін (тиін); 2) үй: мұхүйт (мұхит), бұлтүй (бұлти), бұртүй (бұрти), жорүй (жори), мұкүйат (мұкият), құрүй (құри), құпүйа

(құпия); 3) ұй: мұрұйт (мұрит), мүлгүй (мүлги), түк- сүй (түкси), үрпүй (үрпи), үсүй (үси), мөлүй (мөли), дүнүйө (дүние). 4) и: институт, университет, инициатива, физика, кино. Қысқасы, дыбыс пен оның таңбасы сөздің жазылуы мен айтылуы үнемі бір-біріне сәйкес келе бермейді. Бұлардың арасындағы осы сәйкессіздікті барынша азайтып, дыбыстық тілді мүмкіндігінше дәл беру үшін лингвистикада арнайы жазу – транскрипция (лат. transcriptie – көшіру) қолданылады. Ғ. Қалиев «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» транскрипция терминін қазақ тіліне «дыбыстанба» деп аударып, оған: (лат. transcription қайта жазу) тіл білімінде ғылыми мақсатта қолданылатын арнайы жазу. Дыбыстанба графикалық, орфографикалық нормаларға байланыссыз сөйлеудің ең нәзік реңктерін мүмкіндігінше дәл беруді көздейді», – деп анықтама берген. Оған мысал ретінде: құрұқ (құрық), танертең (танертен), жанасқан (жана асқан) деген сөздерді келтіреді де, қолданылу мақсатына қарай фонетикалық, фонематикалық болып бөлінетінін айтып, екеуінің ара жігін ажыратып көрсетпейді. Е.М. Арынның редакторлығымен шыққан «Қазақ тілі энциклопедиясында»: «Транскрипция (лат. transcription – қайта көшіріп жазамын) – белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл бейнелеп көрсету үшін пайдаланылатын шартты таңба. Транскрипцияның негізгі қызметі – сөздің дыбыстық немесе фонемалық құрамын дәл көрсету. Бір фонема жазуда (графика) әр түрлі әріптермен таңбалануы мүмкін, ал транскрипцияда ол (фонема) бір ғана таңбамен белгіленеді. Фонематикалық транскрипция әрбір жеке тілдің фонемалық жүйесін айқындап белгілеу үшін жұмсалады да, фонетикалық транскрипция барлық тілдердегі немесе тілдердің тобындағы дыбыстық ерекшеліктерді түгел қамтып көрсету үшін жасалады. Мына төмендегі келтірілген сөздерге тоқталатын болсақ, 1) қат, сат, жат, зат, мат; 2) кет, ет, жет; 3) сот, от, тот, шот, құт, тұт, жұт; 4) сөт, өт, сүт, күт, ондағы т фонемасы дауысты дыбыстардың ықпалымен әр түрлі реңкке ие болып тұр. Бірінші т езулік, жуан; екінші –



езу-лік, жінішке; үшінші – еріндік, жуан; төртінші – еріндік, жінішке. Оның үстіне о, ө дыбыстарының алдынан у, ал е-нің алдынан и дыбысы айтылатыны да ескерілуі тиіс. Бұл ерекшелікті көрсету үшін фонетикалық транскрипцияда айрықша белгілер қолданылады. Мысалы, жуандық белгісі – 1, жінішкелік – 1', жуан еріндік – 1Ә, еріндік жінішкелік – 1' Ә, Ү – ұяң, – қатан: – созылыңқы, < – ашық, // – қысаң т.б. Сонда жоғарыдағы сөздер былай өрнектеледі: к' ет', ж' ет', сӘотӘ, отӘ, шӘотӘ, кӘұтӘ, с' Әөт'Ә, с' Әүт' Ә, к' Әүт' Ә. Асшы, басшы, ашса дегендерді аш:-ы, баш:-ы, аш:-а түрінде (ш: – созылыңқы ш) жазу керек болады», – деп транскрипцияның екі түрін мысалдар арқылы түсіндіріп өтеді. С. Мырзабеков «Қазақ тілінің дыбыс жүйесі» атты кітабында: әдетте транскрипцияның екі түрі жиі пайдаланылады: фонетикалық және фонематикалық. Фонематикалық транскрипцияда бір фонеманың алуан түрлі аллофондары бірақ таңбамен беріледі де, фонетикалық транскрипцияда әртүрлі аллофондар да ескеріледі. Қысқасы, мұның алғашқысы дыбысты (сол арқылы сөзді) айтылуына жуықтатуды, екіншісі дәл беруді мақсат етеді. Ат, ет, от, өт сөздеріндегі т фонемасы дауысты дыбыстардың ықпалымен әр түрлі ренкке ие болады. Бірінші т (ат дегенде) езулік, жуан; екінші – езулік, жінішке; үшінші – еріндік, жуан; төртінші – еріндік, жінішке. Оның үстіне о, ө дыбыстарының алдынан әнтек у, ал е-нің алдынан әнтек й дыбысы айтылатыны да ескерілуге тиіс. Бұл ерекшеліктерді көрсету үшін фонетикалық транскрипцияда айрықша белгілер қолданылады. Мәселен, о – еріндік; / – жінішке; v – ұяң; Λ – қатан; : – созылыңқы; < – ашық; – > қысаң т.б. Сонда жоғарыдағы сөздер былай өрнектеледі: ат, й ет', у ото, у өто'. Ашы, басшы, ашса дегендерді аш:ы, баш:ы, аш:а түрінде (ш: – созылыңқы ш) жазу керек болады», – деп анықтама береді. Жалпы фонетикалық транскрипциядағы таңбалардың жиынтығы фонетикалық әліпби деп аталады, ол мынадай принциптерге негізделеді: 1) әрбір дыбысты белгілеу үшін бір-бір таңба болуы шарт, яғни таңбалардың саны

жеткілікті болуы қажет; 2) белгілі бір дыбыстың айрықша ерекшелігін дәлме-дәл көрсету үшін қосымша диакритикалық таңбалардың болуы міндетті; 3) таңбалардың барлығы да оңай, қолайлы, тез жазуға да, еске сақтауға да ыңғайлы, белгілеуге жеңіл болуға тиіс; 4) дыбыстың (сөздің) айтылуы неғұрлым дәл берілуі керек. 5) бас әріптер мен тыныс белгілері қолданылмайды; 6) қысқартылған сөздер мен сандар толық дыбысталуы бойынша беріледі; 7) сұраулы және лепті әуендер (интонация) әуендік белгілер арқылы беріледі; 8) фонетикалық транскрипцияның мәтіні тік жақшаға, фонематикалық транскрипцияның мәтіні сынық жақшаға алынады; Қазақ ғалымдары келтірілген мысалдарға көңіл аударсақ, «Қазақ тілі» энциклопедиясында транскрипцияланған сөздер транскрипцияның екі түрінде де тік жақшаның ішінде берілген және фонетикалық транскрипцияға келтірілген қазан қап [қазанғап], ортан бел [ортамбел], сейсенбі [сейсембі], сенгіш [сенгіш], отау [уотау], Аманкелді [Амангелді] деген мысалдар фонематикалық транскрипцияның мысалдарына жақын сияқты, өйткені ереже бойынша фонетикалық транскрипцияда фонеманың барлық аллофондары толығымен көрсетілуі тиіс болатын. Қысқасы қазақ ғалымдарының арасында қазақ мәтіндерінің фонетикалық және фонематикалық транскрипциясын беруде бірізділік байқалмайды.

#### **Бакылау сұрақтары:**

1. Транскрипция дегеніміз не?
2. Транскрипцияның қызметі?
3. Транскрипцияның түрлері?
4. Транскрипция қандай принциптерге сүйенеді?
5. Транскрипцияға қатысты мәселелер?

#### **ПС 15. Тақырып: Транскрипцияның түрлері.**

1. Транскрипция туралы түсінік.
2. Фонематикалық және фонетикалық транскрипция, ершелігі мен қолданысы.

### 3. Транскрипцияда берудін шартты белгілері.

#### **Тапсырмалар:**

1. Берілген транскрипциядағы өзгерістерді фонетикалық заңдылықтар негізінде түсіндіріңдер.

Әлтай нанға тоймаушы еді. Басы дәу, үрпек шаш, мойны қылдырықтай, шүңірек көз, томпақ ауыз кара бала болатын. Болбырақ, оқуға олақ, есі-дерті аukatқа ауып кеткен сияқты еді. Сабактан қала береді. Ебі келсе асханаға кезекші болуға тырысады.

[Әлтай / нанға тоймаушед // басы дәу / үрпек шаш / мойнұ ғылдырықтай / шүңүрек көз / томпағ ауұз / кара бала болатын // болбұрақ / оқұуға уолақ / йесідерті / аukatқауұп кеткен / сыйактед // сабактаң ғала береді // йебі гелсе / асханаға / кезекші болууға тырысады //].

# ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫ ПӘНІ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

## 1. Рейтингілік бақылау сұрақтары:

1. Қазақ тілі фонетикасының зерттелу жайы.
2. Тіл дыбыстарының жасалуы, дыбыстау мүшелерінің қызметі.
3. Дыбыс және фонема, олардың ерекшеліктері мен айырмашылығы. Аллофон, әріп, алфавит.
4. Қазақ тілі дыбыстарының құрамы мен түрлері. Дауыстылардың дауыссыздардан айырмашылығы.
5. Дауысты фонемалардың құрамы, олардың артикуляция-акустикалық тұрғыда топтастырылуы.
6. Дауыссыз фонемалардың құрамы, олардың топтастырылуы, сөз ішінде қолданылуы.
7. Дыбысты қарастырудың аспектілері.
8. Кейбір әріптердің дыбыстық бейнесі.
9. Фонетикалық зерттеуде қолданылатын әдістер.
10. Зерттеу және сипаттау мақсатына қарай фонетиканың түрлері.
11. Жақтың қатысына қарай дауыстылардың жіктелуі.
12. Еріннің қатысына қарай дауыстылардың жіктелуі.
13. Дифтонгоидтардың қолданыстық ерекшеліктері
14. Тілдің қатысына қарай дауыстылардың жіктелуі
15. Дауыстылардың айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер.
16. Дауыссыздардың айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер.
17. Дауыссыздардың үн мен салдырдың қатысына қарай бөлінуі.
18. Үнділер, жасалуы, қолданылуы.
19. Үнсіздер, жасалуы, қолданылуы.
20. Аффрикат дыбыстар, олардың емлесі.

21. Жасалу орнына карай дауыссыздардың топтастырылуы.

22. Жасалу жолына карай дауыстылардың топтастырылуы.

23. Буын, оның түрлері, ерекшеліктері, буынға бөлудің қажеттілігі.

24. Дауыс ырғағы, түрлері, грамматикалық мағынаны білдірудегі суперсегменттік қызметі.

25. Сөздердің буын жігі мен морфемалық жігі, буын жылысуы, буын ығысуы. Буынға байланысты қазақ тіл біліміндегі көзқарастар.

26. Екпін, оның түрлері, ерекшеліктері. Қазақ тілі сөздерінің екпінді қабылдамайтын элементтері.

## **2. Рейтингілік бақылау сұрақтары**

1. Ілгерінді ықпал, ерекшелігі, сипаты.

2. Кейінді ықпал, ерекшелігі, сипаты.

3. Тоғыспалы ықпал, ерекшелігі, орындары.

4. Қазақ тіліндегі ерін үндестігі жайлы көзқарастар.

5. Дыбыстар тіркесімі, түрлері, ерекшелігі.

6. Қазақ орфоэпиясының негізгі мәселелері.

7. Үндестік заңы, түрлері, ерекшелігі

8. Игерулі өзгерістер, олардың сөз ішінде қолданылатын орындары, түрлері, ерекшеліктері.

9. Игерусіз өзгерістер, олардың айырмашылығы.

10. Аккомодация, оның түрлері, ерекшелігі.

11. Шектік өзгерістер, олардың түрлері, ерекшелігі.

12. Ассимиляция, оның түрлері, ерекшелігі, орындары.

13. Сингармонизм, оның түрлері, ерекшелігі.

14. Дыбыстардың өзгерістері, түрлері, ерекшелігі.

15. Фонетикалық транскрипция, ерекшелігі.

16. Транскрипция, оның түрлері, ерекшелігі.

17. Қазіргі алфавиттің құрамы. Графика.

18. Қазіргі қолданыстағы алфавиттің тарихы.

19. Қазақ орфографиясының негізгі принциптері, ерекшелігі.

## ФОНЕТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Фонетикалық талдау сөз бен бунақ ішіндегі дыбыстық өзгерістерге, фонемаларға жасалатындығын естен шығармау керек.

Сөзге, мәтінге фонетикалық талдау жасау үшін сол сөз, мәтін орфографиялық нормаға сай жазылуы керек.

Сөздің жазылуы бар да, айтылуы бар, олар барлық жағдайға сәйкес келе бермейтіні белгілі. Сондықтан сөзді, мәтінді дұрыс естілуі бойынша транскрипцияда көрсету қажет. Алмасуға ұшырайтын дыбысқа қай дыбыс әсер етіп тұр, ықпалдың түрі қандай – мұны бағыттамакою арқылы түсіндіруге болады. Дыбыстан дыбысқа қарай жүргізілген бағыт сөздің жоғарғы жағында болса, онда ол акустикалық ықпал болғаны, сөздің төменгі жағында болса – артикуляциялық. Ықпалдың екі түрі де бір мезгілде болса, бағыттама сөздің жоғарғы жағында да, төменгі тұсында да тұрады. Мысалы:

1/ акустикалық: ак бала [ак пала], гүлдер [гүлдөр],  
қызықты [қызықты]

2/ артикуляциялық: жанбады [жамбады], мактанба  
[мактамба], сенген жоқ [сеңген жоқ]

3/ акустика-артикуляциялық: аман келді [амангелді],  
бес жыл [бешшыл], жазшы [жашшы]

Берілген сөйлемді не мәтінді бунаққа бөле отыра, транскрипцияда көрсетіледі. Яғни, сөйлемдегі сөздердің сөйлеу кезінде тұтасып немесе жеке-жеке тұрмай, топ құрап, әрқайсысы өзіндік екпін, ырғақпен айтылады. Осындай топтарды ырғақтық топ немесе бунақ дейді. Әр бунақта бір-ак екпін болады. Оны бунақ екпіні дейді. Тек бір бунақ құрамында келген сөздер аралығындағы дыбыстар бір-біріне ықпал жасай алады. Бунақтар бір-бірінен көлбеу сызықтар арқылы ажырайды.

*Мысалы:* Адамды дәреже жеткізбейді, білім жеткізеді.  
[адамды / дәреже жеткізбейді / білім жеткізеді//].

Берілген сөйлем не мәтін ішіндегі белгілі бір сөзге талдау жасағанда, бірінші сол сөздегі дыбыс, әріп, фонема сандарына назар аударамыз. Сондықтан сол сөздің жазылуы мен айтылуы ескеріледі.

**Дауыстылар мен дауыссыздардың айтылуы мен жазылуындағы ерекшелік:**

**1. Ақ балта [акпалта]**

*Себебі:* Сөз бен сөздің аралығында **к** -қатаң, **б** – ұяң, яғни қатаң өзінен кейін қатаңды талғайды да, **б** фонемасы **п** фонемасы ретінде айтылады.

**2. Әркім [әргім]**

*Себебі:* Морфемалар жігінде **р** – үнді, ал **к** – қатаң. Үнді дауыссыз дыбысы өзінен не үнді, не ұяңды талап етеді. Сондықтан **к** фонемасы **г** фонемасы болып айтылады.

**3. Көгөнтүп [көгөнтүп]**

*Себебі:* **ө** – еріндік дауысты дыбыс болғандықтан, өзінен кейінгі **е** фонемасын өзіне ұқсатып **ө** фонемасы ретінде айтылады.

**4. Күнбалық [күмбалық]**

*Себебі:* Морфемалар жігінде **б** – жасалу орнына байланысты ерін фонемасы. Ал **н** – жасалу орнына байланысты тіл алды фонемасы. Сондықтан **б** фонемасы **н** фонемасын өзіне ұқсатып, **м** фонемасы болып айтылады.

**5. Елкезбе [елгезбе]**

*Себебі:* Морфемалар жігінде **к** – қатаң дауыссыз дыбыс, ал **л** – үнді дауыссыз дыбыс. Үнді дауыссыз дыбыс өзінен кейін үнді, не ұяңды талап етеді. Сол себепті **к** фонемасы ұяңданып **ғ** фонемасы болып айтылады.

**6. Ауыл [ауұл]**

*Себебі:* Морфемалар жігінде **у** – үнді дауыссыз фонема болғанмен, еріндік күші басым болғандықтан, өзінен кейін **ы** фонемасын **ұ** фонемасы ретінде айтылады. Одан кейін дауысты, дауыссыз дыбыстардың санына, буын жігі түрі анықталады. Мысалы: киім [кйім] – 4 әріп, 5 дыбыс, 1 дауысты фонема, 3 дауыссыз фонемақатысқан, 2 буын, кі –

ашық буын, йім – бітеу буын деп сипаттама беріледі. Сондай-ақ, мәтіннен жеке сөзді не бунақты алып, оның құрамындағы дыбыстарға сипаттама беріледі. Яғни, дауысты, дауыссыз дыбыстардың жіктелуі бойынша сипатталады. Назар аударыңыз: жоғары оқу орнында фонетика курсы бойынша дауысты, дауыссыз дыбыстардың жіктелуі мектеп бағдарламасынан өзгеше. Яғни, дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай /т.к.к./ жуан, жіңішке, жақтың қатысына қарай /ж.к.к./ ашық, қысан, жартылай ашық, еріннің қатысына қарай /е.к.к./ еріндік, езулік болып бөлінеді. Мысалы, аналарға, үйімізді деген сөздерді айтылуы бойынша көрсетеміз: [аналарға], [үйүмүздү], яғни жазудың жетегінде кетпеу керек. Талдау кезінде тек фонемаға сипаттама беріледі, [аналарға] деген сөзде а дейтін бір-ақ дауысты фонема, 4 дауыссыз фонема, [үйүмүздү] деген сөзде ү бір дауысты фонема, 4 дауыссыз фонемабар. Яғни, а – үннің қатысына қарай /ү.к.к./ дауысты, тілдің қатысына қарай /т.к.к./ жуан, жақтың қатысына қарай /ж.к.к./ ашық, еріннің қатысына қарай /е.к.к./ езулік.

Ү – ү.к.к. дауысты, т.к.к. жіңішке, ж.к.к. қысан, е.к.к. еріндік.

Дауыстылардан кейін дауыссыз фонемаларға сипаттама беріледі. Дауыссыз дыбыстардың жіктелуі: үн мен салдырдың қатысына қарай /ү.с.к.к./ үнді, ұян, қатан, айтылу жолына қарай /а.ж.к./ қабысыңқы (тоғысыңқы, шұғыл), жуысыңқы (ызын), айтылу орнына қарай /а.о.к./ тіл фонемасы, ерін фонемасы болып бөлінеді.

Мысалы, н – үннің қатысына қарай /ү.к.к./ дауыссыз, үн мен салдырдың қатысына қарай /ү.с.к.к./ үнді, айтылу жолына қарай /а.ж.к./ қабысыңқы, айтылу орнына қарай /а.о.к./ тіл фонемасы, тіл алды.

р – ү.к.к. дауыссыз, ү.с.к.к. үнді, а.ж.к. діріл жуысыңқы, а.о.к. тіл фонемасы, тіл алды.

Белгілі бір сөздің буын үндестігіне, дыбыс үндестігіне бағынатындығы және ондағы ықпалдың, үндесудің түрлері



ажыратылады. Мәселен: үйімізді [үйүмүзді] деген сөз үндестік заңы бойынша буын үндестігіне бағынады, яғни, бұл сөз бірыңғай жінішке дауыстылардан болып тұр, сонымен қатар ерін үндестігіне де бағынады [үйүмүзді], сондай-ақ морфемалар жігінде ұян дауыссыз фонемалар қатар келіп, акустикалық ілгерінді ықпалға ұшырайды.

Берілген сөздің жазылуда басшылыққа алынатын орфографиялық принциптің (морфологиялық, фонетикалық, дәстүрлі) түрін анықтаудың маңызы зор. Олардың сипаттамасы:

### **Орфографиялық принцип түлері:**

Морфологиялық принцип:

- Жанғанда сөзінің жазылуында дыбыстық алмасуларды елемей, бастапқы қалпын сақтап жазуда **морфологиялық принцип** басшылыққа алынады.

- Балапанға сөзінің жазылуында болатын дыбыстық алмасуды елемей, бастапқы қалпын сақтап жазуда **морфологиялық принцип** басшылыққа алынады.

- Бақайкүрт сөзінің жазылуында морфемалар жігінде болатын дыбыстық алмасуды елемей, бастапқы қалпын сақтап жазуда **морфологиялық принцип** басшылыққа алынады.

Фонетикалық принцип:

- Ботагөз сөзінің жазылуында сөз айтылуындағыдай жазылып, **фонетикалық принцип** басшылыққа алынады.

- Қолғап сөзінің жазылуында сөз айтылуындағыдай жазылып, **фонетикалық принцип** басшылыққа алынады.

Дәстүрлік принцип:

- Халық сөзінің жазылуы дәстүрге айналып, жазылуында **дәстүрлік принцип** басшылыққа алынады.

- Қаһар сөзінің жазылуы бір кезде қалыптасқан, дәстүрге айналып, жазылуында **дәстүрлік принцип** басшылыққа алынады.

Сонымен, қазақ тілінің дыбыс жүйесін танып білуде дыбыс, фонема, әріп сияқты негізгі ұғымдардың, орфография мен орфоэпияның арақатынасы, сингармонизм, ассимиляция,

аккомодация, олардың түрлерін, буын, бунақ, фонетикалық құбылыстардың сипатын айқындап, саралап алуды қажет етеді. Талдауда фонетикалық заңдылық, өзгерістер камтылып, белгілі бір жүйеге түсіріледі.

### **Фонетикалық талдаудың жүйесі.**

1. Берілген мәтінді транскрипцияда көрсету.
2. Берілген сөздегі дыбыс пен әріптің, фонеманың санын анықтау.
3. Берілген сөздегі екпін түрін анықтау.
4. Берілген сөздің буын жігін ажырату және түрін анықтау.
5. Берілген сөздегі дауысты және дауыссыз фонемаларды сипаттау.
6. Үндестік заңы бойынша:
  - 1) Сингармонизм заңына бағынатындығын анықтау (тіл үндестігі, ерін үндестігі)
  - 2) Ассимиляция заңы бойынша анықтау (прогрессивті, регрессивті, тоғыспалы)
  - 3) Аккомодация заңы бойынша анықтау (прогрессивті, регрессивті).
7. Берілген сөздегі фонетикалық құбылыстың түрін анықтау (протеза, элизия, эпентеза, редукция, гаплогогия т.б.)
8. Берілген сөздің жазылуда басшылыққа алынатын орфографиялық принциптің түрін анықтау (морфологиялық, фонетикалық, дәстүрлі).

## ФОНЕТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

### №1 фонетикалық талдау үлгісі

Маржангүл Түлкібайға қорқынышының себебін ұяла отырып, лажсыздан білдіруге душар болды.

(Н.Ғабдуллин, Сарғайған жапырақ)

1. [Маржангүл/ түлкібайға/ қорқунушунун себебін ұялотұрұп/ ылашшыздан білдіруге/ дұшар болду//]

2. Лажсыздан [ылашшыздан]

1. 9 әріп, 10 дыбыс, 4 дауысты, 6 дауыссыз фонема.

34. Екпін [ылашшыздан] сөз екпіні.

4. 4 буын А-ВАВ-ВАВ-ВАВ: ашық-бітеу-бітеу-бітеу.

5. **Дыбысты фонемаларға сипаттама:**

[ы] – ү.к.к. – дауысты, т.к.к. – жуан, ж.к.к. – қысаң, е.к.к. – езулік.

[а] – ү.к.к. – дауысты, т.к.к. – жуан, ж.к.к. – ашық, е. к.к. – езулік.

[л] – ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. – үнді, ж.ж.к. – жанама жуысыңқы, ж.о.к. – тіл фонемасы, тіл алды.

[ш] – ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. – қатаң, ж.ж.к. – жайылыңқы жуысыңқы, ж.о.к. – тіл фонемасы, тіл алды.

[з] – ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. – ұян, ж.ж.к. – жинақы жуысыңқы, ж.о.к. – тіл фонемасы, тіл алды.

[д] – ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. – ұян, ж.ж.к. – тоғысыңқы, ж.о.к. – тіл фонемасы, тіл алды.

[н] – ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. – үнді, ж.ж.к. – тоғысыңқы, ж.о.к. – тіл фонемасы, тіл алды.

**II. Сингорманизм заңы бойынша:**

а) Тіл үндестігі бойынша бірінғай жуан.

ә) Ерін үндестігі жоқ.

**Ассимиляция заңына бағынады:**

[ылашшыздан] – тоғыспалы ассимиляция.

**Аккомадация заңы бойынша:**

Аккодомация жок.

### III. Фонетикалык кұбылыс бойынша:

[ылашшыздан] – протеза.

IV. *Лажсыздан* сөзінің жазылуында **морфологиялык принцип** басшылыкка алынады.

### №2 фонетикалык талдау үлгісі

Шілденіныстығына соғыстың от-жалынынын кызуы косыла ма екен, әйтеуір, сол жаз қазан қайнатар ыстық болды.

[шілденің ыстығына/ соғұстұнуотжалыныныңызуы/ қосұла мекен/әйтөуір/ сол жаз/ қазан ғайнатар ыстықболды//]

[қазанғайнатар] – 13 әріп, 13 дыбыс, 1 дауысты, 8 дауыссыз фонема, 5 буын.

Екпін сөздің соңғы буынына түсіп тұр.

ВА – ВАВ – ВАВ – ВА – ВАВ

[ а ] – ү.к.к. дауысты, т.к.к. жуан, ж.к.к. ашық, е.к.к. езулік

[ к ] – ү.к.к. дауыссыз, с.к.к. қатаң, а.ж.к. тоғысыңқы, а.о.к. тіл фонемасы, тіл арты.

[ з ] – дауыссыз, ұян, жинақы жуысыңқы, тіл фонемасы, тіл алды.

[ н ] – дауыссыз, үнді, тоғысыңқы, тіл фонемасы, тіл арты.

[ ғ ] – дауыссыз, ұян, жуысыңқы, тіл фонемасы, тіл арты.

[ н ] – дауыссыз, үнді, тоғысыңқы, тіл фонемасы, тіл алды.

[ т ] – дауыссыз, қатаң, тоғысыңқы, тіл фонемасы, тіл алды.

[ р ] – дауыссыз, үнді, діріл жуысыңқы, тіл фонемасы, тіл алды.

1. Сингармонизмзаңына бағынады:

- тіл үндестігі бойынша бірынғай жуан.

2. Ассимиляция заңына бағынады:

[қазанғайнатар] – тоғыспалы ассимиляция.

Қазан қайнатар сөзінің жазылуында морфологиялык принцип басшылыкка алынады.

### №3 фонетикалық талдау үлгісі

Содан бері көл бойынжағалай қонған жұрт айна бетіндей жарқыраған қасиетті айдын көлді «Балқаш көлі» деп атаған екен.

[содам бері /көл бойұн жағалай қонғанжұрт /айна бетіндей жарқыраған қасиеттайдыңгөлді/балқашгөлү дебатаған//]

[айдыңгөлү] 10 әріп, 9 дыбыс, 4 жуан, 5 жінішке, 4 буын, ВА-ВАВ-ВА-ВА тұйық, бітеу, ашық, ашық.

#### Дыбыстарға сипаттама:

[а]- ү.к.к.дауысты, т.к.к. жуан, ж.к.к ашық, е.к.к. езулік

[ы]-дауысты,жуан, қысан, езулік

[ө]-дауысты, жінішке, жартылай ашық, еріндік

[ү]- дауысты,жінішке, қысан, еріндік

[й]- ү .к.к дауыссыз, с.к.к. үнді, ж.к.к жайылыңқы жуысынқы, ж.о.к. тіл фонемасы, тіл алды

[д]- дауыссыз, ұян,тоғысынқы, тіл фонемасы, тіл алды

[н]- дауыссыз, үнді, жуысынқы,тіл фонемасы,тіл ортасы

[г]- дауыссыз, ұян, тоғысынқы, тіл фонемасы, тіл арты.

[л]- дауыссыз, үнді, жанама жуысынқы, тіл фонемасы,тіл алды

Ассимиляция заңына бағынады:

[айдыңгөлү]- сөз бен сөздің арасындағы тоғыспалы ассимиляция

«айдың көлі» сөзінің жазылуында морфологиялық принцип басшылыққа алынады.

(Дархан Бейсенбекұлы. Балқаш көлі)

### №4 фонетикалық талдау үлгісі

Оны Мұзтаудың асуында Аксудың әкімі Құрбан – кожа қолға түсірді де, Маншын генералына бұлдап тұрып сатты.

(«Дарабоз» К. Жұмаділов)

[ уоны / мұзтаудұн асұуында/аксұудын әкімі/құрбан ғожа  
колға түсүрдүдө/маншын генералына/бұлдап тұрұп сатты // ]

[құр/бан ғо/жа]- 10 әріп, 10 дыбыс, 4 дауысты, 6 дауыссыз,  
4 буын.

ВАВ-ВАВВА-ВА

[ұ]- ү.к.к. дауысты, т.к.к. жуан, ж.к.к. қысаң, е.к.к. еріндік

[а]- дауысты, жуан, ашық, езулік

[о]- дауысты, жуан, жартылай ашық, еріндік

[к]- ү.к.к. дауыссыз, с.к.к. қатаң, а.о.к. тоғысынқы, ж.о.к.  
тіл фонемасы, тіл арты

[р]- дауыссыз, үнді, жуысынқы, діріл жуысынқы, тіл  
фонемасы, тіл алды.

[б]- дауыссыз, ұян, тоғысынқы, ерін, іштей еріндік

[ң]- дауыссыз, үнді, тоғысынқы, тіл фонемасы, тіл арты

[ғ]- дауыссыз, ұян, жай жуысынқы, тіл фонемасы, тіл алды

[ж]- дауыссыз, ұян, жайылынқы жуысынқы, тіл фонемасы,  
тіл алды

1) Сингормонизм заңы бойынша:

Тіл үндестігі бойынша бірінғай жуан.

2) Ассимиляция заңына бағынады:

[құрбан ғожа] – акустикалық тоғыспалы ассимиляция

Құрбан-қожа сөзінің жазылуында морфологиялық принцип  
басшылыққа алынады.

## №5 фонетикалық талдау үлгісі

Жылқышы жігіт үшін жылдар бойы жан баласына  
білдірмей жасырып өткен жұмбақты махаббатын ақырғы  
сапарға аттандырғанда өзі де ішінде болғанына қуанды.

[жылқышы жігіт үшін/ жылдар бойы/ жам баласына  
білдірме/ жасырып өткен/ жұмбақты махабатын/ ақырғы  
сапарға аттандырғанда/өзүдө ішінде болғанына ғұуанды//]

**Аттандырғанда** [аттандырғанда], 13 әріп, 7 дыбыс, 2  
дауысты, 5 дауыссыз фонема.

Екпін: *сөз екпіні* [аттандырғанда].

Буын: [ат|тан|дыр|ған|да], 5 буын, тұйық-тұйық-тұйық-тұйық-ашық, АВ-ВАВ-ВАВ-ВАВ-ВА.

1. Дыбыстарға сипаттама

[а] – ү.к.к. дауысты, т.к.к. жуан, ж.к.к. ашық, е.к.к. езулік.

[ы] – ү.к.к. дауысты, т.к.к. жуан, ж.к.к. қысаң, е.к.к. езулік.

[т] – ү.к.к. дауыссыз, ү.с.к.к. қатан, ж.ж.к. тоғысыңқы, ж.о.к. тіл фонемасы, тіл алды.

[н] – ү.к.к. дауыссыз, ү.с.к.к. үнді, ж.ж.к. жайылыңқы жуысыңқы, ж.о.к. тіл фонемасы, тіл алды.

[д] – ү.к.к. дауыссыз, ү.с.к.к. ұян, ж.ж.к. тоғысыңқы, ж.о.к. тіл фонемасы, тіл алды.

[р] – ү.к.к. дауыссыз, ү.с.к.к. үнді, ж.ж.к. діріл жуысыңқы, ж.о.к. тіл фонемасы, тіл алды.

[ғ] – ү.к.к. дауыссыз, ү.с.к.к. ұян, ж.ж.к. жуысыңқы, ж.о.к. тіл фонемасы, тіл арты.

2. Сингорманизм заңы бойынша: *тіл үндестігі*, бірыңғай жуан.

3. Ассимиляция заңына бағынады: *прогрессивті акустикалық ассимиляция*.

4. Аттандырғанда сөзінің жазылуында морфологиялық *принцип* басшылыққа алынады.

### **№6 фонетикалық талдау үлгісі**

Көрпенің астынан сығалап көріп еді, сағат сегізге он бес минут қалыпты.

[көрпөнүң астынан / сығалап көрүб йеді / сағат сегізге омбес минут қалыпты//]

#### **Көрпенің|көрпөнүң|**

1. 8 әріп, 8 дыбыс

2. 2 дауысты, 5 дауыссыз фонема

3. 3 буынды ВАВ-ВА-ВАВ –бітеу-ашық-бітеу

4. Екпін [көрпөнүң]

5. [o] – ү.к.к. - дауысты, т.к.к. – жінішке, ж.к.к. – жартылай ашық, е.к.к. – еріндік;

[y] – ү.к.к. – дауысты, т.к.к. – жінішке, ж.к.к. – қысаң, е.к.к. – еріндік;

[k] – ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. – қатаң, ж.ж.к. – тоғысынқы, ж.о.к. – тілфонемасы, тіл алды;

[p] – ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. – ұяң, ж.ж.к. – діріл жуысынқы, ж.о.к. – тіл фонемасы, тіл алды;

[п] - ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. – қатаң, ж.ж.к. – тоғысынқы, ж.о.к. – ерін фонемасы;

[н] – ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. -үнді, ж.ж.к. тоғысынқы, ж.о.к. – тіл фонемасы, тіл алды;

[һ] - ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. -үнді, ж.ж.к. тоғысынқы, ж.о.к. – тіл фонемасы, тіл арты;

**Сингармонизм заңы бойынша:**

а) тіл үндестігі бойынша бірынғай жінішке

ә) ерін үндестігі сақталып тұр: [көрпөнүн]

**Ассимиляция заңы жоқ.**

**Аккомодация заңы бойынша:**

[көрпөнүн] – прогрессивті аккомодация

**Көрпенің сөзінің жазылуында морфологиялық принцип басшылыққа алынады.**

**№7 фонетикалық талдау үлгісі**

Бұлар шашуға деп балаға жейдесін, бір қап ұн, құнан қой әкелетін.

(Ғ.Мұстафин, Қыз шоғы).

[бұлар/ шашуғадеп /балаға жейдесін/ бірқапұн/ құнаң ғой әкелетін//]

**I. Шашуға [шашуға]**

1. 6 әріп, 7 дыбыс

2. 2 дауысты, 3 дауыссыз фонема

3. 3 буынды ВА-ВАВ-ВА; ашық-бітеу-ашық

4. Екпін [шашуға]



5.[a] – ү.к.к – дауысты, т.к.к. – жуан, ж.к.к. – ашык, е.к.к. – езулік;

[ʏ] – ү.к.к. – дауысты, т.к.к. – жуан, ж.к.к. – кысаң, е.к.к. – еріндік;

[ш] – ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. – катан, ж.ж.к. – жайылыңкы жуысынқы, ж.о.к. – тіл фонемасы, тіл алды;

[y] – ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. – үнді, ж.ж.к. – жинақы жуысынқы, ж.о.к. – ерін фонемасы;

[ɣ] – ү.к.к. – дауыссыз, ү.с.к.к. – ұян, ж.ж.к. – тоғысынқы, ж.о.к. – тіл фонемасы, тіл арты;

## **II. Сингармонизм заңы бойынша:**

а)Тіл үндестігі бойынша бірыңғай жуан;

ә)Ерін үндестігі жоқ;

### **Ассимиляция заңы бойынша:**

[шашұуға] – прогрессивті ассимиляция;

### **Аккомодация құбылысы жоқ;**

**III. Шашуға сөзін жазуда морфологиялық принцип басшылыққа алынады.**

## ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

### I нұсқа

**1. «Материалы к изучению киргизского наречия» еңбегінің авторы**

1. В. Радлов
2. А.В. Старчевский
3. Л.З. Будагов
4. Н.И. Ильминский
5. П.М. Мелиоранский

**2. «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» еңбегінің авторы**

1. В. Радлов
2. А.В. Старчевский
3. Л.З. Будагов
4. Н.И. Ильминский
5. П.М. Мелиоранский

**3. «Краткая грамматика казах-киргизского языка» еңбегінің авторы**

1. В. Радлов
2. А.В. Старчевский
3. Л.З. Будагов
4. Н.И. Ильминский
5. П.М. Мелиоранский

**4. «Дыбыстарды жіктеу» туралы мақаланың авторы**

1. А. Байтұрсынов
2. К. Жұбанов
3. І. Кенесбаев
4. Ғ. Мұсабаев
5. Х. Досмұхаметұлы

**5. «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм» еңбегінің авторы**

1. А. Байтұрсынов
2. К. Жұбанов
3. І. Кенесбаев

4. Ж. Аралбаев
5. Х. Досмұхаметұлы
- 6. «Опыт словаря тюрских наречий» еңбегінің авторы**

1. В. Радлов
2. А.В. Старчевский
3. Л.З. Будагов
4. Н.И. Ильминский
5. П.М. Мелиоранский

**7. Фонетиканы дыбыс жүйесі деп атаған ғалым**

1. І. Кенесбаев
2. Ғ. Мұсабаев
3. Қ. Жұбанов
4. А. Байтұрсынов
5. М. Томанов

**8. Фонетиканың зерттеу мақсатына қарай салалары**

1. Сипаттамалы, тарихи
2. тарихи, салыстырмалы
3. Салғастырмалы, сипаттамалы, тарихи, салыстырмалы
- 4 Салғастырмалы, сипаттамалы
5. Салғастырмалы, салыстырмалы

**9. Қазақ сөздерін алғаш орыс графикасымен жазған**

**ғалым**

1. В. Радлов
2. Н.И. Ильминский
3. Ы. Алтынсарин
4. А.В. Старчевский
5. Л.З. Будагов

**10. Тұңғыш қазақша-орысша сөздіктің авторы**

1. З Қ. Жұбанов
2. А. Байтұрсынов
3. В. Радлов
4. Н.И. Ильминский
5. Л.З. Будагов

**11. А. Байтұрсыновтың жіктеуі бойынша шала дауыстылар**

1. а, е, о, ұ, ы
2. р, н, л, м, н, у, й
3. и, у
4. ә, ө, ү, і
5. а, ә, ы, і, ұ, ү, о, ө, е

**12. Сингармонизмді тандайлық әуенді заң деп атаған ғалым**

- 1 Т. Қордабаев
- 2 Басымұлы Қажым
- 3 Ж. Аралбаев
- 4 Х. Досмұхаметұлы
- 5 І. Кенесбаев

**13. Сөйлеу дыбыстарының акустикалық қасиеттерін қарастыратын әдіс**

1. Соматикалық
2. Акустикалық
3. рентгенографикалық
4. кинофотоға түсу
5. палатографиялық

**14. Дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерін айқындайтын әдіс**

1. Акустикалық
2. кимографтық
3. спектографтық
4. осциллографтық
5. соматикалық

**15. Бір дыбыстың айтылуындағы ауытқу немесе рен**

1. Дыбыс
2. әріп
3. аллофон
4. әуен
5. тон

**16. Пассив дыбыстау мүшесі**

1. тіл
2. жұмсақ таңдай

3. дауыс шымылдығы
4. көмей
5. ерін

### **17. Леп арқылы жасалатын дыбыстар**

1. Дауыстылар мен үнділер
2. қатан жуысыңқы дауыссыздар мен қатан аффрикаттар
3. қатан тоғысыңқы
4. ұяң жуысыңқы дауыссыздар мен ұяң аффрикаттар
5. ұяң тоғысыңқы

### **18. Актив дыбыстау мүшесі**

- 1 көмей
2. мұрын қуысы
3. тіл
4. жак
5. мұрын

### **19. Дауыс арқылы жасалатын дыбыстар**

1. Дауыстылар мен үнділер
2. қатан жуысыңқы дауыссыздар мен қатан аффрикаттар
3. қатан тоғысыңқы
4. ұяң жуысыңқы дауыссыздар мен ұяң аффрикаттар
5. ұяң тоғысыңқы

### **20. Тонның жасалуына қатысатын дыбыстау мүшелері**

1. көмей
2. тіл ұшы
3. мұрын қуысы
4. дауыс шымылдығы
5. тіс

## **II нұсқа**

### **1. Фонетиканың қарастыратын мәселесі?**

1. дыбыстардың түрлері үндесуі, буын, екпін
2. Сөз тіркесі, екпін, сөйлеу
3. орфография, сөз, сөйлем
4. орфоэпия, құрмалас сөйлем
5. буын, сөйлем, сөз тіркесі, жұрнак

### **2. Тарихи фонетика**

1. туыс тілдерінің дыбыстық жүйесін салыстыра зерттеу  
2. тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық жүйесін салыстыру

3. туыстығы жоқ тілдердің дыбыстық жүйесін салыстыра зерттеу

4. тілдің дыбыстық жүйесін тарихи тұрғыдан салыстыру  
5. дыбыстардың пайда болуын ғылыми тұрғыдан зерттеу

**3. Қазақ сөздерін алғаш орыс графикасымен жазған**

**ғалым**

1. Л. З. Будагов  
2. В. В. Радлов  
3. М. А. Терентьев  
4. А. В. Старчевский  
5. Н. И. Ильминский

**4. Дауыссыз дыбыстардың тіркесу заңдылығына**

**алғаш көңіл бөлген ғалым**

1. Л. З. Будагов  
2. В. В. Радлов  
3. М. А. Терентьев  
4. А. В. Старчевский  
5. Н. И. Ильминский

**5. "Сіздер "Қырғыз" деп жүрген халық өзін қазақ деп атайды, қазақ тілі түркі халықтарының ішіндегі ең таза, ең бай тіл" қай ғалымның сөзі**

1. П. М. Мемюранский  
2. В. В. Радлов  
3. Е. А. Алектров  
4. А. В. Старчевский  
5. Н. И. Ильминский

**6. Тюркологияның атасы атанған ғалым**

1. П. М. Мелиоранский  
2. Н. И. Ильминский  
3. Е. А. Алектров  
4. А. В. Старчевский  
5. В. В. Радлов

## **7. Дыбыстың таңбасы**

1. морфема
2. дыбыс
3. Сөз
4. әріп
5. фонема

**8. Түркі тілдеріне "фонема" емес, "сингармема" деген атаудың лайықты болатынын дәлелдеген ғалым**

1. С. Мырзабеков
2. А. Байтұрсынов
3. В. Радлов
4. Ә. Жүнісбеков
5. Б.одуэн де Куртенэ

## **9. Анатомия - физиологиялық аспект**

1. дауыстыларға дауыссыздардың ықпалы  
2. дыбыстарды фонема тұрғысынан фонемалардың қызметі тұрғысына қарай

3. ырғағы, күші, әуені созылыңқылығына қарай
4. дыбыстау мүшелері мен олардың қызметіне қарай
5. акустикалық, артикуляциялық белгілеріне қарай

## **10. Лингвистикалық аспект**

1. дауыстыларға дауыссыздардың ықпалы  
2. дыбыстардың фонема тұрғысынан фонемалардың қызметі тұрғысына қарай

3. ырғағы, күші, әуені созылыңқылығына қарай
4. дыбыстау мүшелері мен олардың қызметіне қарай
5. акустикалық, артикуляциялық белгілеріне қарай

## **11. Езулік дауыстылар**

1. о, ө, ү, у
2. а, ә, ы, і, е, и
3. а, о, ұ, ы, і
4. и, е, ы, і, ү, ұ
5. ы, і, о, ә, у

## **12. Жартылай ашық дауыстылар**

1. е, ө

2. а, ә
3. ә, о
4. ұ, а
5. е, и, ә

**13. Дауыстылардың жіктелуі**

1. жуан, үнді, ызын
2. жуан, жінішке, ашық, қысаң еріндік, езулік
3. ашық, қысаң, еріндік, қатаң
4. үнді, ұяң, еріндік, қатаң, шұғыл, ызын
5. тіл алды, тіл ортасы, тіл арты

**14. II-IX ғасырлардағы көне түркі ескерткіштерінде "ә"**

**фонемасының болғанын дәлелдеген ғалым**

1. Е. Д. Поливанов
2. Н. А. Кононов
3. Н. В. Юшманов
4. В. В. Радлов
5. Ә. Жүнісбеков

**15. Орыс тілінен енген дауыссыздар**

1. в, ф, х, ц, ч
2. л, м, я, ч
3. р, и, у, ы
4. б, ғ, д, ж
5. к, ғ, н

**16. Дауыссыздардың айтылу жолына қарай бөлінуі**

1. ашық, қысаң
2. тіл, ызың, қысаң
3. ерін, тіл, көмей
4. шұғыл, ызың, діріл дауыссыздар
5. үнді, ұяң, қатаң

**17. Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесінің түрлері**

1. біріккен сөз аралығында
2. Сөйлем, морфема
3. түбір, түбір мен қосымша, сөз бен сөздің аралығында
4. қысқарған, біріккен, түбір сөз аралығында
5. Сөз бен сөйлем аралығында



### **18. Тұйық буын**

1. дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталатын буын
2. дауыстыға аяқталатын
3. дауыссыздан басталып, дауыстыға бітетін буын
4. жеке дауыстыдан тұратын буын
5. соны дауыссызға аяқталатын буын

### **19. Дауыссыздардың айтылу жолына қарай бөлінуі**

1. ерін, тіл, көмей
2. тіл, тіс
3. тіл ортасы, тіл алды, тіл арты
4. еріндік, езулік, жак
5. ызың, шұғыл, діріл

### **20. Ерін фонемалары**

1. т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р
2. ғ, г, к, қ, ң
3. й
4. п, б, ф, в, м, у
5. т, д, с, з, ш, ж, ч, ц, к, ғ, х, н

### **21. Шұғылдауыссыздар**

1. к, қ, г, ғ, х, д
2. т, д, с, з
3. п, б, ф, в, м, у
4. п, б, т, д, к, г, ғ
5. ф, в, с, ш, ж, з, х

### **22. Қос дауыссыздарға біткен зат есімдер**

1. бұлт, кілт, салт, ұлт
2. Жөнелт, кенелт, ойлант
3. құрс, дүрс, тырс, мырс
4. бұлк, бұлт, салт, жөнелт
5. селк, қалш, данқ, ант, жент

### **23. Артикуляциялық (жак, ерін) жақтан жуық**

#### **фонемалар**

1. ә, а
2. ү, ө
3. ы, ұ

4. ы, а

5. и, у

**24. Қатан, ұян болып жұптасып келетін екі дауыссыздардың екі сыңары да шұғыл ызын әріптер**

1. п-б, т-д, к-г

2. ғ-ң, с-ш, т-с

3. ж-з, т-с, ф-в

ф-б, с-д, ч-ж

4. ғ-т, п-б, д-ж

**25. Буынға тән басты белгілер**

1. дауысты дыбыстың болуы

2. мағына болуы

3. үндестік заңына бағынуы

4. дауысты дыбыстан басталуы

5. дыбыстық үнем

**26. Ә дыбысының сипаттамасы**

1. жінішке, еріндік, жартылай ашық

2. езулік, жуан, ашық

3. жінішке, еріндік, қысан

4. жінішке, езулік, қысан

5. жінішке, езулік, ашық

**27. Аффрикат дыбыс**

1. ш

2. ж

3. р

4. ц

5. й

**28. Қатан, ызын, ерін фонемасы**

1. п

2. х

3. в

4. ф

5. б

**29. Қос бүйір фонема**

1. й

2. р
3. ү
4. ч
5. л

### **30. Көрші дыбыстардың ілгерлі-кейінді қарсы әсері**

1. ілгерінді ықпал
2. кейінгі ықпал
3. тоғыспалы ықпал
4. жартылай ықпал
5. толық игеру

### **III нұсқа**

#### **1. Салыстырмалы фонетика**

1. туыс тілдерінің дыбыстық жүйесін салыстыра зерттеу
2. тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық жүйесін салыстыру

3. туыстығы жоқ тілдердің дыбыстық жүйесін салыстыра зерттеу

4. тілдің дыбыстық жүйесін тарихи тұрғыдан салыстыру
5. дыбыстардың пайда болуын ғылыми тұрғыдан зерттеу

#### **2. Сипаттамалы фонетика**

1. туыс тілдерінің дыбыстық жүйесін салыстыра зерттеу
2. тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық жүйесін салыстыру

3. туыстығы жоқ тілдердің дыбыстық жүйесін салыстыра зерттеу

4. тілдің дыбыстық жүйесін тарихи тұрғыдан салыстыру
5. дыбыстардың пайда болуын ғылыми тұрғыдан зерттеу

#### **3. "Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы" деп аталатын еңбектің авторы**

1. Л. З. Будагов
2. В. В. Радлов
3. М. А. Терентьев
4. А. В. Старчевский
5. Н. И. Ильминский

#### **4. Фонема туралы ілімнің алғаш негізін салған ғалым**

1. С. Мырзабеков
2. А. Байтұрсынов
3. В. Радлов
4. Ә. Жүнісбеков
5. IБодуэн де Крутенэ

### **5. Салғастырмалы фонетика**

1. туыстық тілдердің дыбыстық жүйесін салыстыра зерттеу

2. тілді өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық жүйесін зерттеу

3. туыстығы жоқ тілдің дыбыстық жүйесін салыстыра зерттеу

4. тілдің дыбыстық жүйесін тарихи тұрғыдан қарастыру

5. дыбыстардың пайда болуын ғылыми тұрғыдан зерттеу

### **6. Жақтың қатысына қарай жіктелуі**

1. қатаң, ұяң

2. үнді, ұяң

3. жуан, жінішке

4. еріндік, езулік

5. ашық, қысаң

### **7. Тіл фонемалары**

1. т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р

2. ғ, г, к, қ, ң

3. й

4. п, б, ф, в, м, у

5. і, т, д, с, з, ш, ж, ч, ц, к, ғ, х, ң

**8. "қатаң, ұяң" болып жұптасып келетін дауыссыздардың екі сыңары да шұғыл әріптер**

1. п-б, т-д, к-г

2. қ-ғ, с-ш, т-с

3. ж-з, т-с, ф-в

4. ф-в, с-з, ш-ж

5. ғ-т, п-б, д-ж

### **9. Дауыстылардың жіктелуі**

1. шұғыл -ызын

2. үнді- үнсіз
3. катан- ұян
4. еріндік-езулік
5. Көмей, діріл

**10. Жуан, жартылай ашық, лабиаль дауысты дыбыс**

1. о
2. ұ
3. а
4. ә
5. і

**11. Келте дауысты дыбыстар**

1. а-ә
2. о-ө
3. ұ-ү
4. ы-і
5. ұ-о

**12. Ызын дыбыс**

1. д
2. к
3. г
4. ғ
5. м

**13. Діріл дыбыс**

1. ү
2. й
3. р
4. л
5. г

**14. Жартылай ашық дауыстылар**

1. а, ә
2. ы, і
3. и, у
4. о, ө, е
5. ұ, ү, ы, і

**15. Фонациялық ауаның кілт үзілуінен пайда болатын**

## **дыбыстар тобы**

1. фонема
2. буын
3. дыбыс
4. әріп
5. екпін

### **16. Буын жігі дұрыс ажыратылмаған сөз**

Кө-зіл-ді-рік

ба-ла-пан

ой-ын-шық

бұр-ғы

дом-бы-ра

### **17. Дифтонг дыбыс**

1. ә
2. ө
3. ы
4. і
5. ұ

### **18. У және еріндік дауыстылармен қатар тұрып айтылу мүмкіндігі жоқ дыбыстар**

1. ә, е, н, ө, і
2. о, ө, е
3. е, ы, і
4. о, ө, ұ, ү
5. а, ы, ұ, о

### **19. Бірінғай қатаңдауыссыз дыбыстар қатысқан сөз**

1. Тасбақа
2. Қапшық
3. Себеп
4. Сұрақ
5. Балық

### **20. Фонетиканы "дыбыс жүйесі" деп атаған ғалым**

1. Кенесбаев
2. І. Жұбанов
3. А. Байтұрсынов

4. Х. Досмұхаметұлы

5. І. БасымҒлы

**21. Прогрессивті аккомодация**

1. дауыссыз бен дауыстының үндесуі

2. дауысты мен дауыссыздың үндесуі

3. дауыстылардың үндесуі

4. еріндік дауыстылардың үндесуі

5. бірыңғай жуан болып үндесу

**22. Ассимиляция**

1. Көрші тұрған дауыстылардың үндесуі

2. Көрші тұрған дауыссыздардың үндесуі

3. Еріндіктердің үндесуі

4. Жуан дауыстылардың үндесуі

5. Жінішке дауыстылардың үндесуі

**23. Орфографиялық ережеге сәйкес жалғанған жалғау**

1. банктан

2. банкіге

3. бакты

4. банкта

5. БАНККА

24. Ерін үндестігі кездесетін сөз

1. биыл

2. адамды

3. доптар

4. оны

5. бұршак

**25. Тоғыспалы ықпал**

1. аттылар

2. сенбеді

3. бес жыл

4. тарағы

5. алдыңғы

**26. Акустикалық кейінді ықпал**

1. ойыншық

2. ойынпаз

3. ойынға
4. жазса
5. басшы

**27. Артикуляциялық ілгерінді ықпал**

1. күш жак
2. шет жер
3. жас бала
4. айтса
5. Сөзшен

**28. X әрпіне аякталатын сөзге қосымша жалғанады**

1. жуан
2. жіңішке
3. аралас
4. ұяннан басталады
5. үндіден басталады

**29. Сөздің бір кезде жазылып қалыптасқан түрін сақтап жазу**

1. фонетикалық
2. морфологиялық
3. дәстүрлі
4. дифференциялаушы
5. синтаксистік

**30. Сингармонизмге бағынбайтын қосымша**

1. -дің
2. -ді
3. -дікі
4. - а
5. - мыз



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
2. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы, 1988.
3. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы, «Сөздік-Словарь», 1999.
4. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1981.
5. Оразбаева Ф.Ш., Сағидолла Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова К., Исабекова Ұ., Қасабек Қ., Балтабаева Ж., Мұхамеди К., Рахметова Р., Көпбаева Ж. Қазіргі қазақ тілі: Оқулық. – Алматы, Print-S, 2005.
6. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі: Оқулық. – Алматы: «Эверо», 2008.
7. Жүнісова М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2008.
8. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2002.
9. Бейсенбаева К.А. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1973.
10. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы, 2009.
11. Орфоэпиялық сөздік. – Алматы, 2007.
12. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 2002.
13. Жүнісбек А. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі. – Алматы, 2005.
14. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998.
15. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. Оқу құралы. – Алматы, Зият Пресс, 2006.

## МАЗМҰНЫ

|  |     |
|--|-----|
| Алғы сөз.....  | 3   |
| 1. Фонетика пәні және оның зерттеу нысаны, салалары.....                     | 5   |
| 2. Фонетиканың зерттелу тарихы.....  | 11  |
| 3. Дауысты дыбыстар (вокализмдер).....                                       | 15  |
| 4. Қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының құрамы мен жүйесі (консонантизмдер)..... | 22  |
| 5. Буын.....   | 29  |
| 6. Дауыс ырғағы.....   | 33  |
| 7. Екпін.....  | 35  |
| 8. Дыбыстардың үндесуі және тіркесімі.....                                   | 39  |
| 9. Сингармонизм заңы.....  | 43  |
| 10. Дауыссыз дыбыстардың ассимиляциясы.....                                  | 49  |
| 11. Аккомодация.....   | 57  |
| 12. Дыбыстық құбылыстар.....   | 59  |
| 13. Графика және орфография.....   | 65  |
| 14. Орфоэпия.....  | 71  |
| 15. Транскрипция.....  | 72  |
| Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы пәні бойынша бақылау сұрақтары.....         | 78  |
| Фонетикалық талдау.....  | 80  |
| Фонетикалық талдаудың үлгілері.....  | 85  |
| Тест тапсырмалары.....   | 92  |
| Пайдаланылған әдебиет.....   | 107 |

Подписано в печать 23.08.2017 г.  
Формат 60×90 1/16. Гарнитура Times.  
Тираж 500 экз. Заказ № 1427.  
Отпечатано в ТОО «Полиграфия СК»,  
ул. Конституции Казахстана, 11.

к/о

~~310000~~

---

ОУНБ Петропавловск



0065 5224